

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

ОӘЖ 343.85

Қолжазба құқығында

**ШАЙДОЛЛАЕВА АЙСУЛУ НУРГАБЫЛОВА**

**Жасы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын  
алу жолдарын дамыту**

7М04201-Құқықтану

Заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік  
диссертация

Атырау 2025 ж

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қорғауға жіберілді:

Факультет деканы

\_\_\_\_\_ Уталиева Р.С.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Магистрлік диссертация

**ЖАСЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫН ДАМУ**

Білім бағдарламасы: 7М04201-Құқықтану

(ғылыми-педагогикалық бағыт)

Магистрант

\_\_\_\_\_

А.Н.Шайдоллаева

Ғылыми жетекші,

заң ғылымдарының кандидаты

\_\_\_\_\_

Ж.Б.Шаяхметова

Кафедра меңгерушісі

\_\_\_\_\_

А.Е.Мухамедина

Норма-бақылау

\_\_\_\_\_

С.Б.Альдешова

Атырау 2025 ж

## **БЕЛГІЛЕНУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚК	Қылмыстық кодексі
ҒЗ	Ғылыми зерттеулер
ҚК	Қылмыстылық
ҚҒ	Қоғам
ҚРЗ	Қазақстан Республикасының заңы
ҚАК	Қылмыстық атқару кодексі
ҚПК	Қылмыстық процестік кодексі
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	4
1 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘНІ, МАЗМҰНЫ, БЕЛГІЛЕРІ	
1.1 Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтарының теориялық аспектілері.....	9
1.2 Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтарының көрсеткіштерінің белгілері (жағдайы, құрылымы, динамикасы) .....	18
2 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ	
2.1 Кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктері.....	25
2.2 Кәмелетке толмағандардың психо-физиологиялық ерекшеліктерінің мазмұны.....	36
3 ЖАСЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ	
3.1 Кәмелеттік жасқа жетпегендердің құқықбұзушылықтарының алдын алудың құқықтық тұрғыдағы аспектілері.....	44
3.2 Шет мемлекеттердегі кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтарының алдын алу жолдары.....	50
ҚОРЫТЫНДЫ.....	59
ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ.....	61

**А.Н.Шайдоллаеваның заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алу үшін  
магистрлік диссертацияға түйіндеме  
«ЖАСЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫН ДАМУ»  
Ғылыми жетекші – Шаяхметова Жанна Бекполовна, заң ғылымдарының  
кандидаты, қауымдастырылған профессор**

**Негізгі сөздер (7-10 сөз):** қылмыстылық, детерминация, криминогендік деңгейі, темперамент, эмансипация, профилактика, социум, қылмыстылық динамикасы.

*Түйіндеме:*

*Өзектілігі мен жаңалығы:* Өскелең ұрпақта адамгершілікті көзқарастар қалыптастыру, салауатты мінез бен мінез-құлыққа ие жалпы адамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады. Бүгінгі күні қоғам алдында тұрған әлеуметтік маңызды және өзекті міндеттердің бірі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтармен қылмыстылықтың өсуін төмендету жолдарын іздестіру, олардың алдын алу тиімділігін арттыру болып табылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылық мәселесі біздің мемлекетте өте өткір мәселе болып тұр.

*Мақсаты:* Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылығына криминологиялық тұрғыдан сипаттама жасау, олардың белгілерін кешенді талдау. Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылыққа баруының себептері мен жағдайларын саралау. Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылығына ерте бастан профилактикалық (алдын алу) шараларын қолдану, олардың тиімділігін арттыру шараларын зерделеу. Диссертация жұмысының мақсаты – кәмелетке толмағандар қылмыстылығының жүйесін және оны алдын алу тетіктерін анықтау, зерттеу болып табылады.

*Зерттеу міндеттері:* Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттерді қарастырдық: - кәмелетке толмағандардың қылмыстылық жасауының себептері мен жағдайларын анықтау; - Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың құқықтарының реттелуіне статистикалық талдау жасау; - шет елдердің тәжірибесін қолдану негіздерін басшылыққа алу; - кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу шараларын (жалпы, арнайы шараларын) зерделеу.

*Зерттеу объектісі:* Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының профилактикасымен байланысты қоғамдық қатынастар, олардың даму заңдылықтары жұмыстың зерттеу объектісі болып табылады.

*Зерттеу пәні:* Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы профилактикасының еліміздегі қылмыстылықпен күресетін субъектілер қолданатын криминологиялық және қылмыстық-құқықтық құралдар, осы саладағы нормативтік-құқықтық база жұмыстың зерттеу пәні болып табылады. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарға қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттағы ықпал ету шаралары көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

*Зерттеудің әдіснамалық негізі:* Диссертациялық жұмыста жалпы ғылыми әдістер ретінде тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-аналитикалық, сауалнамалық, әлеуметтік әдістер қолданылған. Зерттеу жұмысын әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Қылмыстық кодексі және өзге де бірқатар нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынды.

*Зерттеу нәтижелері, ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы:* Зерттеу жұмысында кәмелетке толмағандар қылмыстылығы профилактикасының теориялық-қолданбалы мәселелері, заңдарға енгізілген соңғы өзгертулер ескерілген. Диссертациядағы келтірілген тұжырымдар ғылыми-зерттеу қызметінде, «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» және «Криминология» пәндерін және олармен байланысты арнайы курстарды оқыту кезінде арнайы әдебиеттік деректемелер ретінде қолданыла алады, сондай-ақ кәмелет жасқа толмағандардың қылмыстылығын алдын алудың тиімділігін арттыру мақсатында құқық қорғау органдары қызметінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен бірге кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін құқықтық реттеу, асырылуы зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығына жатады.

*Жарияланымдар туралы мәліметтер:* диссертациялық жұмыстың тақырыбын жан-жақты ашу мақсатында халықаралық деңгейде төрт мақала жарық көрді.

Жұмыс құрылымы: диссертация кіріспе, үш тарау және қорытынды, қолданылған деректер тізімінен тұрады.

Дереккөздер мен әдебиеттерді талдау. Зерттеу негізгі үш бағытқа топтастыруға болатын ауқымды ақпарат көздеріне сүйенеді:

1. Қоғаммен қатынастарды реттеу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар (халықаралық, ұлттық);
2. Аталған тақырыптың әртүрлі аспектілері қарастырылған қоғаммен байланыс саласындағы теориялық жұмыстар (авторлар);
3. Интернет көздері: халықаралық конференция материалдары, сондай-ақ ресми сайттарда жарияланған ақпарат.

**Резюме магистерской диссертации на соискание академической степени  
магистра юридических наук А.Н. Шайдоллаевой  
«РАЗВИТИЕ ПУТЕЙ ПРОФИЛАКТИКИ ПРАВОНАРУШЕНИЙ СРЕДИ  
НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ»**

**Научный руководитель – Шаяхметова Жанна Бекполовна, кандидат  
юридических наук, профессор.**

**Ключевые слова (7-10 слов):** преступность, решимость, уровень криминогенности, темперамент, эмансипация, профилактика, общество, динамика преступности.

*Краткое содержание:*

*Актуальность и новизна:* Формирование нравственных установок у подрастающего поколения, воспитание здорового характера и поведения в духе общечеловеческих ценностей является важной задачей государства.

Одной из социально значимых и актуальных задач, стоящих сегодня перед обществом, является поиск путей снижения роста преступности и правонарушений среди несовершеннолетних, повышение эффективности их профилактики. Актуальность темы исследования заключается в том, что проблема преступности несовершеннолетних является весьма острой проблемой в нашей стране.

*Цель:* Дать криминологическую характеристику преступности несовершеннолетних и комплексный анализ ее особенностей. Проанализировать причины и обстоятельства преступности среди несовершеннолетних. Изучить меры по повышению эффективности профилактики правонарушений несовершеннолетних на ранней стадии. Целью моей диссертации является выявление и изучение системы преступности несовершеннолетних и механизмов ее профилактики.

*Задачи исследования:* Для достижения поставленной цели нами рассматривались следующие задачи: - выявить причины и обстоятельства преступности несовершеннолетних; - провести статистический анализ регулирования прав несовершеннолетних законодательством Республики Казахстан; - руководствоваться принципами использования опыта зарубежных стран; - изучить меры (общие, специальные) профилактики правонарушений среди несовершеннолетних.

*Объект исследования:* Объектом исследования работы являются общественные отношения, связанные с профилактикой правонарушений несовершеннолетних, закономерности их развития.

*Предмет исследования:* Предметом исследования являются криминологические и уголовно-правовые средства, применяемые субъектами борьбы с преступностью в стране для профилактики правонарушений несовершеннолетних, а также нормативно-правовая база в данной сфере. Уголовно-правовые и криминологические меры воздействия на преступления, совершаемые несовершеннолетними, изучались в трудах многих ученых.

*Методологическая основа исследования:* В диссертационной работе в качестве общенаучных методов использованы историко-сравнительный,

сравнительно-правовой, системно-аналитический, опросный и социальный методы. Научно-исследовательская работа проводилась на основе Конституции Республики Казахстан, Уголовного кодекса Республики Казахстан, вступившего в силу с 1 января 2015 года, и ряда других нормативных правовых актов.

*Результаты исследования, научная и практическая значимость:* В работе учтены теоретические и практические вопросы профилактики правонарушений несовершеннолетних, а также последние изменения в законодательстве. Выводы, изложенные в диссертации, могут быть использованы в научно-исследовательской деятельности, в качестве специальной литературы при преподавании дисциплин «Уголовное право Республики Казахстан» и «Криминология» и смежных спецкурсов, его также могут использовать правоохранительные органы для повышения эффективности профилактики преступности среди несовершеннолетних. При этом практическая значимость результатов исследования заключается в правовом регулировании и реализации вопросов профилактики правонарушений несовершеннолетних.

*Информация о публикации:* Четыре статьи были опубликованы на международном уровне с целью всестороннего изучения темы диссертации.

Структура работы: диссертация состоит из введения, трех глав, заключения и списка литературы.

Анализ источников и литературы. Исследование опирается на широкий спектр источников информации, которые можно сгруппировать в три основные области:

1. Нормативно-правовые документы (международные, национальные) по вопросам регулирования отношений с общественностью;
2. Теоретические труды в области связей с общественностью (авторы), рассматривающие различные аспекты данной темы;
3. Интернет-источники: материалы международных конференций, а также информация, опубликованная на официальных сайтах.

**Abstract of the master's thesis for the academic degree of master of legal sciences by A.N. Shaidollaeva**  
**"DEVELOPMENT OF WAYS TO PREVENT JUVENILE DELINQUENCY"**  
**Scientific supervisor - Zhanna Bekpolovna Shayakhmetova, candidate of legal sciences, professor.**

**Key words (7-10 words):** crime, determination, level of criminogenicity, temperament, emancipation, prevention, society, dynamics of crime.

*Summary:*

*Relevance and novelty:* The formation of moral attitudes in the younger generation, the education of a healthy character and behavior in the spirit of universal human values is an important task of the state. One of the socially significant and urgent tasks facing society today is the search for ways to reduce the growth of crime and juvenile delinquency and increase the effectiveness of their prevention. The relevance of the research topic lies in the fact that the problem of juvenile delinquency is a very acute problem in our country.

*Objective:* To provide a criminological description of juvenile delinquency and a comprehensive analysis of its features. To analyze the causes and circumstances of juvenile delinquency. To study measures to improve the effectiveness of juvenile delinquency prevention at an early stage. The purpose of my dissertation is to identify and study the juvenile delinquency system and its prevention mechanisms.

*Research objectives:* To achieve the stated goal, we considered the following objectives: - to identify the causes and circumstances of juvenile delinquency; - conduct a statistical analysis of the regulation of the rights of minors by the legislation of the Republic of Kazakhstan; - be guided by the principles of using the experience of foreign countries; - study measures (general, special) for the prevention of juvenile delinquency.

*Object of the study:* The object of the study is social relations related to the prevention of juvenile delinquency and the patterns of their development.

*Subject of the research:* The subject of the research is the criminological and criminal-legal means used by the subjects of the fight against crime in the country for the prevention of juvenile delinquency, as well as the regulatory framework in this area. Criminal-legal and criminological measures of influence on crimes committed by minors have been studied in the works of many scientists.

*Methodological basis of the research:* In the dissertation work, historical-comparative, comparative-legal, system-analytical, survey and social methods were used as general scientific methods. The research work was carried out on the basis of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, which entered into force on January 1, 2015, and a number of other regulatory legal acts.

*Research results, scientific and practical significance:* The work takes into account theoretical and practical issues of juvenile delinquency prevention, as well as the latest changes in legislation. The conclusions presented in the dissertation can be used in scientific research activities, as specialized literature in teaching the disciplines "Criminal Law of the Republic of Kazakhstan" and "Criminology" and related special

courses, it can also be used by law enforcement agencies to improve the effectiveness of crime prevention among minors. At the same time, the practical significance of the research results lies in the legal regulation and implementation of issues of prevention of juvenile delinquency.

*Publication information:* Four articles were published internationally to comprehensively explore the topic of the dissertation.

Structure of the work: the dissertation consists of an introduction, three chapters, a conclusion and a list of references.

Analysis of sources and literature. The study relies on a wide range of information sources, which can be grouped into three main areas:

1. Regulatory documents (international, national) on issues of regulating relations with the public;
2. Theoretical works in the field of public relations (authors) examining various aspects of this topic;
3. Internet sources: materials from international conferences, as well as information published on official websites.

## КІРІСПЕ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмысты жазу үшін басты негіз болып қылмыстық құқық және криминология бағытындағы шешілуі тиіс мәселелердің бірі – кәмелет жасына толмағандар құқықбұзушылықтарының алдын алу алға қойылған.

Жасы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты болдырмау үшін бүкіл әлем қоғамдастығында жалпы қылмыстың алдын алудың ең маңызды аспектісі ретінде қарастырылады. Бұл өте орынды, өйткені жасөспірімдер қылмысы барлық қылмыстың құрамдас бөлігі болып табылады және оны зерттеу маңызды, себебі қайталанатын қылмыскерлердің айтарлықтай бөлігі қылмыстық әрекетті кәмелетке толмаған кезде бастайды. Бұл мәселенің маңыздылығы да мынада: жас ұрпақ – қоғамдық дамудың табиғи резерві болып табылады және кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтардың болуы тәрбиенің жеткіліксіздігінен, қоғам өміріне жастарды толыққанды араластырудың кемшілігінен көрініс табады. Осылайша 14 жастан 18 жасқа дейінгі адамдардың қылмысын зерттеу кезінде жалпы криминологиялық сипаттамалар, көрсеткіштер мен категориялар қолданылады. Сонымен бірге талдау жасау кезінде маңызды факторлар мен жағдайларды анықтауға бағытталды. Яғни кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықты анықтауға мүмкіндік беретін ерекшеліктері мен қажетті әсер ету шаралары басшылыққа алынды. [22, 114б]

Зерттеу жұмысымда кәмелет жасына жетпегендердің қылмыстылығының негізгі себептері мен жағдайлары, олардың қылмыстылығының анықтамасы мен топтастырылу негіздері, жасы он сегізге толмағандардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері бойынша құқықтық мәртебесі, кәмелеттік жасына толмағандардың құқық бұзуының жедел іс шараларының құқықтық және криминологиялық негіздері, оларды болдырмаудың шаралары барынша қарастырылды. Диссертациялық жұмыс қылмыстық және криминология ғылымындағы – жеткіншек жасқа жетпегендердің қылмыстылығының алдын алу негіздеріне және оны жақсы деңгейге жеткізу зерделеніп, толыққанды зерттеуге арналған.

Диссертация тақырыбымның өзектілігі. Қазақстан Республикасы Ата Заңының он екінші бабына сәйкес адамдар мен азаматтар өз мүдделерін реттеу кезінде өзге адамдардың еркіндіктеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Өскелең ұрпақта адамгершілікті қасиеттерді қалпына келтіру, жағымды мінез-құлыққа ие барлық адамзатқа тән құндылықтар рухын сіңірту мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады. [1] Болашағымызды тәрбиеге бас идірудің аса маңызды тұсына көңіл аударып, еліміздің алғашқы басшысы: өнеге мен құқықтық сауатты қоғам құруымыз үшін әр азамат мектеп кезінен бастап қарапайымдылықты еңсеру керек – деп нақтылады. Қазіргі уақытта ел алдындағы социум үшін маңызы бар және шешілуі тиіс міндеттердің бірегейі жасы кәмелетке толмағандар арасында пайда болатын құқықтықбұзушылықтар мен қылмыстылықтың артуының кему тетіктерін қарастыру, сонымен қатар болдырмаудың тиімді тұстарын жоғарылату болып табылады.

Зерттеу жұмысымда кәмелет жасына жетпегендердің қылмыстылығының

негізгі себептері мен жағдайлары, олардың қылмыстылығының анықтамасы мен топтастырылу негіздері, жасы он сегізге толмағандардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері бойынша құқықтық мәртебесі, кәмелеттік жасына толмағандардың құқық бұзуының жедел іс шараларының құқықтық және криминологиялық негіздері, оларды болдырмаудың шаралары барынша қарастырылды.

Диссертациялық жұмыс қылмыстық және криминология ғылымындағы – жеткіншек жасқа жетпегендердің қылмыстылығының алдын алу негіздеріне және оны жақсы деңгейге жеткізу зерделеніп, толыққанды зерттеуге арналған. Диссертация тақырыбының өзекті тұсы жасы он сегізге толмағандардың құқықты бұзу проблемасы елімізде де өте маңызды мәселе болып тұр.

Он сегізге жасқа келмегендер жалпы ұрлық жасау, тонау әрекеттері, алаяқтық және бұзақылық жасайды. Негізгі себептердің бірі – ол он сегіз жасына толмағандардың жұмыссыздығы, жұмысқа орналастырудың тетігінің шешілмеуі, өзі жақсы көретін еңбекті игермеу, жәй мерзімді мәнді қолдана алмауы. Ақырында жасы кәмелетке жетпегендердің қылмысты құқықты бұзуына өзінің әсерін береді. [25, 157б]

Бұл жағдайлар, негіздер жасы кәмелетке толмағандардың қылмысқа мәжбүрлейтін критерийлері мен көрсеткіштерін қаперге алу қажет екендігін, алдын алу жолындағы шараларды айқындап, қажет әрекеттерді қарастыруды керектігін тудырады.

Толық қылмыстылықтылықтың ішіндегі жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы аса қауіп тудырады, өйткені өркениетті елдің ұрпақтарының болашағына тосқауыл қоятын әрекеттердің бірі болып есептеледі. Қылмыстық құқық ғылымында күні бүгінге шейін негізгі проблемалардың бірі болып табылады. Он сегіз жасқа толмаған адамдардың қылмыстық құқықты бұзу әрекеттері проблемасы өзінің күрмеуі шешілмеуіне байланысты әркез терең ғылыми практикалық зерттеулерді талап ететін бағыты.

Австрияның заңгері Франц Лист жүз жылдай бұрын Петербурте өткен халықаралық пенитенциарлық съездте атап өткеніндей қылмыстық саясатқа тән екі өзекті мәселесі бар, ол қайталап қылмыс жасаушылармен күрес және жасы кәмелетке жетпегендердің қылмыстылығын алдын алу, болдырмауға ықпал ету.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеті. Жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына криминологиялық негізден сипаттама беру, белгілерін комплексті талдау. Жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстылыққа баруының себептері мен көрсеткіштерін саралау.

Жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына ерте бастан барудың кешенді шараларын қолдану, жағымды тұстарын арттыру шараларына талдау жасау. Жасы кәмелетке толмағандардың құқықты бұзу жүйесінің алдын алу, анықтау, зерттеу диссертациялық жұмысымның мақсаты болып табылады. Мақсатқа жету үшін диссертациялық жұмысымның алдына міндеттер қойылды:

- кәмелет жасына жетпегендер не үшін қылмыс жасайды, соның себептерін анықтау;

- еліміздің нормативтік құқықтық актілері бойынша жасы кәмелетке жетпегендердің құқықтық мәртебесін айқындап, жасалған теріс әрекеттеріне

статистикалық анализ жасау;

- он сегіз жасқа толмағандар қылмыстылығын болдырмаудың жалпы және арнайы шараларын зерделеу.

Диссертациялық жұмысымның объектісі. Жасы кәмелетке жетпегендер құқықтықбұзушылықтарының іс-шараларымен бірлескен қоғамдық қатынастар жүйесі, олардың дамуының заңдылықтар жүйесі жұмыстың зерттеу объектісі болып негізделеді.

Диссертациялық жұмыстың пәні. Кәмелеттік жасқа жетпегендердің қылмыстылығы профилактикалық шараларының отанымыздағы қылмыстылықпен күрес жүргізетін субъектілер қолданып жүрген криминологиялық және қылмыстық-құқықтық негіздер, нормативтік-құқықтық ақпараттық базасы жұмысымның зерттеу пәні болып табылады.

Жасы кәмелетке жетпегендер істеген қылмыстық құқыққа қарсы қылмыстық-құқықтық және криминологиялық негіздегі ықпалын тигізу әрекеттері біршама зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Криминология ғылымындағы қылмыстылықтың себептері теориясына аса маңызды критерийлерді көрсете алған авторлар Ковалев М.И, Герцензон А.А, Аванесов Г.А, Карпец И.И, Антонян Ю.М, Бородин В.С, Бабаев М.М, Воронин О.А, Дагель П.С, Долгова А.И, Кузнецова Н.Ф, Кудрявцев В.Н, Лейкина Н.С, Сахаров А.Б, Спиридонов К.Л. және отандық ғалымдар ретінде Каиржанова Е.И, Алауханов Е.О, Сартаев С.А, Орсаева Р.А, Ажиметова З.А, Акимжанов Т.К, Бимурзин С.Б, Жетписбаева Б.А, Құлжақаева Р.Б, Шаяхметова Ж.Б еңбектеріндегі маңыздылықтарды атап өтуге болады. [61, 30 б]

Диссертациялық жұмыстың әдістемелік негіздері. Зерттеу жұмысымда жалпы ғылыми әдістер ретінде талдау, синтез, жүйелік, функционалды және жеке ғылыми әдістер ретінде нақты-әлеуметтанушылық, статистикалық, кибернетикалық әдістері, сонымен қатар жеке құқықтық әдістер ретінде формалды-заңды және салыстырмалы-құқықтық әдістері негізге алынды.

Зерттеу жұмысын дайындауда Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3-шілдеде қабылданған Қылмыстық кодексі және басқа да нормативтік құқықтық актілер қолданылды. Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы. Диссертациялық жұмыста жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының профилактикасының теориялық аспектілері, статистикалық мәліметтер және нормативтік құқықтық актілерге енгізілген соңғы өзгертулер ескерілді. [2]

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы кәмелет жасына толмағандардың қылмыс жасау себептерінен, олардың құқықтық мәртебесінің жіктелуінен, қылмыстық құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу негіздерінің құқықтық аспектілерінен көрініс табады.

Диссертациялық жұмыстағы материалдар заң ғылымдарының дамуына, сонымен қатар даярлап-оқыту кезінде арнайы әдебиеттік деректемелер ретінде пайдалануға болады, сонымен қатар кәмелет жасқа толмағандардың қылмыстылықтарының тиімді негізде алдын алуды арттыру үшін құқық қорғау органдары қызметінде де пайдаланылуы мүмкін. Кәмелет жасына

толмағандардың құқыққа қарсы әрекеттерінің алдын алу мәселелерін құқықтық реттеу, жүзеге асырылуы зерттеу нәтижелері тәжірибелік маңыздылығы болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы негізінде кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылығының алдын алудағы шет елдердегі және еліміздегі нормативтік құқықтық базалар назарға алынып, олармен күрес жүргізудің қазіргі таңдағы мәселелеріне құқықтық сипаттама және педагогикалық негіздеме беріледі.

Диссертациялық жұмысымда кәмелет жасына жетпегендердің не үшін қылмысқа барады, қандай қылмыстарды жасайды, оған не себеп болады деген сынды сұрақтармен талдап жасалынып, зерттеле келе бірнеше алдын алу шаралары мен аспектілері назарға алынды. Диссертациялық жұмыста кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылығына итермеленетін нақты себептер қозғалып, шешу жолдары ретінде негізгі тұстары көрсетілді.

Тәжірибелі құқықтану мамандығы бойынша арнайы пән оқытушысы ретінде құқықтық сауаттылыққа баулып, құқықтық білімдерін арттырып, білім көкжиектерінің арнасын кеңейту мақсатында «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы» атты оқу құралы мен «Құқықтық терминдер» атты авторлық әзірленім ретінде облыстық оқу әдістемелік кеңеске ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер ретінде біріншіден, нормативтік құқықтық құжат ретінде танылған Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі кәмелет жасына толмағандардың құқық бұзуларының профилактикасы мен жасөспірімдердің қадағалаусыздық пен панасыз негізде қалуының алдын алуы туралы Заңының 1-бабын қауіпті жағдайда әлеуметтік тұрғыдағы кәмелет жасына толмағандар деп – қадағалаудың жоқтығы мен панасыздықтың өршуінен жасөспірімнің өмірі мен денінің саулығына қауіп әкелетін және тәрбие беруге сәйкес емес құқықты бұзу немесе қоғамға қарсы әрекет жасаған тұлға терминімен толықтырулар енгізу қажет. Себебі жасы кәмелетке толмағандар мен заңды өкілдері арасындағы байланысты дәлелді негізде айқындап бере алады. [8]

Екіншіден жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқыққа қарсы бұзушылықтарының алдын алуды жетілдіру мақсатында басқа елдердің оң нәтижесін зерделеу тәжірибесіне сүйене отырып, кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыздық және панасыз негізде қалуының алдын алуы туралы Заңының мазмұны өзгерістер енгізу қажет: яғни кәмелет жасына жетпегендердің құқық бұзу шараларының алдын алу мен профилактикасына қатысты жүзеге асырылып жатқан барлық әрекеттер кешенді болуы тиіс, өйткені мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар күш біріктіріп, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылықтарын жетілдіріп, құқықтық сана деңгейлерін көтеріп, құқықтық тәрбие беріп, жеңілдететін жағдайларды анықтауға ықпал етуі тиіс.

Ал арнаулы шаралар ретінде құқық қорғау органдары мен сот органдары бірлесе отырып, жасалған қоғамға жат мінез құлықтың динамикасын, себептерін, іске асыру механизмдерін басшылыққа ала отырып, нақты заңдылыққа сәйкес жауаптылықты қаперге алады.

Сонымен қатар жасөспірімдердің құқықты бұзбауы үшін жеке шаралар ретінде субъектілер тәрбиелік ықпал ету, өскелең ұрпақтың мінез-құлығына әсер ететін факторларды жоюдың алдын алу, дұрыс бағыт пен бағдарды көрсету сынды шараларды қолға алуы тиіс.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық базасы: ғалымдардың ғылыми зерттеулері, жалпы оқулықтар, нормативтік құқықтық актілер, статистикалық кестелер, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған жарияланымдар, құқық қорғау және сот органдарынан алынған деректер, халықаралық-құқықтық актілер зерттеу жұмысымының теориялық аспектілері болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Қазақстан Республикасының Президентінің соңғы Жолдауына сәйкес алаяқтардың құрығына түспес үшін негізгі бірқатар пунктерді атап өтті. Яғни оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылықты енгізу, қоғам мен мемлекеттің күш жұмылдыруы, құқықты бұзудың алдын алу заң жобаларын қолға алу, қылмысты түп тамырымен жою сынды мәселелерді атап өтіп, жастары мәдениетті әрі жаңашыл болуы тиіс деп нақтылап өтті.

Өйткені заң мен тәртіп, парасатты қоғам құру идесына баса назар аударып отыр. Сондықтан да жасөспірімдердің бағыты бойынша зерттеуге алынып отырған бұл тақырыптың маңыздылығы ерекше болмақ. Ғылыми жаңалық ретінде оқу орындардағы жасөспірімдердің ақылдары қонатын білім, сана деңгейлеріне сіңетін ілім ретінде оқу құралдарын даярлау үстіндемін. Алдағы уақытта осы бағытта біраз еңбектерім жарық көрері сөзсіз.

Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі. Толықтай диссертациялық жұмысым, пайдаланылған әдебиеттер, негізге алынған мәліметтер мен деректер, қорытынды нәтижелер Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экономика және құқық кафедрасында талқыланды, сонымен қатар халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды.

# 1 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘНІ, МАЗМҰНЫ, БЕЛГІЛЕРІ

## 1.1 Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтарының теориялық аспектілері

Нью-Йоркте 20-қараша 1989 жылы қабылданған баланың құқықтарына байланысты Конвенция балалардың құқықтарын қорғауда ерекше рөл атқарады. Өйткені мазмұнына сәйкес балалар ерекше қамқорлық пен көмекке мұқтаж деп жариялап, қоғамның бір бөлшегі ретінде отбасындағы барлық мүшелерге, оның ішінде балаларға қорғаудың қажеттілігін негізге алады, өйткені аталмыш құжатта балаға туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де аса қамқорлық қажет, себебі толық жетілмеген жеткіншек екендігі нақты көрсетілген. [7]

Қазақстан Республикасының Президентінің соңғы Жолдауының бесінші бағдарында заң мен тәртіп атты бөлігі қарастырылған. Бұл тұста сот жүйесін, құқық қорғау органдарын реформалау мәселесіне ден қойды. Өйткені қоғам тұрақтылығы, қауіпсіздігіне зиян келтіру, тұғырлы мемлекетті сындыруға деген әрекет деп құқықбұзушылықтардың алдын алуға нақты қадамдарды көрсетті.

Яғни еліміздегі жасөспірімдер де, ересектер де, басқа да субъектілер де жасайтын қоғамға жат мінез-құлықтардың алдын алу шараларына көшу қажет деп тапсырма берді. Олай болса, бұл диссертациялық жұмысымда жасөспірімдердің (жасы кәмелетке толмағандардың) қылмыстылығы және оған әсер ететін себептер мен алдын алу жағдайларына тоқталатын боламын.

Жалпы қылмыстылық ұғымына Кузнецова Н.Ф. қайсыбір мемлекетте нақты бір уақытта істелген қылмыстық әрекеттердің жиынтығы, сонымен қатар құқықтың ішінде қылмыстық сипатқа ие деп анықтама берген болатын.

Қылмыстылықтың өзіне тән белгілерін анықтайтын болсақ: салыстырмалы негіздегі жаппайлығы. Бүткіл қоғам қылмыстылыққа жақын емес, сондықтан да тегістей жаппайлығы емес салыстырмалы түрдегі жаппайлығы болады.

– қоғамның қылмысқа деген әралуандылығынан келесі белгісі ретінде тарихи тұрғыдағы өзгермелілігі болып табылады. Мысал ретінде алатын болсақ, Кеңес кезінде сатып алу және сату әрекеті қылмыс болып есептелсе, қазіргі таңда бұл бизнес көзі болып табылады. Тіпті қарқынды дамыған десем де болады. Яғни белгілі бір кезең ішінде қылмыс болып танылған әрекеттер басқа бір уақыттарда қылмыс болып танылмауы.

– сонымен қатар сыртқы сипатына қарай қылмыстылық әрекеті қылмыстық құқыққа тән. Яғни бұл тұста нақтылайтын болсам, заң ғылымдары жүйесін құрайтын криминология мен қылмыстық құқық салаларының мызғымастығы деп айта алар едім.

– келесі белгілерінің қатарына социумда ғана орын алуына орай тек адамдар ғана жасай алуымен сипатталады. Демек, белгілі бір қоғамға жат құбылыс орын алды ма, оны жасайтын немесе жасаған міндетті түрде қоғамның бір бөлшегінің болуы. Заң әдебиеттерінде субъекті немесе тұлға деп қарастырамыз. Бұл жерде келіспеушіліктер орын алуы ықтимал, толыққанды өрбітетін болсақ, идеялардың, пікірлердің қайшылығы бар жерде орын алатын фактор деп

есептесек, онда ол қайшылықтар әрине адамдар арасында ғана орын алады. Өйткені әлдебір пікірлердің үйлеспей қалуы, қайсыбір жанжалдардың туындауы, сөзге келіспеушілік сынды әрекеттердің барлығы да қоғамның шеңберінде тараптар арасында ғана орын алады. Сондықтан бұл жердегі ерекшелігі қоғамдағы тапқа байланысты екендігі айқындалады. [28, 566]

Қылмыстылық қоғамда орын алатындығына байланысты бір бөлшегі ретінде түсінсек, екінші жақтан бұл қоғамға жат әрі қарсы құбылыс. Жалпы қоғам қылмыстылықтың туындауына ықпал етеді, нәтижесінде өзгермелі қоғам бөлшегі қалыптасады да тұтастай қоғамда өзгеріс орын алады. Қылмыстық құқықты бұзу салдары тұтастай қоғамды ластаумен барабар. Өйткені ол бір элемент ретінде ғана көрініс табады деп айтқанымызбен, біртіндеп өрт секілді жалмап бара жатырған індет болып ұласуда. Бұл індеттің жолын кесу әркімге міндет. Сондықтан да қоғам мүшесі ретінде бұған ешкім де бей жай қарамаулары керек.

Бұл жалпы ережелер кәмелетке толмағандар қылмыстылығының себептерін анықтаудың критерийі ретінде қарастыруға болады, дегенмен кәмелет жасына жетпегендер істейтін қылмысқа қарсы құқық бұзушылықтардың себептерінің өзіндік ерекшеліктері де кең етек алған. Біздің пікірімізше, жасы кәмелетке жетпегендердің қылмыстық әрекеттерді жасауының себептерін қарастыруда жасына, психологиялық жағдайына, мотивациялық аспектілеріне байланысты ерекшеліктер басымдылық береді. Себебі бұл критерийлер кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылыққа баруының себебімен қатар салдарын да ұғындыра алады. [5, 276]

Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылық әрекеттері қоғам алдындағы аса ауыр процесс. Себебі құқыққа қарсы әрекет еткен жеткіншектер дамушы еліміздің тарихындағы осал тұстарының бірі болып табылады.

Жасы кәмелеттік жасқа жетпегендердің қылмыстылығының өзгешелігі – социумдағы жеткіншектердің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес заңдылыққа қарсы әрекеттенуінің мінез-құлығы. Кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстылығының түсінігі он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі жасөспірімдер жасаған құқыққа қарсы әрекеттердің жиынтығын білдіреді. Одан өзге кішкентай он және он үш жастағы жеткіншектердің және он сегіз бен жиырма бір жас аралығындағы бойтүзерлердің қоғамға қауіпті әрекеттерін де атауға болады.

Өйткені көбінесе жеткіншектер нақты заңдылықта көзделген нормалар бойынша құқық бұзушылықтар жасамас да, сыртқы көрініс деп ұғынылатын объективтік жағы бойынша өзара ұқсас қоғамға жат қылықтарды жасауы орын алады. Ал өршіген қылмыстарды көбінесе жеткіншектер емес жастардың тарапынан байқауға болады. Өйткені жастардағы максималды тұрғыда күш қуаттың жеткіліктілігі, жастық максимализмдерінің тәкаппарлықпен ұруы, олардың өздеріне белгісіз тұстарды ашуға деген көзқарастары, өзінің ылғи дұрыс екендіктерін дәлелдеуге ұмтылулары да кейде қоғамға тарапынан қарағанда жат мінез-қылықтарға жол беруінің бір сипаты секілді көрініс береді.

Қанша айтсақ та әлі де болсын өршіп тұрған бұл проблеманы жеңбесек те, азайту үшін тек ғана кешенді тұрғыда үздіксіз әрекеттер жасалуы тиіс. Оған

алпауыт ретінде мемлекет те, тіпті кішігірім қоғам мүшелері де ат салысып, дұрыс бағыттарға жөн сілтеуге стимул беруіміз қажет.

Тұтастай қылмыстық әрекеттердің бір элементі ретінде саналатын жасы кәмелет жасына жетпегендердің қылмыстылығы өзіндік сипаттарына байланысты криминологиялық тұрғыдан да қарастыруды талап етеді.

Жасөспірімдер мен жеткіншектердің әлі толықтай дамып, жетілмеуі, олардағы психологиялық және адамгершілік тұрғысынан да ішінара ғана даму деңгейінің болуына байланысты қажеттілік туындап отыр. Өйткені тіпті кейбір бойтүзерлер өз әрекеттерінің себебі мен салдарларын ұғынбайды. Сондықтан да әркез мемлекет кәмелеттік жасқа толмағандар қылмыстылық әрекеттерінің алдын алу үшін бақылаусыздық пен теріс әсерін тудыратын әрекеттерді басты назарға алуы тиіс. [27, 456]

Тәрбиеден берілген өзін-өзі ұстау, жігерлі болу секілді қасиеттері дамығанымен олар да қоғам мүшесі секілді осал топ ретінде қарастырылады. Өйткені әлі де болсын әрімен қарай білім ордаларында орта тауып, қоғамдағы өз орындарын айшықтау, біліммен қарулану, ақыл толықтыру, санаға сіндіру сынды толыққанды жетілу процесінде болады. Еліміздегі қолданылып жүрген Қылмыстық Кодекске сәйкес жалпы жасы он алты жасқа жетсе, ол қылмыстың субъектісі деп ұғындырылады. Алайда аталмыш кодексте он төрт жастан бастап қылмыс субъектісі бола алатындығы жөнінде анық айтылған.

Жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына не әсер етеді? Қандай теориялар шеңберінде талданады? - деген сұрақтар төңірегінде бірнеше нұсқаларды қарастырып көрейік.

Қылмысқа итермелейтін себептер кімді болсын толғандырғаны рас. Өйткені нақты осы ғана әсер етті деп балта шабу да ақылға қонымсыз. Ешкімде жасөспірімдерді қылмыс жасасын, жаман әдеттерге бой ұсынсын деп тілемейді. Десек те, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде кейбір тұлғалардың әрекеттерінен жағымсыз, келеңсіз, ақылымызға қонымсыз тұстарды көріп жатамыз. Кей мезгілде жас жеткіншектер де өздері дұрыс қабылдай алмауы да көрініс алады.

Адамзат тарихында қылмыс себептері туралы ойланбай кеткен ұрпақ жоқ. Қылмыстардың себептері жөніндегі плюрализмділіктен әртүрлі теориялар негізінде біріктіруді қолға алды. Осы жұмысымды қарастырған кезде көптеген әдебиеттерді, оқулықтарды алдым, сонда байқағаным әр автор, әр ғалым өзінше пікірге тоқталған. Және де сол пікірлері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, еңбек ретінде жарық көруіне себепші болған. Солардың ішінен Қайыржанов Е.І еңбектеріне сүйенсек, биологиялық, генетикалық, психологиялық, социологиялық, одан өзге теологиялық, астрономиялық деп топтастырды. Одан өзге бірнеше тармақтарға бөлуді де қарастырған. Бірақ бастылары ретінде осыған теорияларға тоқталуды жөн санадым.

Ең алдымен биологиялық теорияларды қарастыру үшін антропологиялық теориялармен ұштастырамыз. Өйткені биологиялық теориялар антропологиялық теориялардың жаңғырған көрінісі. Антропологияның негізін салушы австриялық Галль пікіріне сәйкес қылмыс істейтін адамдарды қылмыскерлер, табиғатынан жат адамдар және екі негіздің арасындағы делдалдылық секілді тұлғалар деп үш топқа бөлді. Бұл жердегі қылмыскерлер деп туған сәттен бастап саналатын

тұлғаларды меңзейді, олар қоғамға жат қылықтарға өздерінің қалауларымен барады, олар рухты адамдар деп сипаттайды. Ал табиғи болмысынан қылмыс жасауға алыс болып туылған адамдарды өзіндік пікірлері жоқ, егер олар қылмыс жасаса тек біредің итермелеп, азғырып, көндіруімен жасайды деп тұжырымдайды. Соңғы типтегі қылмыскерлерді ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты айыра алатын адамдар болғанымен көбінесе сыртқы ортаның ықпалынан қылмысқа баратын тұлғалар деп меңзейді.

Кейінірек криминологияның тарихи кезеңінде антропологияның ізін жалғастырушы Чезаре Ломброзо болды. Бұл негізін салушының пікірі қоғамда жарық еткен ұсыныстай болды. Ол қылмыскер бірден өмірге қылмыскер болып туып келеді деп жастайынан өз зерттеулеріне қосты.

Алғашқы зерттеушімен салыстырғанда Ломброзо өз айтқанынан қайтпайтын тұлға болды. Өте қайсарлығымен, өжеттігімен, батылдығымен көзге түсті. Өзінің ғылым жолына берілгені сонша отыз жыл бойына зерттеулер жүргізген кезде он бір мыңнан астам қылмыскер тұлғасын назарға алған. Өз жұмысына беріліп, нақты себептерді қайтсем де табамын деп, тіпті өлген адамның да мәйіттеріне зерттеуді жүргізген болатын. Қабірдегі қылмыскерлерге де зерттеу жүргізіп, оларды қазып алып, сүйектерін таразылаған болатын. Ал жақын арада өлген қылмыскерлердің сүйектерін өлшеумен қатар ішкі ағзаларында зерттеп, көлемдерін өлшеп, тіпті түсіне дейін түртіп алып отырған.

Ол өзінің ғылыми еңбектерінде жауапшылыққа тартқан тұлғаларға сендердің арғы түптеріңнен қалған қасиеттерді таразыламай, біз өз қауіпсіздігімізді қорғай алмаймыз, сондықтан өмір сүру қауіпсіздіктерімізді қамтамасыз ету үшін жазаға тартып, бостандықтарыңыздан айыруымызға тура келеді деп үндеу жасаған болатын. [6, 113 б]

Сонымен қатар кісі өлтіруге бейім тұлғалар, ұры адамдар, зорлық көрсетушілер деп қылмыскер тұлғасының типтерін бөліп қарастырған. Салқын жүзді, көздері қан секілді, төмен мұрындыларды кісі өлтіруге бейім тұлғалар тобына, көздері айналмалы, қолдарының сұғанақтығы бар, сығыр көзді, мұрындары қисық адамдарды ұры тұлғалар типіне, ал көздері оттай, жұқа жағы бар, еріндері үлкендерді зорлық көрсететіндер типажына жатқызды. Бұл типтерді саралап отырсам, шындығында да жүз пайыз деп қарастырар болсам, сексен бес пайыздай дұрыс деп болжам жасауға әкеледі. Әрине бұндай зерттеулер барысында типтерге бөлу, олардың әрқайсысына сипаттама беру, оны кейінгі ұрпаққа із ретінде қалдыруда үлкен еңбектер жасалғаны рас.

Әйтсе де Ломброзонның концепциялары барлық адамдарға ұнай қоймады. Дегенмен ол өзінің пікірінен де тайқымады. Жан-жақтан әркім өзінше қайшылық негізінде оны келеке ете отырып, зерттеулер де жасаған болатын.

Екіншісіне қылмыстық ген мен қосымша хромосома деп біріктірілген генетикалық теорияларды қарастыруға болады. Яғни бұл арғы бабалардан сабақтастық негізінде туындайтын шарт секілді. Ата мен бабадан қалыптасып қалған үрдіс секілді қабылдауды жөн деп санаған. Мысалға алатын болсақ, арғы атасы қылмыскер болса, бергі ұрпақта болу ықтималдылығы толықтай пайыздық үлеске тең деген сөз. Дегенмен бұл жерде нақтылық жоқ, өйткені жүз пайызбен саралап алғанда, кейде болуы немесе болмауы да мүмкін. Бұл тек ықтимал

жорамал, болжам ғана болатын. Кез келген салада гипотезаның берері мол. Иә, кейде нақтылыққа негізделіп, ақиқат болып ол болжам расталады, ал кейде күмәнге негізделіп, жалған болып ол болжам расталмайды. [42, 146]

Сондықтан криминология ғылымындағы егіздер деп аталатын әдісті қолдануды жөн санады. Яғни алпыс, алпыс бес пайыздай тұқым қуалаудан көрініс тапса, жиырма бес, отыз пайыздай сыртқы ортаның әсер етуі мүмкін. Аталмыш теорияның келесі типі қосымша хромосоманың негізін салған Морган Т.Х кейде ауытқушылық болып, қырық жеті хромосома болады, бұлардың қылмыс жасаудағы үлесі сексен пайызды құрайды деп айтқан болатын.

Келесі теория ретінде психологиялық теорияларды қарастырайық. Жалпы адам өмірінде психологияның алатын орны маңызды. Титтей сәбиден бастап бұл жағдай қалыптасатыны белгілі. Қылмыстылықтың пайда болуына әсер ететін себептеріне байланысты бұл теорияны да психопатты және психоталдаулылық деп екі бағытта тұжырымдаған.

Курт Шнейдер психопатты теорияның негізін салушы ретінде он типінің жетеуі қылмысқа қарсы әрекеттерді жасаушылар қатарына жатқызады. Ал неміс Кречмер Эрнест тек төрт типті басшылыққа алған болатын. Зорлық көрсететін адамдардың отыз пайызы психопатты, яғни тез ашуланып, қозуға бейім, әсершіл адамдар деп Антонян өз еңбектерінде келтірген болатын.

Психоталдаулылық бағытын жақтаушы ретінде Зигмунд Фрейд адам баласының өзін қорғау және жыныстық тұрғыдан қорғау деп жіктелетін негізі бар деп жариялады. Яғни өзін қорғау арқылы ағзаларын да қорғауға мүмкіндігі бар деп қарастырды. Себебі ол түпсана мен өзімшілдік деп сана деңгейінің екі түрін бөліп қарастырады. Тіпті максималды өзімшілдік те барын жоққа шығармайды. Сондықтан да егер сізге жағымсыз энергия тудыратындай жағдай туындаса, оны қоғамға жат мінезбен емес жағымды әсер беретіндей өз энергияңызды бағдарлаңыз дейді. Мысалға айтатын болсам, спортқа, ғылымға бет бұрыңыз.

Соңғысында социологиялық теорияларды қарастыратын боламыз. Аталмыш теория жөнінде біріншілер кедейшіліктің кепшігінен қылмысқа барады деп топшыласа, екіншілері қоғамдық өмірде әділдік пен теңдік қажет деп меңзейді, ал үшіншілері адам баласы бірін бірі қанау арқылы көрініс табады десе, соңғылары жеке меншіктің пайда болуынан деп болжамдайды. Ал басқа ғалымдар еңбектерінен тек экономикалық факторлар ғана емес соғыс, ішімдікке салыну, тәрбиеден кеткен ағаттықтарды да қылмыстылықтың негізгі факторлары деп танығандығын көре аламыз.

Социологиялық теориядағы тағы бір мәселе аралық мәдениет болып табылады. Өйткені тұтастай қоғамның мәдениетінен жеке қоғам мәдениетінің айырмашылықтары көрініс тауып, қайшылықтар орын алуынан да қылмыстылықтың себептері тууы ықтимал деген де жорамал бар. Өйткені қоғамда өмір сүріп жатқан жекеленген топтардың да тарихи тұрғыда күнделікті қайталану нәтижесінде қалыптасқан құндылықтары болады, бірақ ол тұтастай қоғам мәдениетімен үйлесімділік таппауы мүмкін. [53, 576]

Жалпылама алғанда кәметке толмағандардың қылмыстылығы өздерінен жастары үлкендердің қылмыстарымен тығыз байланысты болады. Яғни ересек

адамдар арамдық жолымен, олардың сенгіштік, білместік сынды қасиеттерін пайдаланады. Яғни жас жеткіншектерге психологиялық немесе физикалық тұрғыдан қысым көрсете отырып, оларды қлымсытық әрекеттерге итермеленуі қоғамда көрініс табады. Себебі қазіргі таңда есірткіге еліктіру, иә болмаса қорқыту, қауіп төндіру, қысымшылық жасау сынды үлкен адамдар тарапынан дұрыс емес әрекеттер байқалады. Кей уақытта жасөспірімдердің қызығушылықтарын тудыру арқылы да, әдемі кештер ұйымдастырумен де, әртүрлі байқау тапсырмаларын беру арқылы да қлымыстық әрекеттерге тартулары ықтимал. Сондықтан заңнамалық тұрғыдан құқық қорғау органдары жеткіншектердің қылмысқа бару себептеріне жете назар аударулары тиіс деп есептеймін.

Жасы кәмелеттік жасқа жетпегендердің қылмыстылығының кенеттен жасалуы және аса құпиялылық негізде болуы секілді өзіне тән ерекшеліктерін атап өтуге болады. Сонымен қатар отбасылық тұрмыстағы деп те жіктеуге болады. Кәмелет жасына толмағандардың қазіргі таңдағы құқық бұзушылықтарының типіне қылмыстылықтың анықтаушы элементтерінің болуын, қылмыстық құқыққа қарсы әрекеттердің криминалдық деңгейдің өршуі, кәмелет жасына жетпегендердің әлі де болса да қоғамға жат әрекеттерді жалғастыра берулері жатады.

Статистикалық зерттеулерге сүйенсек, көпшілігінде жасөспірімдер қылмыстары топ болып жасалынады. Мысалы ол төбелес, зардап шектіру, бұзақылық, пайдакүнемдік негізінде көрініс береді. Өйткені олар өз беделдерін арттыруды мақсат етеді, сонымен қатар жас ерекшеліктеріне орай бұл кезеңде олар ашуланшақ болады.

Сонымен қатар топ болып қылмыстық құқыққа қарсы әрекеттерді жасау қатыгездікке жол беріліп, аямаушылық сезімдерді тудартыны рас. Күнделікті өмірде теледидардан көрсетіліп жатқан сериалдар, бағдарламалар, тіпті жарнамалардың өзінде де сұрыптаудың болмауы, білім беру орындарындағы жеткілікті тәрбиенің берілмеуі, бәрі-бәрі әсер етеді. Бұл орайда кәмелет жасқа толмағандар қылмыстылығына қатысты мәселелерді зерттеген кезде олардың істеген қылмыстылықтың ерекшеліктеріне, себептеріне, жалпы байланыстыра отырып айырмашылықтарына, мінез құлықтарына назар аударып отырдым.

Ақпараттарға сүйеніп, соңғы уақыттарда жасы кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстылық деңгейі төмендеді деп пайымдау дұрыс емес, өйткені біраз бөлігі жасырын күйде қалып отыр, яғни есепке алынбай жатыр. Сол себептен статистикалық мәліметтерді қараған кезде үш немесе төрт есе көбейтіп барып, нақты көрсеткіштерге қол жеткізе аламыз.

Нақ осы қоғамдағы назар аударатын жағдай – ол кәмелет жасына толмағандардың қылмысқа барған кезде суық қаруды, дәрі-дәрмен атылатын қаруларды қолданулары болып табылады. Бұдан бұрынғыға қарағанда қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы қатыгездіктің өршіп, тіпті интернет желілеріне азаптауларға берілген видеоларды жүктегендіктерін, цифрлық қоғамдағы технологияларды пайдаланып жасалған қылмыстарды да, аямаушылықты, керек десеңіз анаға, әкеге, педагогке шабуыл жасап, қисық мінездеріне ерік беріп, үйден кетіп, көше жағалап жүргендерінен де куәсі болуға болады. Бұған не әсер

етті, неге бұлай деген сұрақтар төңірегінде ой толғатсақ, ең бірінші ойымызға келетіні бұл жасөспірімдердің оқуға деген ынталарының болмауы, зейіннің мүлдем тұрақсыздығы. Өйткені олар бос уақыттарын теледидар қарап, достарымен көшеде текке жүріп, музыка тыңдап, командамен желілік ойындар ойнап, интернет желісіне байланумен ғана өткізеді. Мүлдем кітап оқымайды десек болады. [37, 1236]

Зерттеулерге сүйенетін болсам, қазіргі қоғамда жас жеткіншектер көлікті айдап әкету, ұрлық, қорқытып алу секілді меншікке қарсы қылмыстарды көбінесе жасайтындығын аңғаруға болады, пайыздық көрсеткішке шаққанда сексен пайызды құрайды. Құрылымдық талдауды қарастырған кезде көбінесе мүліктік сипаттағы қылмыстарды жасайтындығына куә бола аламыз. [4]

Қалған бөлігіне денсаулыққа зиян келтіру, зорлау, бұзақылық секілді қылмыстық құқыққа қарсы әрі жат әрекеттер құрайды. Соңғы кездері олар кепілдікке алу, есірткі саудасы, ақшаға лақтыру сынды қылмыстарды жасауды әдетке айналдырып жүр. Дүкендерде, гипермаркеттерде темекі, ішімдік сатылмайды деп жарнамалағанымен соңғы уақыттарда жас жеткіншектердің маскүнемдікке салынып, есірткі әрі улы заттарды қолданылатындығын байқап жүрміз.

Бұл қоғамда ерекше резонанс тудырып отыр. Олардың өмірдегі тәжірибелері жеткілікті деңгейде емес, бірақ олар оны түсінбейді де көбінесе батылдық сезімге бой алдырып, қателіктерге ұрынып жатады. Өйткені батылдық сөзінің мағынасын да жете ұқпайды, олардың ойынша ештеңеден қорықпай, қауіпті болса да барлық іске бару деп ұғынады. Тәуелсіз боламын, өзім шешім қабылдаймын деп ештеңенің мәнісіне үңілмей, ақыл сұрамай, өзімшілдікке салынады. Керісінше қарапайым болу қажет дегенді біреуге бағыну, көнгіш болу деп қате түсінеді.

Қорытындылайтын болсам, жасөспірімдер қылмыстылығының белгілері мен факторларына олардың құқықтық сана деңгейлерінің төмендігін, құқықтық мәдениеттерінің болмауын, әлеуметтік орталарының түсініктерінің төмен болуын, қате пікірлердің көп болуын, арнайы мекемелердің жеткілікті жұмыстарды атқармауын, отбасындағы тұрақсыздық, отбасында тәрбиелеудің өзімшілдік позициясын қолдануларын және тағы да басқа атап айтуға болады.

Және де дұрыс емес отбасыларда өмір сүріп жатқан жастар маскүнемдікке салыну, нашақорлыққа шалдығу, жыныстық азғындықты норма деп қабылдау сынды алғашқы тәжірибелерін жинақтап, соңында қараусыздықтың өсуіне әкеліп соқтырады. Сөйтіп жастар қайыршылыққа бет бұрулары, жеңіл жүріске түсулері мүмкін. Өйткені оларға ондай отбасы ұнамайды, керісінше олар отбасыдан безеді, қашады. Ақыр соңында әлеуметтік жетімдік деген ұғым пайда болады. [49, 276]

Қазіргі криминологиялық әдебиеттерде қылмыстылық себептерін, көрсеткіштерін ең әуелі қоғамдық құбылыстар тұрғыдан қарастырып, оның объективтік және субъективтік жақтарын ашады. Объективтік тұрғыдан алғанда біз түп тамырымен кесіп тастап, жоя алмаймыз, дегенмен жағымсыз салдарларын жойып, бақылауға алуға болады.

Ал субъективтік тұрғыдан алғанда тікелей адамға қатысты болғандықтан олқылықтарды жою негіздерін қарастырып, салдарларын болдырмауға ықпал

етуге болады. Яғни қылмысты әрекеттерді тудыратын себептер мен нәтижесі негізінде көрініс табатын салдар арасындағы тығыз байланыстылық бар. Себептің пайда болуына көбінесе сол субъектінің психологиялық күйі әсерін береді. Өйткені отбасындағы жанжалдар, ортасындағы теріс ықпалды әрекеттер субъектіге әсер етпей қоймайды. Яғни басты себеп ретінде кіші орталардағы әлеуметтік жағдай болып отыр. Өйткені көбінесе себеп мәселесі туындаған кезде әлеуметтік және психологиялық факторларды негізге алады.

Қылмыстылықтың себептерін түсіндірудің бұл екі тәсілінің айырмашылықтары да бар. Алғашқысында құқық салаларында кездесетін қайшылықтардың бар екендігін аңғара аламыз. Бірақ қайшылықтар болмаса өсу де, даму да болмайтындығы белгілі. Келесі тәсіл бойынша әрекетпен тікелей байланысты. Себебі себеп бар жерде салдар бар деп тұжырымдаймыз. Энгельстің пікірі бойынша себеп туындау үшін белгілі бір құбылыс әсер етіп, нәтиже туындауға шарт болуы тиіс дейді. Бұдан шығатын қорытынды адамдардың ниеті мен мақсаттары тоғысып, әлеуметтік факторлардың бір бөлшегін құрайды. Осыдан келіп қоғамға жат қылықтардың туындауына мұрындық болады.

Қылмыстылықтың себептерін топтастырып қарастыру криминологиядағы атышулы мәселелер қатарында. Қылмыстылықтың себебін деп түсіндірген Шаргородский оның туындауы мүмкін, туындаған, тіпті туындамаған негіздерін де айтуға болады деп өз пікірін білдірген болатын. Бұл жерде талқылау қажет тұстар бар, яғни туындауы мүмкін бұл тек ниетті білідіріп, нақты мүмкіндіктерді туындаттыратын болса, ал туындаған деп ақиқатқа айналған процесті айтуымызға болады. Яғни соңғысы ғана себеп бола алады. [17, 68б]

Оқулықтарға сүйенетін болсақ, қылмыстылықтың себептері мен оған әсер ететін факторларды әрекетті жүзеге асыру және мазмұны бойынша, әрекет ету сатысы, табиғаты бойынша деп жіктейді. Не түрткі болды, оған қандай аспектілер әсер етті, қай деңгейде орын алып, қандай бағытта жүзеге асырылды деген сұрақтар төңірегінде жауаптарды қарастырады.

Қылмыстылық ұғымы, әрине, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде, жеке қоғамдық қауіпті әрекеттердің ғана емес, сонымен бірге олардың белгілі бір жиынтығының болуы жария түрде жүзеге асырылған кезде және мұндай жиынтық қандай да бір түрде басқа әрекеттермен байланысты болған кезде ғана пайда болатын әлеуметтік құбылыстар.

Демек, қылмыстылықтың мәнді түсінігі оның тек объективті құбылыс емес, сонымен бірге әлеуметтік, т.б. адамзат қоғамымен және оның заңдарымен байланысты. Осыдан келіп, қазір қылмысты көптеген авторлар ең алдымен әлеуметтік құбылыс ретінде анықтауды ұстанады. Қылмыстылық, сөзсіз, қоғамға қарсы теріс құбылыс.

Сонымен қатар қылмысты қоғам үшін оң құбылыс ретінде қарастыру әрекеттері де болды. Мысалы, XIX ғасырдың белгілі әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм қылмыс прогресстің қозғаушы күші болып табылады, ол қоғамда маңызды пайдалы қызмет атқарады деп дәлелдеген. [38, 21б]

Американдық әлеуметтанушы Р.Мертонның пікірінше, қылмыс - қоғам әлеуметтік өмір қарқынын жеделдету үшін төлейтін қажетті құрбандық.

Американдық криминолог Танненбаум Барнс пен Титерза кітабының алғы сөзінде Франц фон Листің: Қылмыс та қоғам секілді тұрақты, өміршеңдігі бар... нақты айғақтарға мән беріп, мәңгілік құбылыстың дертіне айналдырмауымыз қажет - деп жазған.

Неміс криминологы Арманд Морган 1961 жылы қоғаммен бірдей өмір сүретін қоғамдық құбылыс деп қылмыстың мәнін түсіндірген болатын.

Бірқатар криминологтар қылмысты тек қалыпты ғана емес, сонымен бірге пайдалы әлеуметтік құбылыс деп санайды, өйткені ол қоғам мүшелерінің ұжымдық сезімдерін нығайтуға ықпал етеді. Дегенмен, бұл пікірмен келісу қиын, өйткені қылмыскер өз кезегінде өзін басқаларға қарсы қояды, олардың мүдделері белгілі бір қылмыс арқылы бұзылады.

Ақырында, қылмыстылық – бұл қылмыстық-құқықтық құбылыс, өйткені оны құрайтын әрекеттердің шеңбері қолданыстағы қылмыстық заңнамада анықталған. Біз қылмыс туралы айтқанда, мемлекетпен мойындалған қоғамға қауіпті және заңға қайшы әрекеттер жиынтығынан бастаймыз. [13, 156]

Құқықтық сипат қылмыстылықты басқа әлеуметтік құбылыстардан (моральдық нормалардан), ал қылмыстық-құқықтық сипат оны басқа, құқықбұзушылықтардан (тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және т.б.) ажыратады.

Осылайша қылмыстылықтың осы құбылысқа тән бірқатар ерекше белгілері бар: салыстырмалы жаппайлығы, тарихи өзгергіштігі, объективтілігі, әлеуметтік сипаты, таптық сипаты, қылмыстық-құқықтық ерекшелігі және белгілі бір уақыт кезеңінде белгілі бір мемлекетте жасалған қылмыстардың жиынтық саны.

Басқаша айтқанда, қылмыстылық – бұл тарихи өзгергіш, жағымсыз, объективті және әлеуметтік құбылыс, ол таптық қоғамдағы белгілі бір уақыт пен кеңістік (аймақ) шеңберінде жасалған барлық қылмыстардың жиынтығы ретінде көрінеді.

## **1.2 Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтарының көрсеткіштерінің белгілері (жағдайы, құрылымы, динамикасы)**

Қылмыстылық үш негізгі көрсеткішпен өлшенеді - жағдайы (құрылымы, деңгейі және динамикасы). Сонымен қатар келтірілген залалдың көлемі немесе мөлшері және сипаты сияқты қосымша көрсеткіштер жеке анықталады. Кейде бұл қылмыстылықпен күресудің барлық құнын қамтиды.

Қылмыстылықтың жай-күйі түсінігіне екі позициядан қарауға болады: кең және тар. Кең мағынада қылмыстылықтың жай-күйі тек деңгейін ғана емес, құрылымы мен динамикасын да қамтиды. Тар мағынада қылмыстылықтың жағдайы белгілі бір уақыттағы, тарихи сәттегі қылмыстылықтың деңгейін көрсетеді.

Бірақ қылмыстылық жағдайына не кіреді? Бұл тек қылмыстардың жиынтығы ма? Әлде қылмыстардың жиынтығы да, барлық қылмыскерлердің жиынтығы да ма? Карпец И.И. істелген қылмыстық әрекеттер мен оларды жасаған субъектілер қылмыстылықтың көрсеткіші деп жазды.

Қылмыстылықтың жай-күйіне неғұрлым жалпы анықтама бере отырып,

бұл көзқараспен келісуге болады. Бірақ әдебиеттерде қылмыстылықтың жай-күйі түсінігін, атап айтқанда, қылмыстылықтың деңгейін анықтау арқылы нақтылау әрекеттері бар. [32, 216]

Сонымен профессор Г.А.Аванесов жалпы бір аймақта жасалынған қылмыстар саны мен сол аймақтағы адамдардың нақты сандық көрсеткіштеріне қарай қылмыстылықтың деңгейі есептелінеді деп пікір білдірген болатын.

Деңгейлік көрсеткіштер тек салыстырмалы сандар арқылы көрініс табады. Қылмыстылық деңгейін дәл анықтау үшін барлық халықты емес, тек жас ерекшеліктеріне сәйкес қолданыстағы Қылмыстық кодекске сәйкес қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған топтарды ғана негізге алуымыз қажет.

Қылмыстылық өзі сандық, сапалық сипаттармен ескеріледі. Кез келген қылмыстылықтың деңгейлік көрсеткіштері мен динамикалық жағдайы сандық көрсеткішін айқындаса, құрылымы сапасымен сипатталады. Дегенмен бұл сипаттар өзара тығыз байланысты. Өйткені бір сипатының ғана өзгеруі тұтастай қылмыстылықты өзгеріске ұшыратады. Жалпы мәліметтерден қарастырған кезде қылмыстылықтың жай-күйінің ашылмайтындығына көз жеткіздім, яғни көп жағдайда ашылмай қалып, тіркелмейді. Тіркелмей қалған қылмыстарды ғылым тілінде латентті деп атауды ұсынады.

Қылмыстылықтың жай-күйіне байланысты статистикалық мәліметтерді шығарған кезде әрқел нақты бір аумақ пен сол аумақта адамдар санына бөлуді естен шығармауымыз керек. Тағы бір ескеретін жағдай нақты анықтау мақсатында сол аумақтағы барлық адам санына емес, қылмыс жасауы ықтимал деген жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлуді назарға ұстауымыз қажет.

Жалпы құрылымы кез келген қылмыстық әрекеттің ішкі мәнін ашып қарастырады, жалпы және жекеленген қылмыс түрлерінің байланысынан туындаған негіздерді суреттейді. Жалпақ тілмен түсіндіретін болсам, қылмыстылық құрылымын құрылысы мен мазмұны құрайды. Яғни қылмыстылықтың құрылымы өзіне қарсы әрекет жасауға бағыт беретін негізгі түрткі. [51, 956]

Қылмыстылықтың құрылымы әртүрлі жолдармен анықталады. Ең алдымен мерзім мен аймақ, санаттары, белгілері тән. Өйткені барлық қылмыстар белгілі бір сағатта, минутта, аптаның бір күнінде жасалып, ауырлығы дәржесіне қарай сараланып, құрамы бойынша талқыланады. Құрылымына сәйкес конституциялық құрылысты бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, жеке адамға қарсы қылмыстар, мүліктік сипаттағы меншікке қарсы деп топтастырамыз.

Адам психикасының көрінісі ретінде қасақана, абайсызда жасалған деп, сонымен қатар қылмыскер тұлғасының ерекшеліктері ескеріледі. Яғни жасы, жынысы, сотталған ба жоқ па, бірінші рет жасауы ма әлде қайталану ма деген секілді элементтері қаперге алынады. Ал тәжірибе негізінде органдар құрылымдық элементтер қатарына ол жұмыста жасалды ма әлде отбасында ма, басқа әлеуметтік ортада ма деп жеке қарастыруды жөн санайды.

Қылмыстылық сипаты бойынша қылмыстың ауырлығы дәржесімен және сол жасаған субъектінің мінез-құлығымен анықталады. Яғни қылмыс жасаудағы субъектінің кәсіби тұрғыдағы шеберлік жасауы, ұйымдастыру,

азғыру рөлдерінде болуы жеке дара сипатталады.

Қылмыстылық құрылымы жалпы алғанда сапалық сипаттамасы бар, яғни қылмыстылықтың қоғамдық қауіптілігінің белгілері болып табылады. Жалпылама түрде құрылымы қылмыстылықтың құрамын құрайтын әрекеттердің (жеке тұлға, топтық және т.б.) сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін көрсетеді. Сондықтан ең маңызды көрсеткіш ретінде қылмыстылықтың құрылымын қылмыстардың санаттары құрайды: онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр.

Сонымен қатар қылмыстылықтың құрылымын қылмыстық құқықтық белгілерге сәйкес мынадай негізде бөліп қарастыруға болады:

- а) ҚК ерекше бөлімінің баптары бойынша;
- ә) кінә нысандары бойынша;
- б) жазаның сипаты бойынша;
- в) қатысу нысаны бойынша;
- г) қылмыстардың қайталануы бойынша;
- д) субъектінің белгілері бойынша (жасы кәмелетке толмағандар, арнаулы субъектілер, т.б).

Криминологиялық белгілеріне сәйкес қылмыстылықтың құрылымын жіктейміз:

- а) аумақтық сипаттамалар (облыс, аудан, аймақ және арнайы объектілер);
- ә) экономиканың, менеджменттің, қоғамдық өмірдің секторлары;
- б) сипаттары мен мотивтері (мемлекетке қарсы, зорлық-зомбылық, халықаралық және т.б.);
- в) орны мен уақыты;
- г) қылмыс жасау құралдары;
- д) таралу бойынша.

Қылмыстылықтың құрылымы, әсіресе қылмыскердің жеке басына қатысты әлеуметтік-демографиялық белгілеріне қарай да (жынысы, жасы, қызметі, отбасылық жағдайы т.б.) бөлінеді.

Криминология ғылымында қылмыстылықтың толық және ішінара құрылымын ажыратады. Қылмыстылықтың толық құрылымы кезінде оның жиынтығы барлық мүмкін болатын топтастыру белгілерінің барлығына қарай бөлінеді, ал ішінара құрылым тек жеке қасиетті топтастыру белгілері тұрғысынан талдауды қамтиды (мысалы, қасақаналықпен, абайсызда; белгілі бір жыныстағы; белгілі бір уақыттағы). [44, 135б]

Белгілі бір уақыттағы өзгермелі құбылыстар қылмыстылықтың қозғалысының нақтылығы. Қылмыстылықтың динамикасы – жалпы қылмыстылықтың және оның негізгі құрылымдық көрсеткіштерінің белгілі бір уақыт аралығында (ай, тоқсан, алты ай, жыл, онжылдық т.б.) өсуіне немесе төмендеуіне қарай қозғалысы. Қылмыстылықтың динамикасына көптеген факторлар әсер етеді.

Олардың ең маңыздысы деп екі түрін ажыратуға болады: әлеуметтік және құқықтық. Әлеуметтік дегеніміз – халықтың демографиялық құрылымы, көші-қон т.б. Құқықтық дегеніміз – қылмыстық және әкімшілік жазаларға толықтырулар мен өзгертулер; қылмыстылықтың немесе басқа да жазаланатын әрекеттің аясын кішірейтетін немесе ұлғайтатын, нақты қылмыстардың

саралануын немесе квалификациясын өзгертетін заңдар. Қылмыстылықтың динамикасы қылмыстарды есепке алу мен тіркеудің жай-күйіне, құқық қорғау органдарының (анықтау, тергеу, сот) тиімді жұмысына, оның ішінде қылмыстарды уақытылы ашуға және кінәлілерді әшкерелеуге, құқық бұзушылықтың алдын алу принципін қамтамасыз етуге байланысты жазаның бұлтартпастығы.

Белгілі бір мерзімдегі қылмыстылықтың өзгеруімен өлшенетін қылмыстың динамикасы себеп болатын қоғамдық процестер, заңнамадағы өзгерістер, құқық қорғау органдарының әрекеті деген үш фактормен сараланады. [50, 336]

Құқық қорғау органдары үшін дәлдік қажет, сондықтан да қылмыстылықты дәлелдермелерге сүйене отырып, толықтай ашуды мақсат етеді.

Көбінесе кәмелетке толмағандар қылмыстары олардың мінез-құлқының құқықтық табиғатында ғана емес, сонымен қатар ерекше мотивация механизмімен, психологиялық қатынастың белгілі бір өзгешелігімен, менмендікпен және топ болып еліктеушілікпен жасалуымен ерекшеленеді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылығының ерекшелігі, әдетте, жас, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өзара байланысты факторлар кешенімен анықталады. Жасы кәмелетке жетпегендердің мінездерін зерттеу, оның сапалық және сандық көрсеткіштері және олардың талдауы қолданылатын алдын алу мүмкіндіктері негіз болып табылады.

Қылмыстық-құқықтық негіз бойынша кәмелетке толмағандар тар жас тобы (14-18 жас) болса да, жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілікке тартылатын әрекеттерінің шеңбері шектеулі болғанымен, олардың қылмысқа қосқан үлесі зор.

Енді Атырау облысы Полиция департаментінің статистикалық (сандық) көрсеткіштеріне көз жүгіртсек.

1 кесте – Атырау облысы бойынша кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарының статистикасы

<i>Жылдар</i>	<i>Атырау облысы бойынша кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарының статистикасы</i>
	<i>Сандық үлесі</i>
2019 жыл	93
2020 жыл	67
2021 жыл	41
2022 жыл	79
2023 жыл	74
2024 жыл	67
Ескерту: кесте [10] дереккөзі негізінде құрастырылған	

Зерттеу барысында статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ,

кәмелетке толмағандардың қарапайым қылмыс жасауы жиі кездеседі. Бұл олардың экономикалық, саяси, әлеуметтік қызмет салаларына толыққанды қосылмағандығынан болады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық әрекеттердің жеткілікті шектеулі шеңберін жасауы себеп болып табылады: біріншіден, олардың әлеуметтік жағдайының ерекшелігі, яғни көптеген қылмыстарды олар жай ғана істей салмайды. Заңнамаға сәйкес қылмыс істегенде он төрт жаста болса, онда заңда белгіленген жекелеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының құрылымы бойынша кейбір көрсеткіштерді, яғни кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарының жекелеген топтарының арақатынасын қарастырайық.

2 кесте – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген баптармен арақатынасы бойынша кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың 2019-2024 жылдар бойынша статистикасы

ҚК баптары	2019	2020	2021	2022	2023	2024	Барлығы
99-бап	2	3					5
105-бап						1	1
106-бап	2	1	1	3	3	4	14
107-бап	3	4	1	2	3	4	17
109-1-бап						2	2
114-бап				1		1	2
120-бап	1						1
121-бап						1	1
122-бап	7	9	7	5	3	5	36
149-бап	1						1
187-бап			1	1			2
188-бап	53	35	17	49	38	17	209
190-бап	1	1		1	3	1	7
191-бап	4	2	1	1	5	6	19
192-бап	1	1			1	1	4
194-бап	2		1			2	5
196-бап					1		1
200-бап	3	1	3	3	4		14
202-бап	1						1
273-бап				1			1
287-бап		1	2				3
293-бап	9	6	5	11	8	13	52
294-бап	1						1
297-бап			1		1	1	3

316-бап						1	<b>1</b>
335-бап		1					<b>1</b>
345-бап		1	1	1	4	3	<b>10</b>
380-бап		1					<b>1</b>
389-бап	2					2	<b>4</b>
405-бап						1	<b>1</b>
428-бап						1	<b>1</b>
Барлығы:	<b>93</b>	<b>67</b>	<b>41</b>	<b>79</b>	<b>74</b>	<b>67</b>	<b>421</b>
Ескерту: кесте [10] дереккөзі негізінде құрастырылған							

Статистикалық кестеге сәйкес қорытынды жасайтын болсақ, кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстылық құрылымына саралау нәтижесінде көбінесе он алты жасқа толмағандармен жыныстық тиісушілік, ұрлық (188-бап), бұзақылық (293-бап) бойынша қылмыстарды жасайтындығын айқын көре аламыз.

Кәмелетке толмағандармен жасалған мүлктік қылмыстардың таралуы қоғамдағы қиын әлеуметтік жағдайдың әсерін де, жасөспірімдердің ерекше ынтасын да көрсететін заңсыз әрекеттер, мысалы, ұрлық жасағанда кейбіреулер үшін ол өзімшілдік ниетте, басқаларында – өзін көрсетуге және өз құрдастарының беделіне ие болуға ұмтылуда, басқаларында – бейсаналықта көрінеді, яғни белгілі бір затты, біреудің мүлкін иемденуге ұмтылудан көрініс табады. [10]

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың құрылымы, тұтастай алғанда қылмыс тек зорлық-зомбылық және мүлктік қылмыстардың арақатынасымен ғана емес, сонымен қатар қылмыс жасау кезінде қолданылатын зорлық-зомбылық деңгейімен, нашақорлық пен мас күйінде жасалған мінез-құлықтың таралуымен сипатталады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықты сипаттағанда, кәмелетке толмағандардың жалғыз қылмыс жасауы; кәмелетке толмағандардың топтасып қылмыс жасауы; кәмелетке толмағандардың ересектермен бірге қылмыс жасауы сияқты қылмыс түрлері ажыратылады. Айта кету керек, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық әрқашан негізінен топтық сипатта болады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықты ең алдымен қылмыстық статистика негізінде талдап, бағалау қажет. Атырау облысы бойынша әр аудан, қала деңгейінде кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың статистикасына талдау жасайтын болсақ, алдыңғы үштікке Атырау қаласы, Жылыой ауданы және Құрманғазы аудандарын көре аламыз.

### 3 кесте – Атырау облысындағы аудандар бойынша кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың статистикасы

Атырау облысы бойынша	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	Барлығы
-----------------------	----------	----------	----------	----------	----------	----------	---------

бөлінісі							
Атырау қаласы	51	41	22	50	43	54	<b>261</b>
Құрманғазы	10	4	4	4	7	4	<b>33</b>
Индер	3	1	5	3	3	-	<b>15</b>
Исатай	1	2	-	3	-	-	<b>6</b>
Қызылқоға	2	-	-	4	2	2	<b>10</b>
Мақат	4	2	2	2	7	-	<b>17</b>
Махамбет	4	1	1	-	-	-	<b>6</b>
Жылыой	18	16	7	13	12	7	<b>73</b>
Барлығы	<b>93</b>	<b>67</b>	<b>41</b>	<b>79</b>	<b>74</b>	<b>67</b>	<b>421</b>
Ескерту: кесте [10] дереккөзі негізінде құрастырылған							

Сонымен қатар сарапшылар кәмелетке толмағандардың да, ересектердің де қылмыстылық туралы кез келген қорытындысы ретінде оның жасырындығын ескере отырып жасалуы қажет екендігін біледі.

Құқық қорғау органдарының өкілеттігінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың жасырындығы туралы қорытындылар жасалады. Олардан кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың нақты саны статистикалық деректерден әлдеқайда көп екені анық. Бұл әсіресе мүлікке қатысты қылмыстар, яғни ұрлық, тонау, сондай-ақ бұзақылық, зорлау, соған байланысты есірткіні қолданумен байланысты қылмыстар. Кейбір ресейлік сарапшылар: қылмыстылықты дұрыс сандық бағалау үшін қылмыстардың жекелеген топтарын 5, кейде 10 есеге арттыру қажет деп санайды. Жасырын қылмыстар әртүрлі себептермен пайда болады.

Көбінесе жәбірленушілер шаңырақ шеңберінде қылмыстар туралы, әсіресе көршілер арасында жасалған қылмыстар туралы хабарламайды. Көбінесе құқық қорғау органдары өз міндеттерін аяқ асты ете отырып, қылмыстарды тіркемейді және есепке алмайды.

Жасөспірімдердің қылмысының латенттілігі ересектерге қарағанда төмен. Сондықтан олардың тіркелген қылмыс деңгейі айтарлықтай жоғары. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық, оның ішінде топтық қылмыстар жай-күйінің криминологиялық сипаттамаларының толықтығы мен объективтілігі қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жасқа толмаған жасөспірімдер жасаған әрекеттердің болуына да байланысты.

Шындығында өзінің сипаты мен салдары бойынша мұндай адамдардың әрекеттері қоғамға қауіпті. Оның үстіне, егер кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстарды шектейтін жас шектеулері (шектің төменгі шегі – 14 жас және жоғарғы шегі – 18 жас), олар қылмыстық саясаттың даму психологиясының талаптарымен байланысты болса да және сондай-ақ кәмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жасқа толғанға дейін қылмыстық жазаланатын әрекеттерге объективтік жағынан ұқсас қоғамдық қауіпті әрекеттердің едәуір көп санын (4-5 есе) жасау фактісімен кәмелетке толмағандардың қылмыстық мінез-құлқының жай-күйін, тенденциялары мен

генезисін зерттеу, қылмыскердің жеке басын зерттеу, адамдардың осы жас санатына қатысты алдын алу шаралары мен қылмыстық-құқықтық әрекетті әзірлеудегі қиындықтар қаншалықты маңызды екені түсінікті. Қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайлары жасалуы жағынан көбінесе бірдей. [26, 3176]

Демек қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жасқа толмаған адамдардың құқыққа қарсы әрекеттерін қылмыстың объективтік негізі ретінде қарастыруға болады. Ерте жаста заңсыз әрекеттерді жасаған адамдарды, әдетте, кейінірек түзету әлдеқайда қиын және нәтижесінде ересектер мен қылмыстардың қайталануы үшін негізгі резервті құрайды. Керісінше жасөспірімдердің үлкен әлеуметтік қауіп төндірмейтін алғашқы әрекеттерінің алдын алу шараларын ертерек әрі дер кезінде анықтау болашақта кез келген қылмыс жасаудың алдын алуға себеп болады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық дамуының жағымсыз тенденцияларына мыналар жатады:

- қылмыстылық құрылымындағы қоғамдық қауіптілігі жоғары қылмыстар үлесінің артуы;
- есірткіге байланысты қылмыстардың өсуі;
- кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықты ұйымдастыру, бір жағынан - ересектердің үлгісі бойынша, екінші жағынан - ересектердің көмегімен;
- кәмелетке толмағандарды ұйымдасқан қылмыстық және экстремистік әрекеттерге тарту.

## **2 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ**

### **2.1 Кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктері**

Қылмыскер тұлғасы – өз құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауды, қоғамдық мүдделерге зиян келтіретін әрекеттерді және соның салдарынан оларды жасаудың қоғамға қауіпті әдістерін таңдаған адамның жеке басы.

Тұлғаның криминологиялық сипаттамасында қоғамдық маңызды болып табылатын жағымды тұстары ескеріледі. Бұндай зерттеулер жасалған қоғамға қарсы әрекеттерді тұтастай ашуға, қалай іске асыру механизмдері болды деген сұрақтарды талдауға мүмкіндік береді.

Қылмыскер тұлғасына қатысты қолданбалы зерттеулер сол тұлғаның құрылымын сипаттайды. Оқулықтарға сүйене отырып, Сахаровтың мынадай пікіріне тоқталуға болады: қылмыскер тұлғасының криминологиялық аспектісі әлеуметтегі рөліне, демографиялық өсулерге, психологиялық және рухани құндылықтарға қатысты жіктелінеді. Тармақтап айтар болсам, қарапайым тіршілікте әртүрлі сала бойынша тұлғаның имиджі, орны ескеріледі, тұлға бойындағы өмірге деген көзқарасы, тұла бойындағы құштарлық, ұмтылысы секілді рухани құндылықтары мен психологиялық тұрғыдан қадірі мен қасиеттері есепке алынады, сонымен қатар жынысы, жасы, білімі мен білігі, секілді деректерге де көңіл аударылады. Сонымен қатар қылмыстық құқыққа тән белгілері деп тұлғаның жат қылықтарды жасаудағы мотиві, жеке өзі немес топпен жасауы, қайталануы бойынша жасалуы сынды деректемелерінде маңызды деп санайды. [60, 217б]

Келесі бір зерттеуші ғалым ретінде Лейкин Н.С. еңбегіне сүйенсек, ол қылмыс жасаған адамның тұлғасының құрылымын ішкі себептерден туындаған жағымсыз қасиеттердің комплексі, сыртқы ортамен байланысты жағымсыз қалыптары, сондай-ақ жағымды жақтары деп жіктейді. Қажеттілігі, сенімділігі, өзіндік ұстанымдарын қамтитын ішкі қасиеттері болса, ішімдікке салыну, мазасыздығы, жан күйзелісі сыртқы қасиеттерінің негізін құрап, одан өзге еңбекке адал әрі құштарлығы, тәртіп адам позициясы жағымды тұстарының негізгі элементтері болып табылады.

Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің типологиясына тоқталатын болсақ. Криминологтар көбінесе кәмелетке толмаған құқықбұзушылар мен қоғамға қауіпті әрекеттерді жасайтын балаларды келесі жас топтарына бөледі:

жас топ (14 жасқа дейін);

жасөспірімдер тобы (14 жастан 16 жасқа дейін);

жастар тобы (16 жастан 18 жасқа дейін).

В.В.Панкратов атап өткендей, кәмелет жасына толмаған қылмыскердің жеке тұлғасы, әлбетте, жоғары психологиялық ашуланшақтықпен, алаңдаушылық пен ыңғайсыз көңіл-күйдің болуымен, қоршаған ортаның дезадаптациясымен, өткір және ауыр ауруға шалдығудың жоғары ықтималдығымен сипатталады. [31, 78б]

Қылмыс жасауға мотивацияның сипатына қарай кәмелетке толмаған қылмыскерлердің келесі түрлері бөлінеді:  
бұзақылықтан немесе зерігуден қылмыс жасау;  
құрбыларының ықпалында олардың арасында беделге ие болу немесе нығайту мақсатында қылмыс жасағандар;  
ересек тәлімгерлердің ықпалымен қылмыс жасағандар;  
қажеттіліктен қылмыс жасағандар;  
ересектердің шабуылынан қорғану кезінде қылмыс жасағандар.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық мінез-құлқының мотивациясына жасөспірім психикасының ерекшеліктері айтарлықтай әсер етеді: билікке деген көзқарастың жоғарылауы және жастардың педагогикалық ықпалды жүзеге асыруға тырысатын тұлғалардың қатынасына негативизмі.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың себептері бірінші кезекте тұрмыстық тұрақсыздық, әлеуметтік осалдық, қолайсыз отбасы. Бірақ бұл тек бергі жағындағы мәселелер.

Қазіргі посткеңестік қоғам, оның ішінде Қазақстан да барлық жағынан, яғни моральдық жағынан бастап әлеуметтік-экономикалық жағынан да дағдарысты бастан өткерді. Барлық әлеуметтік секторлар дағдарыстың ауыр қысымын бастан кешірді. Қоғамның өскелең ұрпақтарының мінез-құлқындағы жағымсыз өзгерістер ерекше көзге түсті.

Жағымсыз құбылыстар әдеттегі моральдық принциптердің, қоғамдық тәртіп принциптерінің бұзылуына және халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарын материалдық қамтамасыз ету деңгейі күрт төмендеуіне әкелді.

Табыс және жалпы жеңіл өмір ауқатты отбасындағы жасөспірімдердің әлеуметтік мінез-құлқы мен көзқарасына теріс әсер етеді.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың болуы мемлекетіміздің әлеуметтік жағынан құлдырауына әкеліп соқтырады. 80-жылдардың басында кәмелетке толмағандар қылмыстарының едәуір бөлігі тек жүрген кездегі қылмыстар деп аталатын санатқа жатқызылды. Ол кездегі ұрлықтың өзі жасына байланысты балақайлық мотивацияға негізделген деп тұжырымдалып, жеңілтектіктен, бұзақылықтан секілді өзін дәлелдеуге ұмтылу сипатынан, сонымен қатар топтық ынтымақтастыққа, еліктеушілікке негізделген деп есептелді. [45, 33б]

Бүгінде өзімшілдікке салынып, алкогольді сусындарды пайдаланып және кейде өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін кейбір қылмыстар жасалады. Мұндай қылмыстарды жасаған кезде қылмыскерлер қатыгездік пен агрессияға жиі барады.

Қылмыскер адамның жеке басының анықтамасына сәйкес әр зерттеуші өзінше пікірлерін білдіреді. Кузнецованың пікірін қарастырсақ, ол әлеуметтік тұрғыны басшылыққа ала отырып, оның ішінде психологиялық, тұлғалық, демографиялық қасиеттеріне баса назар аударады.

Ал Волженкин көзқарасы бойынша социумдағы жалпыға тән белгілері, жәй азаматтардан өзгеше мінездері, нақ сол қылмыскер адамды сипаттайтын ерекшеліктері болып табылады.

Антонянның өзіндік жеке пікірі бойынша мінезіндегі қасиеттер,

психологиялық қасиеттері, адамгершілік белгілері, ұстанымдары, тіпті кәсібилілігі, қоршаған орта туралы ойлары деп тұжырымдайды. Басқа да ғалымдар осы типтес сипаттамаларды ұсынған болатын.

Бірнеше әдебиеттерді қарастыра келе қылмыскер тұлғаның жеке басына қатысты мынадай тұжырым жасауға болады: ең бірінші ол жұмысшы ма, оқушы ма сынды әлеуметтік тұлғасына көңіл аударады, екіншіден білімі бар ма жоқпа, әйел ме ер ме осы ерекшеліктеріне қарайды, сосын тұрғылықты мекені мен жасаған қылмыстық әрекетінің сипаттамасына ерекше назар аударады. Кейіннен қандай күйде жасады, яғни ішімдік ішіп пе, әлде есірткіні тұтынып па, нәпсіге беріліп пе, абайсызда ма қасақана ма деген секілді жеке ерекшеліктер бойынша талдайды. Соңында ұрлық жасағандар, адам өлтіргендер, алаяқтар деп бөліп қарастырады.

Бұдан өзге тек бірінші рет кішкентай қылмыстар жасаса, оның үстіне онша ауыр емес санатта болса, онда жәй қылмыскер деп, ал сыртқы ортаның ықпалына елігіп жасаса, онда нақты жағдайға берілгіштігі бар қылмыскерлер деп, сонымен қатар аса қауіпті, өте сұрия қылмыскерлер деп те бөледі.

Қылмыскер тұлғасының қоғамдық бағытына қарай өте қауіптілер қатарына жататын әрі құқыққа қарсы мінез танытатын, мәдениеттері төмен кәсіпқой типіне, ақ пен қараның, жақсы мен жаманның ара жігін толық айыра алмайтын жәй тип, біресе белсенді, біресе белсенділіктері төмен тұрақсыздық танытатындар типіне, қоғамға қауіптілігі аз мөлшерде болатын қылмыстарды жасайтын немқұрайлылық танытатындар типіне, сондай-ақ қоғамға келтіретін зардабы мен қауіптілік дәрежесіне қарай тұрақты қауіптілер, олар көбінесе қаныпезерлер, жалданып, асқан қатыгездікпен жасаушылар, аса қауіптілер деп танылатын жанжал барысында, пайдакүнемдік ниетпен жасаушылар, адам өміріне тікелей қауіп төндірмей, жанама негізде, мысалы меншіктерге қол сұғушылық қылмыстарын жасаушылар және де басқа да қылмыс жасаушылар деп бөлінеді. [30, 280б]

Кәмелетке толмағандардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу белсенділігі мен дербестігі шектелген: олар ата-анасын, тәрбиешілерін таңдамайды, көпшілігінің өз күнкөріс құралдары да жоқ. Отбасымен және мұғалімдермен конфликттер болған кезде олар үшін бос уақытты өткізу ортасы шиеленісті жеңілдету мен өзін-өзі құрметтеу құралы болып табылады. Жасөспірімдер қылмыстарды жасағанда жеке тұлғалық қалыптасулары мен өмір сүрулеріне қолайсыз әлеуметтік ортаны қалыптастыратындықтарын түсінеді.

Біріншіден, оларда өсемін деген ниет пайда болады және ол қарама-қайшылықты түрде көрініс табады, яғни мен өзіңдеймін, мен де тұлғамын деген секілді топ ішінде басқалармен қарым-қатынаста жеке дәлелдеу арқылы жүзеге асырады.

Екіншіден, балалық шақтың өтуіне байланысты балалардағы бассыздық деп аталатын мотивтер жазылады, яғни бірден азғыруға, көлікке мінуге, құқық бұзушымен күресуге деген ұмтылыс.

Үшіншіден, жасөспірімдер қылмысында олардың үлкендерге тәуелділігі мен қабілетсіздігінен туындайтын мотивтер пайда болады, яғни мүдделерін қамтамасыз етудің, қорғаудың дұрыс заңды жолдарын таба алмау. Осыдан дұрыс

тамақтанбаған балалардың тәтті, дәмді, тамақтарды ұрлау; отбасына қиянат жасаған өгей әкелерді, аналарды өлтіру; үйден қашу, қаңғыбастық, артынан ұрлықпен шұғыл материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру сынды құқық бұзушылықтар туындайды. Демек, бұл жерде мәселе биологиялық фактор болып саналатын адамның жасында емес, балалардың әлеуметтік дамуында. Олар өсіп, ересектерге тән позицияларды иеленген сайын кәмелетке толмағандар қылмысы жоғалады.

Диссертациялық жұмысымды зерттеу барысында Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына жүгінген болатынмын.

Жалпы біріншіден кәмелетке толмағандарға қатысты болғандықтан көп ақпараттар құпиялы негізде болды. Десе де сандық тұрғыдан алынған ақпаратқа сәйкес 2020-жылы тек кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар бойынша 20 адамға қатысты 14 қылмыстық іс түскен. Есепті кезеңде қаралып аяқталған. 12 адамға қатысты 11 іс бойынша үкім шығарылған, бас бостандығынан 8-і кәмелетке толмаған шектелген, 1 кәмелетке толмағанға шартты жаза берілген, 3 кәмелетке толмаған бас бостандығынан айырылған. 3 іс жәбірленушілермен татуласуына байланысты қысқартылған.

Ал 2021-жылы 9 адамға қатысты 5 іс түскен. 5 адамға қатысты 2 іс бойынша үкім шығарылған, бас бостандығынан 3 кәмелетке толмаған шектелген, шартты жаза 1 кәмелетке толмағанға берілген, 1 кәмелетке толмаған бас бостандығынан айырылған. 3 іс қысқартылған.

Сонымен қатар 2022-жылы 25 адамға қатысты 18 қылмыстық іс түскен. 9 адамға қатысты 9 іс бойынша үкім шығарылып, 6 кәмелетке толмаған бас бостандығынан шектелген, 1 кәмелетке толмағанға шартты жаза берілген, 1 кәмелетке толмаған бас бостандығынан айырылған, 1 кәмелетке толмаған ҚК-нің 68 бабының 3 бөлігінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған. Оған ҚК-нің 84-бабының талабына сай, 1 жыл мерзімге ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылған. 12 адамға қатысты 8 іс қысқартылған.

Сондай-ақ 2023-жылы 33 адамға қатысты 20 іс түскен. 3 іс кемшіліктерді түзету үшін қайтарылған. 11 адамға қатысты 10 іс бойынша үкім шыққан, оның 5 кәмелетке толмағаны бас бостандықтан шектелген, 3 кәмелетке толмаған бас бостандығынан айырылған, 3 кәмелетке толмағанға шартты жаза берілген, 5 іс қысқартылған. 28 адамға қатысты 18 іс қаралып аяқталған, 2 іс қалдықта қалған. 2024 - жылы 43 адамға қатысты 20 қылмыстық іс түскен. 35 адамға қатысты 19 іс қаралып аяқталған. 21 адамға қатысты 12 іс бойынша үкім шығарылған. Оның 10 кәмелетке толмағаны бас бостандықтан шектелген, 4 кәмелетке толмаған бас бостандығынан айырылған, 7 шартты жаза берілген. 6 іс қысқартылған. 1 іс қалдықта қалған. [29, 876]

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот тәжірибесі ата-ананың әлеуметтік институт ретінде әлсірегенін көрсетті. Өйткені бұрынғы ата-аналар балалардың өмірі мен денсаулығын тұрақты және сенімді қорғайтын, сонымен қатар жасөспірімдердің интеллектуалдық және адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін болды. Ата-аналардың әлеуметтік жағдайының болмауы (олардың арасында жұмыссыздардың көп болуы), азғындыққа салынған өмір

салты, алкоголизмнің өсуі, әсіресе әйелдер арасында қауіпті өмір жағдайындағы балалар санының өсуіне әкелді.

Отбасындағы жағымсыз қарым-қатынастар құқыққа қарсы мінез-құлық генезисіндегі компоненттердің бастыларының бірін құрайды. Осыдан криминологияда қылмысқа әкелетін себеп-салдарлық байланыстың екі бағыты танылған:

- 1) отбасында тұлғаның қолайсыз қалыптасуы (отбасының әлеуметтенуі);
- 2) жанжалды отбасылық жағдайлар.

Отбасындағы кәмелетке толмаған баланың теріс қалыптасуын зерттеуде ата-ананың отбасыға ықпалы қандай деген маңызды аспекті зерттеу қажет болып табылады. Отбасында теріс қалыптасуға әсер етудің қайнар көздері ретінде отбасындағы келіспеушілік және отбасы мен қоғам арасындағы келіспеушілік түрінде болатыны анықталды. [19, 386]

Кейбір жағдайларда кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылыққа апаратын отбасындағы ішкі келіспеушілік арқылы көрінеді, яғни балаларды қараусыз қалдыру, ата-ананың балаларын дұрыс тәрбиелей алмауы, ата-анасының ауру немесе олардың біреуінің болмауы, ерлі-зайыптылар немесе басқа отбасы мүшелері арасындағы дұрыс емес жеке қарым-қатынас, әке мен балалар арасындағы қақтығыс, көбінесе жасөспірімдердің өзін-өзі растауымен және тараптардың қабілетсіздігімен байланысты. Егер топтық санада бірлік болса, онда отбасындағы топтық сана мен қоғамдық сана арасында қайшылық болмайды. Осылайша ата-аналардың жаман үлгісін, кейбір жағдайларда олардың қоғамға жат мінез-құлқын балалар әрқашан сыни тұрғыда қабылдай бермейді.

Профилактикалық тұрғыдан алғанда қазіргі заманғы жағдайларда отбасы жаңа сыртқы факторлардың қысымына ұшырайтындығын ескеруіміз маңызды, өйткені соның салдарынан отбасындағы тәрбие ортасы қолайсыз болып қалды. Ересек адамдардың едәуір бөлігінің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделе алмауы, жұмыссыздық немесе еңбек функцияларының шамадан тыс жүктелуі, отбасының болашағы үшін қорқыныш, психологиялық шиеленіс және басқа да жағдайлар ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалдық байланыстың тарылуына, отбасының бірлескен бос уақытының аз болуына, отбасында балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарын бақылаудың төмендеуіне, ата-аналық беделдің төмендеуіне, отбасы мүшелерінің алшақтығына әкеліп соқтырады. Эмоционалды қолдаудың және сыртқы жағымсыз әсерлерден қорғанудың болмауы жасөспірімдерді отбасылық ортадан тыс өзін түсінетін ортаға ұмтылуға мәжбүр етеді. [55, 256]

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың туындауына әсер ететін себептердің бірі: отбасында және оқу орындарында, балалар үйлері мен интернаттарда тәрбиенің дұрыс емес әдістері, адамдық қадір-қасиеттерін қорлау, психикалық және физикалық зорлық-зомбылық көрсету.

Кең мағынада оқу орындарының (мектептердің) қызметіндегі кемшіліктердің криминологиялық мәні мынада: олар кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу функциясын орындауға міндетті, бірақ олар толық емес жүзеге асырады немесе отбасылық тәрбиедегі кемшіліктердің орнын толтыруға әсер етпейді және бейресми ортадағы жағымсыз әсерлерге қарсы тұрмайды.

Криминологиялық сипаттағы мектептің алдында тұрған маңызды мәселелерінің қатарында, мысалы, оқушылардың тұлғалық қасиеттерін жетілдірудегі білімнің жеткіліксіздігі, тәрбиелеу әдістерін қолдануда педагогикалық кемшіліктердің болуы, бастапқы оқуды меңгертуде бағаламаушылық және әрімен қарай түсінуге толық көмек көрсетпеу, бағыт бермеу, жасөспірімдерге кәсіптік тұрғыдан бағыт беруге назар аудармау және тағы да басқа.

Соңғы жылдары кәмелетке толмағандардың жеке басын қалыптастыруда мектептің ықпалы айтарлықтай әлсіреді.

Балалар мен жасөспірімдерді қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатыстырмау (жұмыссыздық, панасыз қалу, мектептен, колледждерден шеттетілуі) кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуінің маңызды факторы болып табылады.

Жұмыс істейтін жасөспірімдерге келетін болсақ, еңбек ұжымдарындағы тәрбиелік-профилактикалық іс-шаралар олардың жеке басының қалыптасуына белгілі бір тұрғыда әсер етеді.

Жасөспірімдік кезең адамның дамуы мен тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Бұл кезеңде әрекет ауқымы айтарлықтай кеңейіп, оның сипаты өзгереді, саналы мінез-құлықтың негіздері қаланады, моральдық түсініктер мен ұстанымдардың жалпы бағыты анықталады.

Бұл процестер физиологиялық және психологиялық дамудың қарама-қайшылықтары аясында, рухани қалыптасу үдерісімен қатар жүреді. Сондықтан да жасөспірімдік кезеңді мамандар күрделі әрі ерекше кезең ретінде сипаттайды.

Бұл жас кезеңі өтпелі, күрделі, қиын, сындарлы деп сипатталады. Сондықтан айналадағы адамдармен қарым-қатынаста кейбір реакциялардың жеткіліксіздігі, әрекеттер мен мінез-құлықтағы қайшылықтар байқалады. Мұны ересектер көбіне аномалия немесе қоғамдық нормалардан ауытқу деп қабылдайды. [14, 146]

Бұл жастағы рухани дамуда кездесетін табиғи қайшылықтар мыналар: Зұлымдық пен әділетсіздікке төзбеушілік, әділетсіздікпен күресуге дайындық, бірақ өмірдің күрделі құбылыстарын түсінбеу.

Жақсы болуға ұмтылу, идеалдарға еліктеу, бірақ ересектердің тәрбиелік әсерін қабылдамау.

Өзін көрсетуге деген ұмтылыс, бірақ оны өркениетті түрде жүзеге асыра алмау.

Кеңес пен көмекке мұқтаж болу, бірақ ересектерге жүгінгісі келмеу.

Қалауларының көптігі, қажеттіліктерінің әртүрлілігі және оларды іске асырудағы тәжірибе мен мүмкіндіктердің шектеулілігі.

Индивидуализмге, эгоизмге және шамадан тыс өзін-өзі сүйуге деген қарсылық.

Романтикалық көтеріңкі көңіл-күй мен дөрекі қылықтар.

Ғылыми жетістіктердің шексіздігіне таңдану, бірақ оқуға немқұрайлы қарау.

Ересектік сезімі. Жасөспірімдік кезеңнің маңызды ерекшеліктерінің бірі - ересектік сезімі. Бала өсіп, ер жетті дегенде, оның өмірге деген дайындық деңгейін, қоғамдағы ересек адамдар сияқты әрекет етуге ұмтылысын меңзейді. Сырттай қарағанда, жасөспірім өзгермейді: ол әлі де бала, бірақ өзін кішімін деп санамайды. Ол ересектердің әлеміне қадам басып, өзін олардың қатарына қосуға тырысады.

Алайда объективті тұрғыдан алғанда, ол әлі де өмірлік тәжірибесі жоқ бала болып қала береді. Ересектікке ұмтылғанымен, ол толық жауапкершілікті қабылдауға дайын емес. Оның ересектік туралы түсінігі көбіне сыртқы атрибуттарға (киім, сөйлеу мәнері, мінез-құлық) негізделген.

Ересектік сезімі әртүрлі салаларда көрінуі мүмкін. Мысалы:

Ғылыми немесе шығармашылық қызметке деген қызығушылық. Жасөспірім белгілі бір ғылым немесе өнер саласына терең бойлап, өзін-өзі дамытуға тырысады.

Отбасы мен жақындарына қамқорлық жасау. Ол күрделі немесе күнделікті мәселелерді шешуге қатысып, мұқтаж адамдарға көмектесуге дайын болады. Бірақ моральдық санасы әлі толық қалыптаспағандықтан, тек аз бөлігі ғана өз еркімен басқалардың әл-ауқатына жауапкершілік алуға қабілетті.

Әлеуметтік немқұрайлылық. Қазіргі қоғамда бұл кең таралған құбылыс.

Жасөспірімнің ішкі дүниесінде өзгерістер орын алады. Оның өзіндік ұстанымы қалыптасады: ол өзін ересек санап, басқалар да оны солай қабылдағанын қалайды. Ол ересектердің өзіне тең дәрежеде қарағанын қаласа да, ересектерден көбірек құқықтар талап етеді, бірақ міндеттерді қабылдағысы келмейді.

Өзіндік дербестікке деген ұмтылыс көбіне бақылауды және ересектердің көмегін жоққа шығарумен көрінеді. Мен өзім білемін деген ұстаным пайда болады. Ата-аналарға тек қарсылық білдіру ғана қалады. Бірақ шын мәнінде, бұл еркіндік көбіне ата-аналардың көмегімен жүзеге асырылады. [54, 256]

Жасөспірімдердің дербестікке ұмтылысы көбіне бақылаудан және көмектен бас тарту арқылы көрінеді. Жиі айтылатын сөздері, ол мен тек өзім ғана білемін. Ата-аналарға тек осы жағдаймен келісіп, баласын өз әрекеттеріне жауап беруге үйретуден басқа амал қалмайды. Өмірдің өзі оларды осыған мәжбүрлейді. Өкінішке қарай, мұндай еркіндік – бұл жастағы ата-аналар мен балалар арасындағы негізгі қақтығыстардың бірі.

Жасөспірімнің өз көзқарасы, талғамы, бағалаулары және мінез-құлық үлгілері қалыптаса бастайды. Бұл ең алдымен белгілі бір музыкалық стильге деген қызығушылық арқылы көрінеді.

Жоғары жасөспірімдік кезең айқын эмоционалдық тұрақсыздықпен және көңіл-күйдің күрт өзгеруімен сипатталады. Бұл жастағы қатты эмоционалдық толқулар жиі сырттай сабырлылықпен, қоршаған ортаға деген ирониялық көзқараспен алмасады. Өзін-өзі талдауға бейімділік пен рефлексия кейде депрессиялық көңіл-күйдің пайда болуына ықпал етуі мүмкін (тіпті суицидтік мінез-құлыққа дейін). Жоғары сынып жасындағы жасөспірімдер мақсаткерлік пен табандылықты импульсивтілік пен тұрақсыздықпен қатар алып жүреді.

Өз пікіріне тым сенімді болу мен жеңілтектік бірде батылдыққа, бірде сенімсіздікке ауысып отырады. Қарым-қатынасқа деген қажеттілік кейде оқшаулануға ұмтылыспен алмасады. Ашықтық – тұйықтықпен, романтизм – ойшылдықпен, асқақ сезімдер – құрғақ рационалдылықпен, шынайы мейірімділік – қаталдықпен қатар жүруі мүмкін. [47, 1436]

Жасөспірім кезеңіндегі маңызды процестер:

Қоршаған әлемнің құрылымын түсіну;

Өзінің қоғамдағы орны мен болашағын анықтау;

Өзіндік көзқарастардың қалыптасуы және өмірлік бағдарлардың орнығуы.

Бұл процестердің табысты өтуі жасөспірімнің әлеуметтік бейімделуіне және өзін-өзі тануына тікелей әсер етеді. Егер мен шынайымын мен мен кереметпін арасындағы алшақтық тым үлкен болса, бұл мінез-құлықтың бұзылуына және әлеуметтік-психологиялық бейімделудің қиындауына әкелуі мүмкін.

Жасөспірімдер арасындағы көптеген мәселелер дәл осы мен шынайымын мен мен кереметпін арасындағы сәйкессіздіктен туындайды. Сонымен қатар мен тұжырымдамасы төмендесе, жасөспірім өзін еріксізбін, мені менсінбеді деп сезінеді.

Ересектікке өту. Қарсылық пен бүлікшілдіктен кейін жасөспірімдер біртіндеп өз мәдени ортасының құндылықтарын қабылдай бастайды. Жеке тұлға қалыптасқан сайын эгоцентризм әлсіреп, моральдық міндеттемелер өзара түсіністік пен келісімге негізделі бастайды. Ересектікке жақындаған сайын мінез-құлық тұрақталып, әлеуметтік сипатқа ие болады.

Протест пен қақтығыстардан соң жас адамдар өздерінің мәдениетті орталарында біршама құнды қасиеттерді қабылдай бастайды. Өсе келе және эгоцентризмнен бас тартқан сайын, моральдық міндеттер өзара әрекет ретінде көрініп, басқалардың бағалауы қабылданады. Осылайша, жас жеткіншектердің алға қарай өрлеу негіздері неғұрлым айқын әрі әлеуметтік тұрғыдағы сипатта бола бастайды.

Жасөспірімдік кезеңдегі даму схемасын келесідей көрсетуге болады:

Жалпы эмоционалдық жетілу – деструктивті (бұзушы) сезімдер мен тепе-теңдіктің жетіспеушілігінен конструктивті сезімдер мен тепе-теңдікке, субъективті және объективті түсінікке көшу.

Қызығушылықтардың тұрақталуы – бірдей қызығушылықтардан әртүрлі қызмет түрлеріне деген қызығушылыққа ауысу.

Жыныстық жетілу – жыныстық қызығушылықтан жыныстық жетілудің толыққанды мойындалуына көшу.

Әлеуметтік жетілу – құрдастар тобы арасындағы сенімсіздіктен сенімділікке, қоғамдағы ыңғайсыздықтан еркіндікке, құлдық еліктеуден эмансипацияға (дербестікке), қоғамдағы қажетсіздіктен оған келісуге көшу.

Ата-ананың қамқорлығынан босану – ата-ананың қолдауын іздеуден өзіндік күшке сүйенуге көшу. [12, 64 б]

Интеллектуалдық жетілу – беделге деген соқыр сенімнен дәлелдерді талап етуге, фактілерден түсіндіруге, көптеген үстірт қызығушылықтардан бірнеше тұрақты қызығушылықтарға ауысу.

Мамандық таңдау – беделді мамандықтарға деген қызығушылықтан өз мүмкіндіктеріне сай келетін мамандықты таңдауға көшу.

Бос уақытты пайдалану – жеке ойындарға деген қызығушылықтан өз күшін көрсетуге, шығармашылық әрекеттерге, ұжымдық ойындарға қатысуға, ойындар мен спортта жетекшілік етуге ұмтылу.

Өмірлік ұстанымды қалыптастыру – ұмтылыс пен көзқарастардан әлеуметтік маңызды әрекеттерге, жаңа ережелер мен тәртіпті қабылдауға көшу,

осы жасқа тән жаңа қасиет ретінде ересектікті дамыту.

Отбасындағы жағдай және ата-анамен қарым-қатынас. Отбасы – бұл баланың тұлғасы қалыптасатын әлем. Бала қандай жағдайда өсіп тәрбиеленсе, оның мінезі, дүниетанымы мен болашақ өмір жолы соған байланысты болады.

Жасөспірімнің ата-анасымен қарым-қатынасы оның тұлғасына үлкен әсер етеді. Ата-анасының шынайы, саналы сүйіспеншілігін сезінбеген бала өзіне деген сенімділікті аз иеленеді. [41, 146]

Жасөспірімдер ата-ананы еліктеу нысаны ретінде қабылдайды және олардан ата-анаға тән сүйіспеншілік күтеді. Бірақ ата-аналар үшін өздерінің енді қалыптасып келе жатқан тұлғалары бар балаларын түсіну қиын. Ата-аналар тәрбиеде демократиялық стильді ұстанған кезде жасөспірімдермен ең жақсы қарым-қатынас орнайды.

Ата-аналар жасөспірімдердің дүниетанымының ерекшеліктерін жиі түсіне бермейді. Олардың әрекеттері өзара түсіністіктің болмауына әкеледі. Сондықтан ата-аналар арасындағы ұрпақтар арасындағы қақтығысты азайту үшін баланың әлі толық қалыптаспаған тұлғасын қабылдауға тырысуы керек.

Жоғары өзін-өзі құрметтеу. Жасөспірімдердің ата-анасымен ең жақсы қарым-қатынасы көбінесе ата-аналар демократиялық тәрбиелеу стилін ұстанған кезде қалыптасады.

Ата-аналар жасөспірімдер үшін еліктеудің үлгісі болып табылады. Балалар ата-анасынан түсіністік пен қолдау күтеді, бірақ ата-аналар өтпелі кезеңде балаларының тез өзгеріп жатқан психологиясын түсіну қиынға соғады. Ата-аналар мен балалар бір-бірінің бағаларын және өзін-өзі бағалауын жиі дұрыс түсінбейді. Осыдан ұрпақтар арасындағы мәңгілік қақтығыс туындайды. Оны барынша азайту үшін жасөспірімнің әлі толық қалыптаспаған жеке тұлғасын белгілі бір автономды шындық ретінде қабылдау қажет, өз ұлыңыз бен қызыңызды қамқорлық пен бақылау нысаны ретінде емес, тең құқықты адам ретінде көру керек. [18, 68 б]

Отбасылық жағдайлар, соның ішінде әлеуметтік мәртебе, кәсіп түрі, ата-аналардың материалдық деңгейі мен білім деңгейі баланың өмір жолын айтарлықтай дәрежеде анықтайды. Ата-аналардың саналы, мақсатты тәрбиесінен бөлек, баланың тұлғалық қалыптасуына отбасындағы жалпы атмосфера әсер етеді.

Балаларға ата-аналар тарапынан ықпалын тигізетін көптеген психологиялық әсер ететін тетіктер бар:

1. Күшейту: үлкен адамдар дұрыс деп есептейтін мінез-құлықты мадақтап, норманың шегінен шыққаны үшін жазалаулары арқылы балаларының санасына шектен шықпаушылықты қалыптастыратын түйсіктерді енгізеді. Уақыт өте келе, сол нормаларды сақтау бала үшін әдетке және ішкі қажеттілікке айналады.
2. Идентификация: бала ата-анасына еліктейді, олардың үлгісіне қарап бағыт алады, солар секілді боламын деп талпынады.
3. Жасөспірімдердің ішкі жан дүниесін білу, олардың мәселелеріне сезімталдықпен үн қату арқылы отбасындағы ересектер олардың өзіндік санасы мен қарым-қатынас қабілеттерін қалыптастырады.

Жасөспірімнің көзқарасы бойынша ата-анасы бірнеше рөлде көрінеді:  
эмоционалдық жылу мен қолдаудың қайнар көзі ретінде (онсыз жасөспірім өзін қорғансыз және дәрменсіз сезінеді);

билік, директивті орган, марапаттар мен жазалардың реттеушісі ретінде;  
еліктеуге лайық үлгі, даналық пен жеке адами қасиеттердің бейнесі ретінде;  
сенімді кеңесші әрі аға дос ретінде.

Алайда, бұл рөлдердің арақатынасы мен әрқайсысының психологиялық маңыздылығы баланың жасына байланысты өзгереді.

Өтпелі жас – баланың ата-анасынан тәуелсіздену кезеңі. Бұл процесс күрделі және көп өлшемді. Алайда ата-ананың үлгісі балалық шақтағыдай абсолютті және сыни қабылданбайды. Жасөспірімде ата-анадан басқа да беделдер бар. Бала өскен сайын, ол идеалдарды жақын ортасынан ғана емес, кеңірек қарым-қатынас шеңберінен (қоғамдық-саяси қайраткерлер, кино мен әдебиет кейіпкерлері, музыканттар) іздейді. Бірақ жақындары мен үлкендердің мінез-құлқындағы барлық кемшіліктер мен қарама-қайшылықтар өткір әрі ауыр қабылданады.

Жасөспірімдер ата-аналарынан ең алдымен дос пен кеңесші рөлін көргісі келеді. Өзіндік дербестікке деген ұмтылыстарына қарамастан, ұлдар мен қыздар үлкендердің өмірлік тәжірибесі мен көмегіне мұқтаж. Көптеген мазалайтын мәселелерді жасөспірімдер құрдастарымен талқылай алмайды, өйткені оған намыс жол бермейді.

Өзін-өзі сүйю, әрі сен сияқты аз ғана өмір сүрген адамның қандай кеңес бере алатыны күмәнді. Отбасы – жасөспірімнің өзін ең жайлы әрі сенімді сезінетін орны болып қалады. [36, 279 б]

Жасөспірімдер мен ересектер байланысындағы жағымсыз тұстардың мәні мынада: бір жақтан алсақ жеткіншектер тәуелсіз болуды қалайды, қамқорлыққа қарсы шығады; екінші жақтан алсақ өмірдің соқпақтарына кез болғанда, қорқыныш сезініп, ересектерден көмек пен қолдау күтеді, бірақ мұны ашық мойындауға әрдайым дайын бола бермейді.

Эмансипация реакциясының екі тенденциясы ерекшеленеді:

1. Тәуелділіктен арылу деп мүлдем бой ұсынбауды, ерсі қылықтар көрсетіп, қырсықтыққа салынып, үлкендердің пікірлерін және нұсқауларын тікелей елемеу, бар тәртіптер мен дәстүрлерді елемеу, алкогольизм, нашақорлық, құқық бұзушылықтар.

2. Жасырын эмансипация: үйден қашу, жыныстық еркіндік, бейресми топтар құру.

Жасөспірімдердің мінез-құлқының ерекшеліктері. Жасөспірімдік кезеңге белгілі бір мінез-құлық үлгілері мен психологиялық ерекшеліктер, сондай-ақ қоршаған әлеуметтік ортаның ықпалына реакциялар тән. Олар мыналарды қамтиды: эмансипация реакциясы, құрбылармен топтасу реакциясы, әуестену (хобби) реакциясы. [34, 287 б]

Эмансипация реакциясы. Бұл реакция жасөспірімнің ересектердің қамқорлығынан, бақылауынан, қамқорлығынан босатылуға тырысатын мінез-құлық түрін білдіреді. Бұл қажеттілік дербестікке деген айқаспен, тұлға ретінде дәлелдеумен іспеттес. Әрекеттестік жалпыға ортақ шектерді, жүріс-тұрыс

нормаларын орындамау, үлкен адамдардың адамгершілік және рухани құндылықтарын жоққа шығару арқылы көрініс табады. Титтей қамқорлық, түр сипатты нормадан асып бақылауға алу, аз ғана еркіндік пен дербестіктен айыру арқылы жазалау жасөспірімдердің қақтығыстарын күшейтіп, оларды шектен шығуға итермелейді: сабаққа бармау, мектептен немесе үйден кету, қаңғыбастық.

Құрбылармен топтасу реакциясы. Жасөспірімдерде құрбыларымен бірігуге деген табиғи ұмтылыс бар, бұл бірімен қоғам мүшесі ретінде байланысу дағдыларын дамытуға, топтық тәртіптемеге бағынуды үйренуге, абыройлы атаққа ұмтылу және ерекше мәртебеге қол жеткізуге көмектеседі. Құрбылар ұжымдасуында жеткіншектердің өздеріне сенімділікпен баға берулері қалыптасады. Ол ересектердің сынын қабылдамай, құрбыларының пікірін жоғары бағалайды.

Әуестену реакциясы (хобби). Жасөспірімдік кезеңдегі әуестену жеке тұлғаның қалыптасуы үшін өте маңызды, себебі хобби арқылы жасөспірімдердің бейімділігі, қызығушылықтары мен жеке қабілеттері дамиды.

Хоббидің түрлері:

Ой еңбегі мен эстетикалық әуестенулер: әуен, сұлбалар салу, техникалық құрылымдар, т. с. с.

Жинақтау әуестенулері: марка, пластинка, ашықхат жинау.

Эксцентрикалық қызығушылықтар (жасөспірімдердің назар ортасында болуға деген ұмтылысы экстравагантты киімдерге, театрға, сахнаға қызығушылыққа әкеледі).

Дене-мануалды қызығушылықтар (спортпен айналысу, сондай-ақ бір нәрсе жасауды үйренуге, кесте тігуге, велосипед, мотоцикл немесе автокөлік жүргізуге талпыныс).

Құмарлық қызығушылықтар (карта ойындары, хоккей мен футбол матчтарына ақша тігу, әртүрлі ақшаға бәс тігу, спортлотоға қызығушылық).

Ақпараттық-коммуникативтік қызығушылықтар (ақпарат алуға құмарлықпен көрінеді - кездейсоқ таныстармен ұзақ әңгімелесу, айналада болып жатқанның бәріне қарап тұру, детективті-шытырман оқиғалы фильмдер, кейде осы мазмұндағы кітаптарды оқу, теледидар алдында сағаттап отыру).

Жасөспірімдердің қызығушылықтарын білу олардың ішкі әлемі мен сезімдерін жақсырақ түсінуге, сондай-ақ жасөспірімдер мен ересектер арасындағы өзара түсіністікті жақсартуға көмектеседі. [56, 18 б]

Қызығушылықтар жасөспірімдердің мінез-құлық ережелерін бұзуға негіз болуы мүмкін. Бұл немесе хобби шамадан тыс қарқындылығына байланысты, яғни соның кесірінен оқу, жұмыс, күнделікті істер еленбейді және тіпті жеке амандығына қауіп төнеді, немесе қызығушылықтың ерекшелігіне, оғаштығына және тіпті ассоциалды мазмұнына байланысты болуы мүмкін.

## **2.2 Кәмелетке толмағандардың психо-физиологиялық ерекшеліктерінің мазмұны**

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының тұлғалық ерекшеліктері психология аспектісімен өлшенеді, бұл жас мөлшеріне сәйкес – 14-18 жасқа тән

ерекшелік, сондай-ақ қалыптасып келе жатқан тұлғаның және оны қоршаған ортадағы әлеуетпен (социум) нақты өзара әрекеттесуінен туындайды. Бұл жасөспірімдер үшін әлеуметтік ауыртпашылық болып табылады.

Жасөспірімдер бір мезгілде өздерінің дүниетанымының қалыптасуында ең қиын кезеңді бастан кешеді және сол уақытта өзі үшін және қоғам үшін ең жауапты болып табылады, өйткені бұл кезеңде белгілі бір әлеуметтік мінез-құлық қалыптасады.

Жасөспірімдік кезең адам өмірінде үлкен физиологиялық өзгерістер тудыруымен сипатталады, бір жағынан бұл әлемді түсінуін шыңдайды, көбінесе жастық максимализмге әкеледі, бұл кейбір жағдайларда қоғамда түрлі құқық бұзушылықтар салдарын тудырады.

Жасөспірімдік шақтың физиологиясы мен психологиясы жетекші психологтармен зерттелді. Бұл проблеманы зерттеу әлемнің көптеген елдерінің заңгер ғалымдарының алдында да өте маңызды болды, өйткені жасөспірімдердің психологиялық құрылымының ерекшеліктері бірқатар мәселелерді тудырады, сондай-ақ жасөспірімдер психикасының ерекшелігін білу арқылы өте жағымсыз салдарлардың алдын алуға болады. [57, 49 б]

Ең алаңдатарлық жағдай әлеуметтік ортада 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдер қалыптасуда, олардың психикасы мен физиологиясы өте теңгерімсіз және депрессияға өте жақын болатын жас кезеңі. Сол себепті жасөспірімдердің осы әлеуметтік кіші топтарының өзара түсіністіктерін толыққанды қалыптастыра алсақ, олардың мінез-құлықтарындағы жағымды аспектілер соғұрлым нығаяды және жағымсыз аспектілердің алдын алады, жояды, болдырмайды.

Белгілі болғандай, жасөспірімдердің микроәлемі олардың отбасы, мектебі, ауласы (көшеде ойнап өскен) болып табылады, ол олардың алғашқы дүниелік санасын қалыптастырады, олардың өмір сүруінің белгілі бір қоғамын қалыптастырады. Ал жасөспірімдердің микроортасында олардың алғашқы психикасының осал негіздері қалыптасуы ықтимал деген түсінік қалыптасады.

Демек, біздің ойымызша, жасөспірімдердің мінез-құлықтарын әлеуметтік-психологиялық детерминациялау мәселесі туындайды, оның ішінде криминогендік сипаттағы мәселесі алаңдатады.

Жасөспірімдік шақта мінез-құлықтың реакциясының тежелу деңгейі өте төмен, бірақ керісінше әрекет ету белсенділіктері артады, бұл мінез-құлықтағы тұрақсыздықтың жоғары дәрежесін көрсетеді, сонымен бірге олардың мотивациялық іс-әрекеттерін де (көбінесе болжау мүмкін емес), іске асыру ниеттері мен формаларын да анықтайды. Әдетте, жасөспірімдер аяқ астынан (тосын қалауларының әсерінен) ешбір себепсіз, заңсыз әрекеттерге барады да, оның салдары туралы ойланбайды.

Жасөспірімдердің психикаларының мұндай тұрақсыздығы мен ауыр физиологиялық жағдайлары қоғамға қарсы бағытталған мінез-құлықтарының дамуына әкеліп соқтырады. Бұл ерекше түсіну мен іс-әрекет жасауды талап етеді. Жасөспірімнің криминогендік мінез-құлқын қалыптастыруда оның әлеуметтік талаптардың табиғатына, қоғамдық моральдың негізгі қағидаларына, мінез-құлық ережелеріне психологиялық қатынасы ерекше анықталады. [48, 27 б]

Кәмелетке толмағандардың дұрыс моральдық-құқықтық көзқарастары олардың қоғамдық ортада, моральдық-құқықтық және басқа да әлеуметтік нысандардың біртұтас жүйесінде айтылған нәрселерге көзқарастарын көрсетеді. Қоғамның талаптарына сәйкес жасөспірімдердің мінез-құлық сипаты мен тұлға ретінде дамуының негізі қаланады. Бұл жаста максимальды тұрғыда жасөспірімдердің айналасындағы микроортаға және өздеріне де қарым-қатынастары өте жоғары деңгейде адалдықты, шыншылдықты талап етуден көрініс табады.

Жасөспірімдердің айналасындағы орталарына мұндай жоғары эмоционалдық күйлері негізіндегі жастық максималистік қатынастары олардың сана деңгейлерінде заңсыз ниеттің қалыптасуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар криминогендік факторлардың жүзеге асыруларына әкеледі. Бұндай сезімдер зорлық-зомбылық көрінісімен (ашу, ашулану) айқындалады.

Иә болмаса, терең эмоционалдық құлдыраумен шектесетін шектен тыс оқшаулануға әкеледі, яғни жасөспірімнің криминогендік мінез-құлқының қалыптасуы негізінде табиғи-физиологиялық, әлеуметтік, моральдық-құқықтық детерминанттарды ажырата аламыз. Оларды жүзеге асыру шарттар мен алғышарттардың жиынтығына байланысты және бұл жерде нақты себеп-салдар байланысын күшейтетін факторларды ажырату маңызды, сонымен қатар жасөспірімдердің тұлғасы мен мінезін қалыптастыратын алғышарттарда маңызды рөл атқарады.

Қылмыстық (криминогендік) сипатқа жақын жасөспірімдердің мінез-құлықтарының ең типтік қасиеттерін бөліп көрсету қажет. Зерттеушілер көп жағдайларда жасөспірімдердің ашуланшақтық, агрессивтілік қақтығыстарға бейімділік сынды қасиеттерін басымдылық бере отырып көрсетеді. Сонымен қатар толқудың басымдылығы факторы жасөспірімнің өзінің және өзінің қатысуымен жанжалды жағдайды шешуін тездетеді. [35, 38 б]

Еріктілік қасиеттеріне қарай жасөспірім-құқық бұзушылар келесі түрлерге бөлінеді:

біріншіден, ерік-жігері күшті, жақсы ұйымдастырушы жасөспірімдер; Олар бірқатар жағдайларда қылмыс жасаған тұлғалар ретінде жалғыз әрекет етеді немесе қылмыстық топтардың жетекшілері;

екіншіден, әйтсе қылмыстық әрекетті дайындау мен істеуге активті бірігушілер, іріктеп көрінетін жағымсыз сипаттағы өз ерік ықтиярлары бар жеткіншектер;

үшіншіден, әдетте бейресми топтар арқылы қылмыс жасауға тартылатын ерік-жігері әлсіз жасөспірімдер. [40, 16 б]

Жасөспірімдердің криминогендік мінез-құлқын қалыптастыруда және іске асыруда психологиялық-физиологиялық факторлардан басқа әлеуметтік детерминанттың маңызы зор, яғни жасөспірімдердің әлеуметтік микроортасының ерекшеліктері олардың көңіл-күйлеріне сәйкес құқыққа қайшы әрекеттер жасауға итермелейтін дүниетанымдары қалыптастырады. Қоғамдық жағдайлардың күрт өзгеруі де қоғамдағы қылмыстың өсуіне әкеледі, бұл ретте бұрынғы әлеуметтік жүйенің моральдық негіздері сақталады.

Бірқатар патогендік алғышарттарды ескеру қажет, олар мыналарды

қамтиды:

отбасының теріс ықпалы;

жақын тұрмыстық, өндірістік және тағы басқа ортаның теріс әсері (жаман үлгі немесе үлкендердің, құрдастардың сыбайластық әсері);

кәмелетке толған қылмыскерлердің арандатуы;

оқуын тастап кеткен кәмелетке толмағандардың белгілі бір қызмет түрлерімен ұзақ уақыт айналыспауы;

БАҚ таратқан теріс ақпарат.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың аталған алғышарттары қылмыскерлерге қолайлы жағдай туғызатын жағдайларда ғана қылмыстарды тудыруы мүмкін. Ондай жағдайлар:

отбасында жасөспірімнің мінез-құлқына, қарым-қатынасына, уақытын өткізуіне тиісті қадағалаудың болмауы;

жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу жүйесінің жоқтығы;

жасөспірімнің әлеуметтік микроортасының өмір сүру деңгейінің төмендігі.

Жасөспірімдердің заңсыз әрекеттерінің көпшілігі бос уақыттарын бірге өткізу үшін қосылған зиянды орталарының теріс әсерімен анықталады. Жасөспірімдердің әрекетіне ересек адамдардың теріс мінез-құлқы әсер етуі мүмкін. [58, 115 б]

Бұған көбінесе жасөспірімдердің келесі жас ерекшеліктері ықпал етеді: тым сенгіштік, ойшылдық, аңғалдық, тәжірибесіздік, кейде басқалардың және өзінің мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалай алмау.

Мұндай жағдайларда ата-аналар балаларына әсер ететін басқа ортаны толықтай басқара алмайды. Бірақ олардың (ата-аналардың) нақ сол социумның әсерін байқай алатын мүмкіншіліктері бар. Сол арқылы егер отбасында ата-ананың беделі жоғары болса, онда көп жағдайда отбасында жеткілікті ұжымдық байланыс, сенім, өзара түсіністік арқылы жақсы жаққа тәрбиелеп алуға болады. Бұл тәжірибеде қалыптасқан маңызды аспекті.

Әлі де криминогендік жағдайларға тән болып табылатын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылыққа жасөспірімдер арасындағы маскүнемдік пен ішімдікке деген құмартушылық әсер етеді.

Келесі фактіні атап өткен жөн: 1985-1992 жылдар аралығындағы алкогольге қарсы белсенді науқан кезеңінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстарды талдағанда жасөспірімдер қылмысының төмендегенін көрсетті.

Жасөспірімдердің мас күйіндегі жасаған қылмыстық әрекеттері тек қана ауырлатылған қылмыстық зардаптарға әкеліп соқтырмайды. Сонымен қатар оларға қателіктердің қайталануын болдырмау үшін не істеуге болатындығын түсінуге мүмкіндік бермейді. [62, 26 б]

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың себептері ерекше. Олардың негізгілері тұлғаның қалыптасуына және оның өмірлік іс-әрекетінің саласына қатысты. Криминологтар атап өткендей, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жолда қалыптасудың типтік механизмдері: отбасында баланы тәрбиелеу негіздерін білмейді немесе тәрбиелей алмайды; білім беру мекемесіндегі сәтсіздіктер, мұғалімдермен немесе ортамен конфликттер; бос уақытты тиімді пайдалана алмау, әдепсіз немесе қылмыстық мінез-құлықпен

сипатталатын адамдармен жақындасу.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың тағы бір ерекшелігі бұл құқық бұзушылардың арасындағы жүйке-психикалық ауытқулары бар адамдардың көп болуы. Қылмыс жасаған жасөспірімдер көпшілігінде физикалық тұрғыдан денсаулықтарының нашар екендіктері байқалмайды.

Бірақ зерттеулер көрсеткендей, жүйке-психикалық бұзылулар кәмелетке толмаған қылмыскерлерде заңға бағынатын жолдастарына қарағанда бірнеше рет кездеседі.

Дегенмен олардың барлығының есі дұрыс емес және кішігірім аурулармен және психопатиялық сипаттағы белгілермен ауырады немесе аурудың тұқым қуалаушылықтың нәтижесінде пайда болды деген сөз емес, керісінше қолайсыз жағдайлар мен дұрыс емес тәрбиенің нәтижесінде алынған ауытқушылықтар. Бұл біздің қоғамымызда пайда болған объективті тұрғыда түсіндіретін мәселелер.

Бұл өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі, заңда көзделген құқықтар мен кепілдіктердің сақталмауы, кәмелетке толмағандар мен жастарды қиын жағдайға душар ететін негіздер: жұмысқа қабылдаудан бас тарту және заңсыз жұмыстан шығару, жұмыс берушілердің қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыруға және осы санаттағы адамдарды қабылдау үшін резервтер белгілеуге міндеттейтін нормаларды орындауға деген әрекетсіздіктері.

Бұл тұрғыда мемлекеттік жұмыспен қамту қызмет саласы дұрыс емес әрекеттер жасауда, өйткені кәмелетке толмағандар мен жастардың жұмыссыздығының алдын алу үшін еңбек нарығына қажетті мамандықтарға оқыту секілді шараларды қолданбай отыр.

Сонымен қатар органдар мен арнайы құзыреттіліктері бар мекемелер өскелең жас ұрпақтың салауатты өмір сүріп, міндетті әрі тегін орта білім алуларына, демалуға, еңбек етуге, ата-аналарынсыз қалған балаларды жетілдіруге, оқытуға, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаған жағдайда оларды қайта тәрбиелеуге міндетті. Бұл өскелең ұрпақтың құқықтары мен заңды мүдделерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету тетіктерінің әлі толық әзірленбегенінен айқын көрінеді.

Жасөспірімдердің психологиялық тұрғыдағы даму заңдылықтарына мінездеме беретін болсам, жас ерекшелік кездеріне байланысты біршама өзгерістер орын алады, индивид ретінде көптеген ауытқушылықтар көрініс табады. Олар көбінесе үлкен адамдар секілді болғысы келеді, сол себепті еліктеушілік арқылы өздерін бейне бір ересекпін деп мойындату үшін әртүрлі әрекеттерге барады. Дәл осы тұста айналасындағы олардан үлкен саналатын адамдар дұрыс жолға сілтеулері қажет болады. Өйткені бұндай периодта олардың даму негіздері өте тез жүреді. [43, 48 б]

Сондықтан олар көп жағдайда өз әрекеттерінің мәнісіне үнілмей, бірден ашуланшақтық секілді мінездеріне бой алдырып, төбелесуге, жанжалға бейім болады. Және де дәл осы сәтте олардың қоршаған ортаға деген, адамдарға деген өзіндік идеологиялық ұстанымдары қалыптасады. Сол себепті сыртқы киім киісімен болсын, сөйлеу манерасына ма, әлде жүріс-тұрысына немесе имиджіне қызығып, өздеріне үлгі боларлықтай тұлғаларды іздейді және соларға еліктейді.

Көбінесе теледидардағы фильмдерден, сериалдардан, бағдарламалардан көріп, кейде тіпті олардың теріс ықпал етіп жатқанын сезбей де еліктей береді. Бұл балалық шағынан қалыптасқан табиғи мінездері мен қасиеттерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін болады.

Осы тұста кейбір ғалымдардың пікірлерін назарға алсақ, олардың ойынша нақты мінездері мен қылықтары жағымсыз жасөспірімдерді дереу анықтап, оларға нақты заңдылыққа сәйкес шараларды қолданса, бұның бірі де болмас еді деп топшылайды.

Әлі де сол тәрбие жұмысының кемшілігі деп қарастырады. Бірақ бұл тұста сананың да өзіндік рөл атқаратындығын ұмытпауымыз керек. Себебі ата-ана, отбасы, педагогтер қауымы балаға жаман болсын демейді, сәйкесінше бар тағылымы мол тәрбиені сіңдіру жолында еңбек ететіндіктері сөзсіз.

Жоғарыда атап өткеніміздей қылмыскер тұлғасы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу кезінде қажетті дерек көздері болып табылады. Өйткені жауаптылықты көздеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың дәрежесін айқындауға көмектеседі.

Барлық құқық салаларына тән болып табылатын гуманизм немесе ізгілік қағидасы тіпті сот алдында үкім шығарар кезінде де басты рөлді атқарады. Себебі адамның құқықтары, бостандықтары тіпті жасаған теріс қылықтарынан да жоғары болып табылады.

Кәмелет жасына жетпегендердің жауаптылық мәселелері әлі де болсын тұрақсыздықтары бар жас ерекшеліктеріне орай заңнамада нақты қарастырылған. Бұл кезеңде олар қылмыс па әлде есерсоқтық па, тентектік пе әлде жәй ермелік пе оны да ажырата алмайтыны белгілі.

Сондықтан басым көпшілігінде олар жасаған әрекеттерінің ауырлығы дәрежесін ұғына да алмайды. Бірақ та бір жақты пікірмен олар сол қалпы қалыптасып қалады деуге де болмайды, өйткені өсе келе оларда жақсылыққа бет юұра алады. Тек осындай өтпелі кезеңде дұрыс жөн сілтеуіміз қажет.

Ересектер секілді жасөспірімдердің де тұлғасын қалыптастыру үшін психологиялық та, физиологиялық та, яғни тірішілік иесіне тән барлық қасиеттерімен сипатталады. Өйткені қылмыстың субъектісін айқындау үшін заңдылықтарға сүйеніп, белгілі бір жасқа толу немесе есінің дұрыс екендігі секілді жүйелі жұмыстар атқарылады. Кәмелетке толмаған қылмыскер тұлғасы сан алуандылыққа ие. [46, 205 б]

Дегенмен де басқалар секілді оларда қоғамға қауіпті адамдар ретінде танылады. Ескере кететін мәселе, жас ерекшеліктеріне орай бұндай жеткіншектерді саралаған уақытта ең алдымен қоғамның мүшесі ретінде олардың тумысынан берілген адамгершілік қасиеттері мен өздеріне тән ерекшеліктері, жағымды және жат тұстары, олардың дамуындағы олқылықтар, мысалы психологиялық аспектісі бойынша да, құқықтық аспектісі бойынша толықтай қаралады. Бұл көп жағдайда соттар үшін маңызды. Өйткені қылмыстық құқықта көзделген жазаның мақсаты сол қылмыскер тұлғаны түзету, болашақта жасамау үшін алдын алу. Және де осындай жасы кәмелетке толмағандардың жеке тұлғасына қатысты ерекшеліктерін талдағанда екі бірдей жеткіншек болмайтындығын есте сақтаулары тиіс.

Психология ғылымының тұрғысынан алғанда әр индивидтің өзіне ғана тән болатын мінездерінің деңгейлері, жан дүниесінің өздеріне ғана тән тұстары болады. Сонымен кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық құқықта көзделген жауаптылық мәселелерін зерделегенде жас жеткіншектердің жас ерекшеліктері мен тіршілік иесі ретінде белгілеріне және сөзсіз психологиялық дербестіктеріне байланысты болады. Ата Заңымызға сәйкес бала, әке, ана мемлекеттің үнемі қорғауында болады деп көзделген.

Сол себепті кәмелет жасына жетпегендерді тәрбиелеу үшін мүмкін болатын барлық мүмкіншіліктер мен заңдылыққа сәйкес талаптар толықтай ескеріледі.

Қазіргі таңда көптеген бағдарламалар, оның ішінде жас жеткіншектердің құқықтарын қорғау бойынша қамқорлық таныту басты назарға алынып отыр. Бұл мемлекеттің таныған принциптеріне толықтай сайып келеді. Осыған байланысты қылмыстық құқықта қанша жерден жауаптылық жас жеткіншектерге көзделсе де, бәрібір де ересек адамдарға қойылғандай қатаң талаптарды қоя алмайды.

Иә, қылмыстық жазаның басты мақсаты түзеу болады деп есептесек те, кәмелет жасына толмағандарға қатысты олардың ойлау заңдылықтарын ескере отырып, дұрыс шешім қабылдау мақсатында сол қылмыстық жазаны қолданарда жеңілдіктердің тиімді тұстарына мән беру керек.

Сондықтан аталмыш құқықта жауаптылықты көздеудің екі типі, яғни жаза және тәрбиелік ықпал ету мақсатында мәжбүрлеу шараларына көзделген болатын.

Тағы бір айтатын мәселе, кәмелеттік жасқа толмағандар тек өздері емес үлкендердің ықпал етуімен де қоғамға жат әрекеттерді жасайды. Яғни үлкендер олар айдап салушылар, азғырушылар кейпінде көрініс табады. Осындай келеңсіздіктерді ескере отырып, тәжірибеде саралаған уақытта әртүрлі нұсқалық үлгілері қалыптастырылулары мүмкін. Осындай үлкендер мен жеткіншектер жасалған қылмыстары бойынша сот тәжірибесінде саралағанда бөліп әрі жете қарастыру керек. Ол өте маңызды фактор. Енді ғана бой түзеп келе жатқан жеткіншекті қарапайым тілмен айтқанда адами тұрғыдан сындыруға әкеледі.

Кәмелетке толмаған қылмыскер тұлғасының, жеке басының қалыптасу мәселесі – жасқа байланысты психологиядағы ең бір күрделі мәселе.

Сонымен қатар жат қылыққа барған және кінәсі бар жасөспірімнің жас шамасы мен психологиялық өзгешелігінің басты критерийлері ретінде жеке басы деп сенімдерін, мақсаттарын, қанағаттандыратын қажеттіліктерін және дүниетанымы деп өмірге деген философиялық көзқарасын, сонымен қатар адмгершілік қалпы деп әдеттерін танимыз.

Сот шешім шығармас бұрын аталмыш критерийлерді ескерумен қатар жазаның түрі мен мөлшеріне қатысты әртүрлі қозғалыс көрсеткіштерін назарға алуы тиіс.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сүйенетін болсақ, кәмелеттік жасқа жетпегендердің дамуына теріс әсерін беретін жауапты тұлғаларға, қоғамға қайшы әрекеттерді жасауға итермелейтін ересектерге құқық қорғау, оның ішінде ішкі істер органдары тарапынан бақылау мен жауапкершілікке тарту шаралары көзделетіндігі айқындалған.

Осы мақсатта жұмыс атқарып, алдарына қойған міндеттерді шешу үшін олар белгілі бір аумаққа жауапты маман жеткіншектердің ішінен қоғамға жат қылықтар көрсететіндерін анықтап, олардың ішінен атамандарын айқындап алады, оларды уытты заттарды қолдануға итермелейтіндерді анықтайды, жасы кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне заң нормаларын түсіндіреді, өскелең ұрпақ арасындағы қақтығыстарды болдырмау үшін алдын ала сақтық шараларын ұйымдастырады, кәмелеттік жасқа жетпегендердің ішінен қоғамға жат қылық көрсеткендерге дұрыс жол бағыттап, олардың ішінен де атамандарына ескерту шарасы ретінде жолын кесудің бірнеше бағыттарын қабылдайды.

Тәжірибеден аңғарғанымыздай жас жеткіншектердің бойында мен тәртіпсіздік танытып жатырмын, менің бұным дұрыс емес, борышым осы ғой деген секілді сезінулер жоқ. Өйткені осы шақта жастық дүрбелеңнің әсерінен өздерінің құмартушылық сезімдеріне ерік беріп кетеді. Яғни ішкі жан дүниесіне қажеттіліктерді қанағаттандыру орнына дүниелік қажеттіліктерге бой ұсынады.

Қазіргі уақытта сотталғандық дәрежесіне ие жеткіншектер мен құқықты бұзған жасөспірімдердің статистикалық көрсеткіштері баршаны алаңдатып отыр. Бұл жердегі уайым оларды жауаптылыққа тартқаннан кейінгі кезең. Өйткені ол жасөспірім үшін дұрыс шешім бе, әлде олардың әрімен қарай өштесуіне әкеліп соқтырмай ма деген секілді сан алуан сұрақтармен ойландырады. Құқықтары бұзылып жатқан жоқ па, бұл өзі дұрыс әрекет пе, шындығында жазаны қолданып оларды түзей аламыз ба деген күдікті сауалдарға әкеледі.

Дегенмен де біздің елде қылмыстылық әсіресе жасөспірімдерге қатысты бәсең алууда. Еліміздегі Ақтөбе, Алматы, Өскемен, Петропавл қалаларында тәрбиелеу колониялары, Алматы қаласында қосымша қыздарға арналған желілік бөлімше және бар.

Педагогика саласындағы ғалымдар мен тәжірибелі психологтардың еңбектерінен жасы кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал ету арқылы түзеуге болады деген түсініктерді көре аламыз. Яғни дұрыс бағыт беру, бірден басты назарға алу, қайшылықтар туындаса жолын кесу, осының бәріне шыдамдылық пен кәсібилікті таныту қажет деп есептейді. [39, 65 б]

Барлық көрсеткіштерді саралай келе, байқағаным көбінесе тіпті екі есеге көп деп айтсам да болады, қалалық жерде ауылмен салыстырғанда осындай жат қылықтар көбірек. Оған әсерін беретін факторларды қараған уақытта, мен мынадай тұжырымға келдім:

1. Отбасында комфортты атмосфераның болмауы, яғни жайсыздық. Ата-аналардың шектен тыс жұмысбастылығы, балаларға жеткілікті мөлшерде жылулықты сыйлай алмау.

2. Көптеген объектілердің, тіпті дүкендердегі шылым, ішімдіктің өзі де қала аумағында қылмысқа тартатын негіздердің көп екендігін аңғартады.

3. Халықтың көп шоғырлануына байланысты топпен жасауға бір қадам болсын мүмкіндіктің болуы.

4. Қаладағы кеңістіктің аумақтық құрылымы бойынша кеңдігінен бір жерден екінші жерге топтасуларды ұйымдастыра алулары.

5. Ауылдағы жеткіншектермен салыстырмалы тұрғыда алғанда қаланың жастары мейірімсіз, қатыгез болады.

6. Ауылдағы ұрпақ сияқты оларда көпшілдік қасиет жоқ, тек олар өзімнің пікірім деген ұстаныммен жүреді.

### **3 ЖАСЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ**

#### **3.1 Кәмелеттік жасқа жетпегендердің құқық бұзушылықтарының алдын алудың құқықтық тұрғыдағы аспектілері**

Кәмелетке толмағандардың құқықтық құқықтық қалпы – қоғамдағы әр адам иеленетін мүдделердің, бостандықтардың жиынтығы. Құқықтық жағдайларын ашу үшін заңнамадағы нормаларды толық талдау қажет боады. Талдау көрсетіп отырғандай жеткіншектердің қылмыстылығы мәселесінің алдын алуда Ата Заңымыздың маңызды төлқұжат екендігін білеміз.

Жас жеткіншектердің құқықтық жағдайларына талдау жасаған кезде негізгі төлқұжаттан өзге де жалпыға міндетті және таныған халықаралық құжаттарды да есепке аламыз. Маңызды деп Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелеттік жасқа толмағандардың сот төрелігіне қатысты ережелері, баланың мүдделерін қорғайтын Конвенция, балалардың жайлы өмірі мен алаңсыз дамуына септігін тигізетін Декларация, бас бостандығынан айырылған жеткіншектерге қатысты Ережелер. [11]

Елімізде бекітілген, растарлған халқаралық шарттармен қоса ұлттық заңнама тетіктерінің де өзіндік маңыздылықтары да бар. Олардың қатарына әкімшілік жауаптылықты көздейтін, қылмыстық жауапкершілікті танытатын бірқатар нормативтік құқықтық актілердің жүйесін айтуға болады. Иерархиялық тәртіппен құқықты бұзғанның алдын алатын шаралар жүйесі біріккен заңнамаларды атап өтуге болады.

Сот органдары үшін маңыздылығы жоғары Жоғары Соттың бірқатар құжаттары да бар. Себебі кейбір мәселелер бойынша заң нормаларына түсіндірмелердің қажеттілігі туады. Олардың қатарына жас жеткіншектерді жат қылықтарды жасауға тартқан соттың тәжірибесі, балаларды тәрбиелеу процесіндегі соттың қаулылары, арнайы айналысатын комиссия жадынамасы туралы, ішкі істер органдардың атқаратын іс қимылдарына қатысты нормативтік құжаттарды жатқыза аламыз. Бұлардың барлығы зорлыққа, зомбылыққа жол бермеудің, қайшылықтардың жолын кесуге ықпалын тигізетін құжаттар.

Қазақстан Республикасының заңнамасында кәмелетке толмағандарға қатысты нормалар қылмыстық жауаптылықты көздейтін қылмыстық заңнаманың алтыншы бөлігінде, кәмелет жасына толмаған сотталушылардың бас бостандықтарына қатысты жазаны өтеу өзгешеліктеріне қарасты қылмыстылық атқару заңының жиырма төртінші тарауында, кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты құқық бұзған бойынша процесті жүзеге асыруға бағытталған қылмыстық іс жүргізу заңнамасының елу алтыншы тарауларында реттелген.

Сонымен қатар шетелдік мемлекеттердің жас жеткіншектердің жауаптылықтарына қатысты Ресейдің, Украина мен Беларусь, Литва мен Швейцария, Болгария мемлекеттерінің Қылмыстық заңнамаларын атауға болады. Ең түйінді мәселе егер кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты ушыққан мәселелерді реттейміз десе, онда білікті мамандарды осы салада

даярлап қана қоймай, әркез біліктіліктерін арттырып отыруға да көңіл бөлген жөн. Және заңнамаға енгізілген толықтырулар, өзгертулер өзінің тәжірибеде қолдануда тиімді тұстарын бермесе, бірден өміршең нормалардың қатарына жатқызбауымыз керек. Тағы бір айтатын жағдай құқық қолдану тәжірибесіндегі бір сарынды практикумдарды жоққа шығарып, ұтымды әрі тиімді тұстарды енгізу керек.

Біздің елімізде жасы кәмелетке толмағандардың жас шамасы барлық заңнамада бірдей айқындалған. Яғни кәмелеттік жас деп он сегіз жасқа толу деп санаймыз. Біздің Республика алғашқыларының қатарында болып, халықаралық қағидаларды танып, Конвенция бойынша қабылдауды жүзеге асырды.

Халықаралық болсын, ұлттық болсын нормативтік құжаттарға сүйенсек, бала деп әлі де қамқорлық танытуымыз қажет, өспеген, жетілмеген, даму үстіндегі, жас шамасы бойынша да он сегіз жасқа жетпеген тұлғаларды тани аламыз. Бұл анықтамадан жасы кәмелеттік жасқа жетпегендердің құқықтары мен мүдделеріне өте жауаптылықпен қарап, қорғауымыз және құқықтық сана деңгейлерінің толысуыларына жағдай жасау қажет. [9]

Отбасылық мәселерге қатысты барлық әрекеттерді реттейтін заңнаманың қатарына неке мен отбасы жөніндегі заңнаманы айтуға болады. Аталмыш заңнамада некеге тұру тәртібі, бала деген кім, оның құқықтары қандай, міндеттер жүйесінің тізбегі, ата мен ананың бала алдындағы жауапкершілігі секілді барлық нормалар тізбеге жіті қарастырылған.

Қай халықаралық құжатты алсақ та, жас мөлшері он сегіз жасқа толмаған деп көздегенімен бәрібір де ұлттық заңнамада басқа норма көзделмесе деп сілтеме жасалады. Өйткені әр елдің өзіндік нормалық шегі бар. Ол әрине сол елдің басқару типінің бағыттарына байланысты қалыптасады. Осы тұста бірнеше елдеріне тоқталсам, мәселен он бес Сауд Арабиясы мен Индонезияда, он алты жас Вьетнам мен Пәкістанда, он жеті жас Тәжікстанда, он тоғыз жас Алжирде, жиырма жас Таиланд, Жапонияда, жиырма бір жас Египетте, Сингапурда.

Қазіргі кезде елімізде заң нормалары қатаюуда. Шамамен он жылдықты алатын болсақ қолданыстағы заңнамалар күшіне енген болатын. Атап өткеніміздей қылмыстық жауаптылыққа он алты немес он төрт жастан, әкімшілік жауаптылыққа он алты жастан бастап тартылады. Және де туған күні күні емес, келесі күні жасқа толу күні болып есептелетіні сот құжаттарында айқындалған.

Мейлінше ертерек жасты тану ақылға қонымсыз, өйткені психология ғылымының өкілі ретіндегі ғалымдар пікірін зерттеген кезде, мынадай анықтаманың дұрыстығына тоқталдым: неғұрлым ерте жасты бекітіп, әлі де ақыл есі, ойлау жүйесі бойынша да жетілмеген, тіпті физиологиялық тұрғыдан да толық қалыптаспаған балаға оң әсерін бере алмасы анық. [3, 57 б]

Сондықтан заң нормаларынан бұрын мораль нормаларына бет бұруымыз қажет деп санаймын. Заңнамалар жүйесінде кәмелет жасына жетпегендердің әрекетке қабілеттілік деңгейі Азаматтықта көрініс тапқан Онда толық әрекетке қабілетті деп жариялауға болатын нормалармен қатар жоқ деп тану, шектеу секілді немесе жас аралықтарына қарай әрекет қабілеттіліктерінің мазмұнын ашуға тоқталған.

Көршілес елімізді алатын болсақ, оларда қоғамдық қатерге ұшыраған

жасөспірім деп мүлдем қараусыз қалған, өмірі мен денсаулығына ашық қауіп төніп тұрған тұлға болып есептелінеді. Бұл тұста отбасының кері ықпалының тиімсіз әсерін байқаға болады. Сол үшін заңнамаға аражікті дөп айыруға болатындай дәлелді нормаларды ұсыну қажет.

Бала құқықтарын қорғау кепілі ретінде білім жөніндегі министр жыл сайын баяндама жасайды. Бұл баяндаманың маңыздылығы асқақ. Өйткені жалпы бала құқықтары мен ахуалы, жайы мен күйі туралы толық ақпараттандыру. Бала өмірінің негізгі бағыттары саналатын білім, тәрбие, мектеп, спорт секцияларының жұмыс бағдарламаларына назар аудару.

Жұмыспен қамту саласындағы өзекті мәселелерді көтеріп, жұмыссыз жасөспірімдердің бос уақтарының тиімділігін арттыру. Бір сөзбен айтқанда қалыпты өмір сүру жағдайларын енгізу бағытталады. Баланың мүдделерін қорғайтын омбудсмен ретінде уәкіл қазіргі таңда бірқатар дамыған елдерде де бар. Яғни бұл сұраныстан туындаған қажеттілік.

Зерттеп отырған диссертациялық жұмысыма орай кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстылықтың алдын алудың мақсат пен міндеттеріне келетін болсам: мақсаты құқыққа қайшы әрекеттердің туындауына әсер еткен себептерінің төмендеуіне, жас жеткіншектерді қараусыз қалдыруды, үйсіз қалуларын жою; ал осы мақсатты іске асыру үшін міндеттері жүйесіне ел болашағы деп қарайтын ұрпағымызға олардың мүдделері мен мәртебелерінің қорғалуына жағдай жасау, жанұядағы адамдар арасындағы үйлесім қатынастарды жүйеге келтіру, балалардың жағдайларын назарда ұстап, олардың қауіпсіз орталарда дамуына жағдай жасайтын, әрі оларға төнген қауіптен хабардар бола алатындай бағдарламаларды жасақтап, әр тарапқа ұғындыру, даулардан, жанжалдардан алшақ болу, туындаған жағдай да өзара татуластыру негізінде келісімге келу жолдарымен шешу, бас бостандығынан айыру орнына балама жазаларды қолдануды назарға алу және өзге де.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алуда оқу орындарындағы жүргізілетін құқықтық тәрбиенің, мәдениеттің, тәртіптің орны ерекше, маңыздылығы жоғары. Өйткені құқықтық сананы қалыптастыру білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Құқықтық сана – адам баласының құқық деген түсінікке қатысты қатынасын көрсететін ұғымдар мен сезімдердің, көзқарастар мен көңіл күйлердің, өз бағасын берудің жиынтығы түріндегі жалпы сананың ерекше нысаны.

Құқықтық сана – адам тұлғасының енді қабылданған заңдарға, оның нормаларына деген жағымды немесе жағымсыз пікірі. Осы тұрғыда жасөспірімдерге құқықтық санаға байланысты құқықтың қажеттігін түсіну және сезінуді, құқықты бағалауды ұғындыра алуымыз қажет. Ол өз кезегінде жас жеткіншектердің дұрыс пікірлерінің қалыптасып, дұрыс жолға сілтеулеріне көмегін бере алады.

Себебі құқықтық сананың өзі заңнама құрлымының дамыған жүйесін құрудың қажеттігін түсіну, қолданып жүрген нормативтік құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтыруларды енгізудің қажеттілігін түсіну, құқықты жүзеге асырудың нәтижелері мен процесін қабылдауды білдіреді. [59, 260 б]

Құқықтық сананың өзіне тән бірнеше ерекшеліктері де бар:

а) өмір шындықтарына деген пікір, яғни сол нақты өмірдегі әділеттілікті, еркіндікті, шынайылықты, татулықты, заңи түсінушілікті қабылдай алу;

ә) барлығына міндетті болып табылатын ережелердің нық орнығуы, әдетте бұл мемлекет тарапынан қамтамасыз етілетін ресми құжаттар негізінде көрініс табатын құқықтың қайнар көздерінің жүйесінің бір бөлшегі болып табылады; Өзінің атауы мен сипаттамасынан көрініс тауып тұрғандай баршаға орындауға тиіс міндеттелген жүйе. Егер бұл жүйеде ағаттық болса, онда салдары бар екендігін меңзейді;

б) құқыққа тән бе әлде жат па, құқық нормаларында көрініс тапқан ба әлде жоқ па, бұл өзі әділетті ме, әділетсіздік пе, адамдардың әрекеттеріне заң нормаларына лайықты ма, қайшы ма секілді норма деңгейлерін, яғни шекті тұстарын анықтайды;

в) құқықты жүзеге асыру жолында заңды, дұрыс шараларды талап етеді. Өйткені құқықтық мемлекет құрудың іргетасы да осы. Құқықтық мемлекетті лайықты қоғамның санауы үшін де әркез оның норма деп қабылдаған талаптарына бас иіп, құптауымыз қажет.

Құқықтық сананың функцияларының ішіндегі тану, түсіну қызметінің жасөспірімдерге, яғни жасы кәмелетке толмағандарға білім ордаларында (мектепте, колледжде, орта білім алу орындарында т.б.) құқыққа қатысты түсініктерді игеріп, жалпы алғанда заңға қатысты мәліметтерді қабылдауға өзінің ықтиярын тигізеді.

Осы орайда мектепте жүргізілетін құқық негіздері, сонымен қатар колледждерде мамандыққа бағдарлап оқыту бойынша білім беру бағдарламаларына сәйкес сауатты әрі біліктілігі сәйкес педагогтердің білім беруі маңызды рөл атқарады. Өйткені аталмыш диссертациялық жұмысымды зерттеу барысында мектептерде құқық негіздері пәнінен тарихшы педагогтердің дәріс беретіндіктеріне кезіктім.

Әрине педагог ретінде жалпы мәліметтерді ұғындыра алғанымен, тарихшы педагогтер заңгер біліктілігі бар педагогтерге қарағанда терең мазмұнда ұғындыра алмасы анық. Сондықтан осы мәселе тұрғысынан әлі жетілдіруді қажет етіп тұр деген ойға келдім. Мысалы мен заңгер ретінде тарих пәнінен оқытушы болыңыз десе, сірә бармас едім. Ол себебі бергі теорияны ұғындырғаныммен арғы тәжірибені жеткізе алмасым анық. Осы тұста бұл күрделі проблема және оны қайтадан қарау керек дер едім.

Осыдан кейін әр жасөспірімде бағалаушылық деген құқықтық сананың екінші қызметі туындайды. Бағалаушылық дұрыс тұрғыда жүзеге асырылуы үшін танымдық қызметінің алатын орны ерекше болмақ. Өйткені бағалаушылық функциясы – бұл жеке тұлғаның құқықтық өмірінің әрқилы жақтары мен көріністеріне құқықтық тәжірибе арқылы белгілі бір эмоционалдық қарым-қатынасын тудырады. Яғни кез келген пайда болған, туындаған айналадағы құбылыстарға оның реакциясы. Ол реакциядан сол құбылыстарды бағалай алу қабілеттілігі туындайды.

Кейіннен құқықтық көзқарастар мен құндылықты туындаттыратын реттеуші деген функциясы іске қосылады. Нәтижесінде жеке тұлғаның заңды

мәні бар қалыпта әрекет ету бағдарламасын тікелей өзінде пайда болатын құқықтық көзқарастарының жиынтығы қалыптасады. Бұл қызмет – құқықтық бағыттылық деп аталады.

Құқықтық тәртіп, мәдениеттен бұрын құқықтық сананың жасөспірімдер үшін де, жалпы қоғам үшін орны ерекше. Өйткені құқықтық санадан басқалар туындайды. Мысалы, құқықтық мәдениет, құқықтық тәртіп, құқықтық психология, құқықтық идеология және басқалары. Мазмұнына сәйкес білім беру орындарында кәсіби құқықтық сананы қалыптастыру басты міндет болып табылады. Ал субъектілеріне сәйкес жеке құқықтық сана мен топтық құқықтық сананы қалыптастыра алуымыз қажет. Соңында қоғамдық құқықтық сананың қалыптасуына түрткі боламыз.

Құқықтық мәдениетті тұлға бойына қалыптастыру арқылы, біз олардың заңдылықты сақтауларын, заң нормаларын жетік меңгеріп, құқықтық тұрғыда кәсіби деңгейде ойланып, шешім шығара алуларына бағыт бере аламыз. Дегенмен де қоғамдағы келеңсіз, құқыққа қарсы әрекеттер де орын алуда. Ол үшін тәрбие – тал бесіктен қағидасымен әлеуметтік ортаның бір тетігі ретінде білім ордаларындағы құқықтық тәрбиені, тәртіпті, мәдениетті естен шығармауымыз қажет.

Еліміздің тиімді даму сфералары тек ғана жас жеткіншектерді тәрбиелеумен, оқытумен, білім берумен, өмірге бейімдеумен емес, сонымен қатар оқуына да, білім алуына да, рухани тұрғыдан дамуына да, физикалық тұрғыдан қалыптасуына да әсерін тигізетін қолайлы ортасының болуына әбден байланысты.

Жасы кәмелетке жетпегендердің құқықты бұзушылықтарының алдын алу мәселесі қазіргі таңда тек оларды оқшаулап, қоғамнан жат ету деген сөз емес, керісінше оларға көмек беру, әлеуеттен ажыратпай, сол ортада жетілдіру арқылы оқу мен тәрбиені ұштастыру негізінде тиімді әдістерді қолдану. Өйткені оқшауланған сайын өзінің сезімдеріне ерік беріп, соңында ол жақсылыққа ұласпауы ықтимал.

Білім беру орталықтарында заңнамаға сәйкес те, моральдық тұрғыдан талаптарға сәйкес те балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеу, тәртіп орнату, олардың бойынша оң және сол тұстарын анықтап, қоғамға дұрыс бағытта бейімдеу деген талап тұр. Бұл жасы кәмелетке толмаған балалардың дұрыс тұлға болып қалыптасып, жаман әдеттер мен жат қылықтардан аулақ болуларына септігін тигізеді.

Әр білім алушының, яғни студент, оқушы бойынша тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ету нәтижесінде оң қорытындылар көзделеді. Бұл жалпы барлығына қатысты әрі жауапты қызмет. Нақты мақсат ретінде қарайтындай міндеттілік. Мақсат бар жер де талап пен міндет те бары анық.

Сондықтан да нәтижелі тұстарды көрсету үшін әрдайым құқықты бұзудың алдын алуға көңіл бөліп, нақты тұстарында жетілдіру жұмыстарына назар аудару керек. Сол себепті ешқашан да алдын алу шаралары бойынша мәселе өз құндылығын жоғалтпады.

Осы орайда диссертациялық жұмысымның объектісі ретінде өзімнің педагогикалық қызмет ететін орта – Каспий өңірінің көпсалалы жоғары

колледжін нысанаға алдым.

Қорыта айтатын болсам, барлық жүйе де, заң да, субъектілер де болғанымен комплексті тұрғыда жұмыс жасау әлсіз. Яғни бірігу деген жоқ. Бірімен бірі қолтықтасып жұмыс жасау деген әлсіздік танытып тұр. Тиісінше жұмыстар қарқынды ұйымдастырылмаған. Ол үшін педагог мәртебесін қалай көтеріп жатса, дәл солай бұл жүйеге қатысты құқықтық жағдайды қолға алу қажет. Әр жауапты субъектінің нақты жұмыстарды кешенді әрі жүйелі істеп жатыр ма, соған дұрыс бақылау жасау, есеп беру. Егер осал тұстарды анықтаса, жетілдіру тетіктерін іске қосы керек.

Үздіксіз жұмыстар жүргізу керек. Оған сабырлылық пен шыдамдылық таныту қажет. Сонда ғана ізгі ұрпақтың тәрбиеленуі үшін біріккен жұмыстың нәтижесін көре аламыз. Әр жауапты субъектінің адамшылығы ескерілуі тиіс, адами құндылықтарға ие субъекті ғана басқаға дұрыс бағытты ұсына алады, жаны ашиды. Бірден қалай алдын аламын деп емес, керісінше сол құлдыраушылық сезімге жеткізбейтіндей мәселелерді зерттеу қажет деп санаймын.

### **3.2 Шет мемлекеттердегі кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу жолдары**

Кәмелетке жасы толмағандар арасындағы құқықты бұзушылықдың алдын алудың мәселесі қоғамның бір бөлігі ретінде саяси немесе қаржылық проблемаларына қарамастан барлық мемлекеттер үшін өте маңызды және өзектілігі жоғары, өйткені ерте ме, кеш пе барлық мемлекеттер бұл проблемаға кезігеді. Қазақстандағы құқық қорғау органдарының профилактикалық қызметі сапалы әрі нәтижелі болсын десек, онда осы мәселе төңірегінде өзге елдердің тәжірибесін зерттеуіміздің қажеттілігі зор.

Қылмыстың алдын алу мәселелерін ден қойып отырған жерде тек ғана отандық құқық ғылымының салалары мен ұлттық заңнаманың даму тенденцияларын зерттеумен шектелмеуіміз керек, өйткені өзге елдің практикалық оң нәтижесімен байланыстыру, нақты қолданыста да маңызды болмақ.

Зерттеу жұмысымды жүргізе келе менің назарымды түсірген мәселе, ол көптеген елдерде осы қылмыс жөніндегі жағымсыз құбылысты зерттегенде сол елдің экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік бағыттарына қарау керек деген пікір болатын. Жасы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық проблемасы қоғамның теріс салдары. [52, 34 б]

Тәжірибелік тұстарына тоқтала келе, көптеген елдер кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау үшін әртүрлі жұмыс әдістерін қолданатынына көз жеткіздім. Кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу проблемасы біздің құзырлы органдар үшін де, шет елдіктер үшін де басымдылыққа ие. Салыстырмалы тұрғыда оң нәтижеге қол жеткізіп, практикада тиімді тұстарын қолдану мақсатында өз еліміздің және басқа елдің ұтымды шешімдеріне негізделген тәжірибелерін қолдануға болады деген көзқарасқа тоқталдым. Ол үшін талдау, талқылау секілді әдістерді

қолданып, үнемі зерттеуді жүзеге асыруым керек болады.

Өз диссертациялық жұмысымның практикалық аспектілеріне қол жеткізу үшін көп іздендім. Өйткені Еуропа елдерінде жасы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс туралы шаралар, деректер жалпы болмады, бірақ материалдарды ақпараттық, ғылыми және практикалық басылымдардың деректерінен алып пайдаландым.

Германияны алатын болсам, осы жасы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алатындай бірегей стратегиясын әзірлеген болатын. Бұл стратегия бойынша екі жағдай қалыптасқан, яғни біріншіден, тұлғаның қалыптасу процесі аяқталғаннан кейін өздігінен құқық бұзушылыққа бейімділік сыртқы әсерсіз жойылады, екіншіден, репрессиялық шаралар жағымсыз салдарға әкеледі.

Германияда жасы кәмелетке толмағандар арасындағы есірткіге, жыныстық сипаттағы қылмыстарына қатысты тергеу әрекеттерін жүргізу үшін арнайы комиссариаттар құрады. Бұл комиссариаттарға жасы кәмелетке толмағандардың кінәлі, куәгер, жәбірленуші ретіндегі істерін қарау міндеттілігі жүктелген. Кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты жұмысты үйлестіруді Қылмыстық іздестіру бөлімі жүзеге асырады. Бұл бөлімде тек кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты мәліметтерді біріктіретін, енгізетін ақпараттық базасы қарастырылған болатын. Енгізілген деректер қорындағы мәліметтер арқылы жасы кәмелетке толмағандардың не үшін қылмысқа барып, оған не әсер етті, қандай өзгешеліктері бар деген сұрақтар астарында зерттеуді жүзеге асырады. [23]

Зерттеу қорытындысы бойынша осы саладағы қызметкерлерді дайындау мен оқытуда, олардың деңгейлерін көтеруде және іскер маман ретінде қалыптастыруда қолданылады, яғни біліктілікті арттыру негізі ретінде қолға алынған.

Бременде кәмелетке толмағандармен айналысатын арнайы криминалдық полиция мен қауіпсіздік полициясы атты қызметтер бар. Олар өз міндеттеріне жүктелген функцияларын жалпы полиция және күзет полициясы деп өзара бөліседі. Күзет полициясы кәмелет жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға, ал қылмыстық полиция қылмыстық құқықты бұзушылықтарды тергеуге жауапты.

Гамбургте қылмыстық полиция бөлімінің құрамында кәмелеттікке толмағандар жасаған зорлық-зомбылық қылмыстарын тергеу үшін арнайы бөлімшесі бар. Гессен қаласында кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесумен айналысатын арнайы қызметтер қарастырылмаған, бірақ басты мақсат полиция қызметкерлерін оқыту, комиссариаттармен бірлесе отырып, жасөспірімдер жасаған қылмыстарды талдау болып табылады.

Дегенмен қазіргі уақытта осындай құрылымдық бөлімдері арқылы Батыс Берлинде кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен жұмысты ұйымдастырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу байқалды. Яғни құрылымдық бөлімшелері өз жұмыстарының нәтижелі көрінісін беріп жатыр. Кәмелетке жасы толмағандар жасаған құқық бұзушылықтар туралы келіп түскен барлық арыздар мен

хабарламалар бойынша шара қолдану үшін құқық қорғау органдарымен бірлесіп арнайы комиссариат құрылған болатын.

Зерттеулерден байқағанымыздай, өзге елдердің құқық қорғау органдарының нәтижелі жұмыстарын ұйымдастыру өзгешеліктері мен ерекшеліктерінен өз елімізде де қолдануға болатын тұстарын алып, тәжірибеге енгізуге болатынына көз жеткізе аламыз. Себебі талдау арқылы кәмелетке жасы толмағандар арасында құқықты бұзу фактілерін ашуға, алдын алуға оң нәтижесін береді деген ойдамын.

Жалпы осы Германия туралы ақпаратты қарастырған кезде кәмелет жасына толмағандарға қатысты мәселелерді реттейтін заңнаманың жетілдірілген негіздері бар деген тоқтамға келдім. 2016 жылы бұл ел заң үстемдігінің әлемдік индексінде алтыншы орынды иеленген. Балалардың жауапкершілігі туралы Қылмыстық кодексте және Германияның кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі сот төрелігі заңында қарастырылған.

Кәмелетке толмағандар туралы заңнама білім беруге, тағылымы мол тәрбиеге бағытталған. Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін әрекеттер тізімі көрсетілген. Кәмелетке толмаған қылмыскерді жазалау, яки жазаламау мәселесі тек сотта шешіледі. Бұл елде кәмелет жасына жетпегендердің жазалаудың түрлері ретінде тәрбиелік, түзеу, жазалар шараларын қолдануы ықтимал.

Көбінесе тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылады, дегенмен оның жеке тұлғасын ескереді және құқық бұзушылықтың сипатына қарайды. Тәрбиелік шаралардың ішіндегі Шлезвиг-Гольштейндегі жалғыз ғана кәмелетке толмағандарға арналған түзеу мекемесінің тәжірибесі қызықты болды. Көп жағдайда басым бағытты тәрбиелік сипаттағы шараларға береді, және де төрт күннен төрт аптаға дейінгі мерзімге тағайындалатын кінәлі жастарға кәмелеттік жасқа толмағандарды қамауда ұстауды қолданады.

Бұл жазалау шараларын әкімшілік те, қылмыстық та жауаптылықта болудың негізі ретінде қолдана береді. Олардың ойынша осындай жәй ғана жазалау шараларын қолдану жас жеткіншектерге теріс әрекеттерден бас тартуды көркем түрде көрсету болып табылады. Қоғамнан аз ғана уақытқа болсын оқшаулап, теріс әрекеттерді жасаудың алдын алуды көздейді. Өйткені олар теледидардан, интернеттен, телефоннан алшақтатылады. Сөйтіп ұстау режимінің талаптарына бағынады, сәйкесінше ұғынады деп есептейді.

Бұл жерде тәрбиелеуге алынған субъектілер топтарға бөлінеді. Топтарға бөлу кезінде жасаған қоғамға жат әрекеттерінің санаты мен ауырлығы дәрежелерін ескермейді, өйткені отбасындағы қолайсыздық, дұрыс емес қатынастардан туындаған әрекеттер болып табылады. Күн ұзаққа жасөспірімдер қыш шеберханасында, асханада, спорттық залда, кітапханада қол еңбегімен айналысады. Қол еңбегінен тыс уақытта сабақ оқиды. Түзеу мекемесінен айырмашылығы сол, бұл жерде жеткіншектерге міндеттеу, мәжбүрлеу емес, тек нақты қажетті деп табылатын талаптарды орындау үшін алғышарттар мен жағдайды туғызады. Яғни барлық әрекеттерге педагогтер де, тәрбиешілер де қатысып отырады. Одан басқа, таңғы жылы су қабылдау уақыттары қарастырылған.

Қанша жерден қатаң талаптарды бұзса да, жазалау шараларын қолданбай, тек сол жасөспірімге түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Алдымен не себеп әсер етті деп талқылайды, кейіннен дұрыс еместігін ұғындырады. Зерттей келе бұл жердегі мақсат жеке адам ретінде жасөспірімнің тұла бойына маңызды қасиеттерді дамыту екендігіне көзім жетті. Мәселен, шиеленістерді татуластықпен шешу жолдарын қарастыру, жолдағы қауіпсіздіктер белең алмау үшін алдын ала ержелері мен қағидаларын ұғындыру.

Тәжірибелік тұрғыдан зерттеу барысында Германияда кәмелеттік жасқа толмаған адам қанша жерден қоғамға жат қылық жасаса да, бірден жазалауға емес, ең бірінші сол тұлғаның жеке басына көңіл аударады. Кәмелет жасына толмаған адам құқық бұзып, жеке басын талдағанда ол бірінші есі дұрыс па әлде есі дұрыс емес пе деп талқылап алады. Бұл жерде тағы бір ой салған факт, он төрт жасқа дейін мүлдем қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Тек он төрт пен он сегіз аралығындағы жасөспірім ғана тартылады, оның өзінде де индивид өзінің әрекетінің мәнін ұғынуы тиіс және заңға қайшы екендігін білу керек. Сол кезде ғана жауапкершілік көзделеді.

Ал жастары он сегізге толған және жиырма жасқа дейінгі жеткіншектер үлкен адамдарға қолданылатын жауапкершілікпен жазаланады. Бұлар үшін жеңіл жазаның түрі қарастырылмаған десек те, өзіндік ерекшелігі де бар. Ол сол құқық бұзушының психикалық, моральдық жағдайларына қарай отырып, нақты теріс әрекет бойынша себептер мен динамикасы сол құқық бұзушыға тура келе ме екендігінен көрініс табады. Тек осы аспектілер дәлелденсе ғана ішінара жауаптылық негіздері тағайындалады. Көп жағдайда ақыл мен ойындағы кемістіктер он сегіз жастарында байқалады. Яғни әрекеттері, мінездері он сегізге жасқа толған адамның қылығы болып табылмайды.

Швейцарияның кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы мәселесі Конвенцияның ережелеріне тура келеді. Жасы он жастағы балалар да қылмыстық құқық бойынша жауаптылыққа тартылады. Баланың тағдырына қоғамға жат қылық жасағаннан кейін осы істерді қарайтын судьяға, әкімшілікке, жеке бағыттардағы мамандарға жүктеледі.

Кішкентай балалардың заңсыз әрекеттері тек сотта қаралады, ал істі қозғау үшін мұғалім, тәрбиеші, прокурор немесе басқа да адам кәмелетке толмағанның құқық бұзушылықтары туралы сотқа хабарлауға міндеттеледі. Өте орынды әрекеттердің негізі деп айта аламын. Себебі бұл жерде заңдық тұрғымен бірге жеткіншектің психологиялық аспектілерін ескере отырып, педагогтердің де қатысуына зор ықпал жасаланып отыр. Факті нақты расталған соң ғана судья тергеуді, тексеруді қолға алып, қажетті деген мекемелер мен органдарға хабарлама жібереді. Судья істі қарау барысында факт нақты отбасымен байланысты орын алған деп таныса, онда тек тәрбиелік ықпал ету шараларын ғана қолданады. Әрімен қарай орындау үшін әлеуметтік қызметкерлер мен өз өкілеттіліктері құзыретінде әкімшілікке жүктеледі. Бұндай жасөспірімдермен психологтар, психиатрлар жұмыс жасап, баяндама жасақтайды. Әлеуметтік тұрғыдан бара бере отырып, әр жеткіншектің психологиялық ахуалын басшылыққа алып жұмыс жасау әркез оң нәтижесін берері сөзсіз. [20, 278 б]

Баяндамаларды ұсынудың мерзімі болады, оны судья анықтайды, бірақ

жылына бір ақ рет жеткілікті деп танылады. Аталмыш мамандар жеткілікті ақпаратты жинаған соң, сол балаға қатысты бірлескен негізде құжатты біріктіреді де, судьяға ұсынады. Дәл осы сәтте тергеу әрекеттері аяқталып, сот талқылауына ұласады. Егер нашакорлыққа, ішімдікке тәуелді деп баланы таныса, онда судья психолог, психиатрлармен қатар арнайы медициналық көмек үшін жеке мекемелерге өтініш жасай алады.

Әбден емделген соң судья ол баланы үйіне қайтаруы мүмкін немесе белгілі бір дәрежеде ықпал ету шараларын қолдануы мүмкін. Ықпал ету шаралары көп жағдайда жеткіншектер үшін қауіпсіз әрі тәрбиелеудің оң ықпалы. Жалпы Швейцарияда жас жеткіншектерге қатысты істерді тараптарды өзара татуластырумен аяқтауды ұтымды шешім деп есептейді. Бурақ кей жағдайда бұл мүмкін емес деп танылса, онда жаза қолданылады. Бас бостандығынан айыру түріндегі ең ауыр жазалары көрініс табады. Кісі өлтірсе, зорласа, қарумен тонау орын алса ғана ең ауыр жазаны қолданады.

Дегенмен жасөспірімге қатысты бұл жазаны қолданудың мерзімі бір жылдан аспауы тиіс болып табылады. Кейде жарты бөлігін өтесе, мерзімінен бұрын босатуды да жүзеге асырады. Және ескеретін ерекшелік, Швейцарияда құқықты бұзған жасөспірімдерге қатысты түрме емес, түзеу негізіндегі тәрбиелік үйі деген ғана бар. Бұл үйде жиырма бес жасқа дейінгілер ғана ұсталу қарастырылған. Әр елдің өзіндік шараларды үйлестіруінен алатын тиімді тұстарын көре аламыз.

Швейцарияда жасөспірім құқық бұзушылардың өз жанұяларынан алшақтатуды дұрыс деп есептемейді. Көпшілік жағдайда қамаққа алу он төрт күнге дейін ұзартылады, жеткіншекті бір рет демалысқа жіберген кезде де ешқандай еріп жүрмей ақ еркіне жібереді. Сонымен қатар оларға білім беру жүйесі көзделген. Сол білімді игеріп, еңбек етеді. Табыстың бір бөлігін сол жасөспірімге, екінші бөлігін банктегі шоттағы аударады. Қанша жерден еріктілік сипатта көрініс тапса да, жасөспірімдер арасында қашып кету деген орын алып жатады.

2021 жылдағы Швейцарияның статистикасына жүгінсек, нақты қылмыстар екі пайызға, ал қылмыстық құқық бұзушылықтар он екі пайызға төмендетілген. Көбінесе пайызға шаққанда алпыс екі пайыздайы шартты түрде сотталған. Басқа бөлігіне түзеу жұмыстары көзделген. Қарап отырсам, бұл жақта да мүліктік сипаттағы және есірткіге қатысты құқық бұзушылықтар екен. Көп жағдайда есірткіге тәуелділікке қатысты қоғамға жат әрекеттерді жасағандарға оңалту шараларын жүргізеді немесе көп мөлшерде аыппұл төлеуге әкеп соқтырады. Өз елімізбен қатар салыстыра келе, ұқсастық барын байқадым. Себебі біздің елде де мүліктік сипаттағы құқықты бұзу негіздері көбінесе кезігеді. Сонымен қатар есірткіге тәуелділік, тіпті сату қызметтері бойынша да қызығушылықтарын барын байқадым.

Жапонияда кәмелетке жасы толмағандар арасындағы қылмысқа қарсы күрес оларға қатысты заңдармен және оларды қорғау заңдарына сәйкес реттеледі. Бұл жақта көбінесе он бес жас пен он сегіз жас аралығындағылар елу пайыздық үлесті алады. Ал ересектеу, яғни жиырма мен жиырма бір жас аралығындағылар тек он пайызды ғана құрайды. Жас ұлғая келе есеюмен қатар

ақыл толысуын байқауға болады. Бірақ барлығы түптеп келгенде санаға тікелей байланысты.

Жапонияның тәжірибесін зерттеген кезде қызықты факт ол қылмыстың орын алуының деңгейінің төмен болуы. Бұған сірә, репрессияға ұшырату әсер етсе керек. Ең алдымен айыппұл салынуымен шектелетін бірінші сатыдағы сот, кейіннен отбасылық соттар көрініс тапқан. Олар отбасылық болған соң осындай жасөспірімдерге қатысты істерді қарастырады. Жапонияда барлық ауданында дерлік күні және түні бойына қос полиция көліктері қызмет етеді, олардың біреуі тұрақты түрде жұмыс істейді, ал екіншілері ауысымдық негізде болады. [21]

Әдебиеттер мен деректерге сүйене отырып, анықтағаным бойынша бұл жақ қылмыссыз қоғамға бағытталған ел деп танылады екен. Зерттей келе, яғни қандай факторлардың әсерінен бұл орын алып тұр деп зерделегенімде, ойыма түйгенім ең алдымен ажырасу деген өте төмен, бір жанұяда бірнеше атадан тараған ұрпақтың бірлесуі, жалғыз ғана ұлт пен діннің болуы, теңдік саясатының ықпалы, жат объектілердің қатаң бақылауда болуы, мысалы, есірткі мен қаруды айтсам болады. Бұл елдің өзіндік ерекшеліктері тәжірибеге қосуға негіз боларлықтай. Әр елдің өзіндік тиімді әрі нәтижелі тұстарынан кішкене ғана бөлшектерді алып, өз еліміздің тиімді тұстарына жамасақ, болашағымыздың жарқындығы көрінеді.

Жапониядағы отбасылық соттардың құзыреттілігіне жасы кәмелетке толмағандарға қатысты әрекеттер, олардың мүдделерін қорғауға байланысты кешенділікті қарастыру жатады. Жіктеп айтар болсам, жасы кәмелетке толмаған жеткіншектерді қадағалау, қамқорлықтарына алу, мектеп жасында болса, оларды оқыту, отбасыларындағы қолайсыздықтар болса, олардықалпына келтіру. Жасы кәмелетке жетпегендердің ғана істейтін қарайтын отбасылық сот жалпы соттар жүйесіндегі дербестікке ие. Бұл сот тек он төрт жастан бастап, жиырма жасқа дейінгі жастардың әрекеттерін қарастырады. Дегенмен бір мәселе бар, жасы он алтыда болып, аса ауыр қылмыс жасаған болса, онда жалпы соттар қарауына беріледі.

Бұл отбасылық соттың атауынан белгілі бұл жерде әлеуметтік сауықтыру шаралары басымдылыққа ие, сондықтан барлық оңалту мекемелерімен тығыз қатынастар құрып, байланыста болады. Медициналық сипаттағы кеңес беру, ондағы бекітілген арнайы мамандардың болуы, ажырасу мәселесіне қатысты татуластыруға бағыттау мақсатындағы кеңесшілердің болуы айқын дәлел.

Отбасылық соттың құрылуының ғылыми негізі, ол баланы тұлға ретінде таниды және отбасындағы арнайы орны болуы қажет деп есептейді. Себебі бала қалыпты өмір сүру форматында жетілуі тиіс. Өйткені жасөспірімдерді тәрбиелеу үшін алдымен жанұя қажет. Басқа елдерді зерттегенімде, оларда жасөспірімдермен қатар жауапкершілікке ата-аналары да тартылатындығына қатысты материалдарды көзім шалды. [33, 38 б]

Еуропалық елдердің тәжірибесіне қатысты материалдарды қарастырған кезде, ең әуелі әке мен ананың жауапкершілігі деген пікірді аңғардым. Яғни балаға қатысты комплексті мәртебені тек әке мен ана иеленеді деген сөз. Қанша жерден әке мен ана балаға қатысты өздерінің басымдылығын көрсете аламын десе де, бәрібір де баланың мүдделері басым болады.

Зерттеу жұмысымды тереңінен қарастырған уақытта еуропалық мемлекеттердің ішінен айырмашылықтарды да байқадым. Мысалға айтатын болсам, Нидерландыда әке мен ананың жауапкершілігі деген баланы күту, бағу, тәрбие беру деп есептеледі. Қарапайым қайда өмір сүріп, қандай оқу орнына баратыны, есейе келе қаражаттары бойынша шешімдер де әке мен ананың назарында болады. Өйткені кей жағдайларда құқықтық тұрғыдан бала өздігінен шеше алмайтын мәселелер де болады.

Сонымен қатар бала он алты жасқа дейін толғанша жауаптылық негіздері де әке мен анаға жүктеледі. Қарапайым ақшаларынан басқа мүліктеріне де иелік ете алады. Әке мен ана он сегіз жасқан толып кетсе де, баласын жиырма бір жасқа дейін қамтамасыз етуге міндеттеледі. Бұл жауапкершіліктерді ала алмайтын десе, онда басқа жауаптыларды тағайындайды.

Бұл жағдайды қарастырған кезде екі бағытты ұсынады, оның біріншісі әке мен анасы уақытша шетелге кететін болса, онда балаға қамқоршы тағайындалады, ол үшін жақын туыстарға немесе достарға қолқа салады, ал екінші жағдайда әке мен ананың жауапкершілігін азайтуға әкелетін қадағалайтын бағыт болып табылады, бұнда осы балаларға қатысты істерді қарайтын судьяның қадағалауымен жүзеге асырылады. Яғни судья отбасылық тұрғыда қамқорлығын көрсететін органға міндетті жүктейді. Көбінесе баланың мүддесі немесе денсаулығы бұзылса, қолға алынатын бағыт болып табылады. Дұрыс түсіну үшін қоса айтарым бар, бұл жерде тек органдар әке мен анаға қолдау көрсетеді. Өйткені жалпы негізге сәйкес бала бәрібір отбасында болуы тиіс.

Енді Ұлыбританияға сипаттама беретін болсам, бұл жақта он төрт жасқа дейінгі балаларды жалғыз қалдырудың өзі қылмыс. Яғни жауапкершіліктің жоғары екендігін аңғартады. Балалар аш қалмау үшін, қаржылық тәуелсіздікте болулары үшін, зорлыққа ұшырамау мақсатында арнайы балаларды қорғайтын мемлекеттік агенттік құрылған. Америкада жасөспірімдердің қылмыстық әрекеті жалпы ұлтқа міндеттелген. Жіті назарда ұстап отырады.

Америкада мектеп кезінен бастап арнайы бағдарламалар енгізілген. Яғни оқушылармен сабақ жүргізу кезінен бастап, арнайы бағдарламаларға сүйене отырып, қолданбалы маңыздылыққа ие тәжірибелік бағыттарды үйретеді. Бұл жерде оқушыларға құқықтық сипатқа ие мәндерді ұғындыру. Бұл бағдарлама бойынша Америка азаматының құқықтары, мүдделері, міндеттері, жеке қауіпсіздік пен ұжымдық сақтық шаралары, құқық қорғау органдарының негізгі іске асыратын міндеттеріне қатысты бірқатар тақырыптар енгізілген. Бұл бағдарлама екі кезеңмен жүзеге асырылады. Екінші кезеңінде полицей қызметкерлерінің, педагог қызметкерлердің, әлеуметтік мамандардың, медбикелердің әрекеттеріне осы жасөспірімдерге қатысты зорлықтарды анықтау талабы қарастырылған. Баланың әлеуметтік тұрғыдан қарауға жауап беретін органдардың маңыздылығы өте жоғары, өйткені бұл жақта отбасында көбіне балаларға зорлық көрсету, оларды қараусыз қалдыру, комфортты жағдай жасамау фактілер анықталады екен.

Біз білетіндей федерациялық құрылымы бойынша бұл жақтың әр штатында балаларға қатысты өзіндік заңдары мен ережелері қарастырылған.

Егер балаға қауіп төнгені анықталса, тіпті басқа отбасының қамқорлығына бере салады. Сосын әкесі мен анасына бақылау жүйесі орнатылады. Және де психологтан міндетті түрде кеңес алулары тиіс. Егер бала басқа отбасыға берілсе, онда оған мемлекеттің тарапынан жәрдемақы төленеді. Басқа отбасыға ауыстыру мүмкіндігі болмаса, онда мемлекеттің қамқорлығына, яғни балалар үйлеріне тұруға тура келеді.

Бұл тақырыпты тереңнен зерделеген кезде, мынадай материалдардағы деректерді жадынама түйіп алдым. Мысалы Вирджиния-Бич штатында полиция кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстылығының алдын алу және ескерту бойынша қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында оларға қатысты арнайы тетіктері бар программа ұсынады. Бұл программа бойынша тіпті тоғыз жасқа толған балалардың да мүдделері қарастырылған. Өйткені психолог қызметкерлердің пікіріне сәйкес дәл осы шақта олар дербес болуға ұмтылады екен.

Бұл программа балаларды жалпы азаматтардың мәртебелерімен және құқық қорғау органдарының қызметтерімен таныстыру үшін жасақталған екен. Қосымша ұрлық, жеке қауіпсіздік, үйдің қауіпсіздігі, жасөспірімдерге қатысты құқықты бұзуы ықтимал әрекеттер де көрініс тапқан. Бұл программаны оқып болған соң тестпен білімдерін тексеріп отырады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін әр аптада екі рет бұл курсты өтулері міндеттеледі.

Бұл программаны толық меңгерген кезде ғана қоғамға жат әрекеттер тыйылады деп есептейді. Одан басқа Флорида штатында да құқық қорғау органдары құқықтық тәрбиенің өзегі ретінде әзірленген бағдарламалары бар. Аталмыш бағдарлама сегізінші және тоғызыншы сынып оқушыларынан бастап кәмелетке толмағандарды күнделікті өмірде қалыптасқан құнды қасиеттермен таныстырып, құқықты бұзушыға оның салдарының жақсы емес екендігін түсіндіру. Бұл бағдарламаға сәйкес жасы кәмелетке толмағандар ұрлық, тонау, қаңғыру, денсаулыққа зиян келтіру секілді заң нормаларын меңгереді.

Ендігі штат ретінде Лос-Анджелестің тәжірибесін алатын болсам, бұнда полиция қызметкерлері қастарына кәмелетке толмаған жастарды ертіп, кем деген он түзету мекемесіне апарып, келер кеселдің алдын алудың негізі деп түсінеді. Басты мақсат ретінде құқықты бұзуға бейімділігі жоғары жасы кәмелетке толмағанға психологиялық тұрғыдан әсер ету болып табылады. Бұл тәжірибенің тиімділігін біздің елде де қолданса, оң ықпалы болатын секілді. Жалпы көбінесе білім беру ордалары ішіндегі колледждер мен университеттер осындай шараларды жүзеге асырады. Бірақ бұл жерде органдардың жүзеге асырып, болашағымыздың жарқындығына алаң болса, сөзсіз көңіл қуантады.

Бұдан кейін нашақорлықпен емдеу мекемесіне апарады. Онда қалай емдеу әдістері жүзеге асырылатындығымен танысады. Сөйтіп болар келеңсіздіктің алдын алу ретінде санайды. Өз көзқарастық тұрғыдан қарасам, керемет нәтижелі құбылыс деп санаймын.

Беларусьтар кәмелет жасына толмағандардың қоғамға жат әрекеттерінің алдын алу үшін қадағалаусыз қалудың тетіктері, қолайсыз отбасылардағы жағдайлары атты заңдарды қабылдаған. Бізде заңнама жүйесі жақсы әрі бірізді. Дегенмен де қолайсыз отбасылардың негіздері, олардың жағдайлары мен

бұрмаланған тұстарын заң болмаса да, нұсқаулық негізінде қолға алу қажет деп есептеймін.

Жасөспірімдердің қоғамдағы жағымды істерге құлшыныс танытпаулары, отбасында қараусыз қалулары, олар үшін үйірмелердің көп жағдайда тегін болмауынан құқыққа қарсы әрекеттерге барады деп көптеген авторлар өз еңбектерінде қарастырған. Соңында осындай балалар қылмыстық топтардың оңай қоржындары ілініп кету қаупін тудырып отыр.

Сондықтан жұмыла іске кірісуіміз қажет. Яғни арнайы органдар, білім ордалары, бәрі де кешенді әрекеттерді байланысты тұрғыда жасай алулары қажет. Осы кезең ішіндегі зерттеу жұмысымнан байқағаным, ең бірінші сапалы білімді меңгерту қажет.

Кәмелет жасына жетпегендердің қылмысты бұзушылықтарының алдын алу үшін қорғау қызметін жүзеге асыратын комиссия, қорғаншы және қамқоршы органдар, білім беру органдары, денсаулықты нығайту мекемелері, әлеуметтік қолдау орталықтары бірлесіп жұмыс атқарады.

Ресейде жас жеткіншектердің құқық бұзушылықтарының алдын алу үшін заңнамалар жүйесі қарастырылған. Бұл елде де ең алдымен әлеуметтік сипат ерекше мәнге ие. Үкімет жанынан түрлі құрылымдық бөлімшелер өз салалары бойынша қызметтерін атқарады. Қоғамға бейімдеуді қажет ететін жасөспірімдер үшін әлеуметтік оңалту бойынша мекемелер, әлеуметтік үйлер, көмек көрсету орталықтары да жүйеге қойылған. [15]

Жеткіншектердің қылмыс мәселесіндегі алдын алу шаралары бойынша мамандандырылған және мамандандырылмаған деп бөледі. Бұл жерде мамандандырылған тұлғалардың басты артықшылығы құқықты бұзғандарға қарсы күрес жүргізу. Қатарына прокуратура мен полиция органдарын жатқызамыз. Бұл система бойынша полиция органдары жеке және жалпы әрекеттерді жүргізеді. Өз жұмыстарын нақты себептерді анықтап, не жағдайлар әсер еткендігінен бастап, қалай шектеуге болады деген сұрақтар төңірегінде жедел шешімдер қабылдаудан және жалпы ықпал ету шараларын жүзеге асырады.

Полиция органдары жеке өздері емес барлық органдармен, мекемелермен бірлесе қызмет атқарады. Тәуелсіз мемлекеттердің достастығы елдерінің көпшілігінде іске асыру механизмдері ұқсас болып келеді. [24]

Қорыта келе өз ойым мынадай пікірге сайып келді: әр елде ең алдымен жас жеткіншектердің құқықты бұзу істерін саралаған кезде әлеуметтік жағдайлары мен психологиялық сипаттарына мән беріп, барынша тәрбиелік ықпал ету шараларының тиімді тұстарын пайдалануды қолға алу қажет. Осыдан соң ғана тәрбиелік ықпал етудің шегіне бағынбаған жағдайда ғана жазалаудың түрлеріне көшуді жолға қою керек.

Талқылай келе, мынадай мақсаттар басты назарда болатындығына көз жеткіздім: жас жеткіншектердің арасындағы құқық бұзушылыққа қарсы әрекеттерді жүзеге асыруда тәрбиелік ықпал ету шараларына басымдылық беруіміз қажет, осыған байланысты өзгерістер негізінде Германияның тәжірибесін алсақ деген ойым бар; әке мен анаға, заңды өкілдерге деген жауапкершілік мәселесін қатайту. Шынайы өмірде әке мен анасы бірдей өмірден

өтіп, туыстарының ішінен де балаға қараймын деп одан бұрын байлыққа қызығатындары да бар.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмысым жасы кәмелетке толмағандардың қылмысқа бару себептері, оған әсер ететін факторлар, нақты өз аумағымдағы статистикалық көрсеткіштердің кестелері, басқа елдердің тәжірибесінің тиімді әрі ұтымды тұстары тұрғысынан зерттелді.

Отандық әдебиеттермен қоса өзге елдердің оқулықтарынан аударма негізінде мәліметтер қарастырылып, халықаралық мәліметтер де назарға алдым. Барлық мәліметтерді зерделей келе, қазіргі уақытта қылмыс жасауға ықпал ететін проблеманың болуы ол баланың өзіне қауіпсіз ортаның, отбасының болмауынан туындайтынына көзім жетті. Себебі қолайсыз ортаның өзі барлық сферада өзінің кесепат тұстарын береді.

Айта кететін болсам, мектепке оқуға бармауы мүмкін, енжарлыққа тап болуы ықтимал. Ештеңе қызықсыз болып, еңсесі түсіп, ақыр соңында алшақтық пайда болады. Соңында жат қылықтарды жасауға бет бұрады.

Сол себепті алдын алу үшін ең алдымен заңды қатаңдату, бірақ жәй ғана қатаңдату емес, сонымен бірге нақты жауапкершілікті арттырып, әр құрылымдық бөлімшенің жүйелі жұмыстарына назар аудару. Арнайы бақылау жүйесін орнату қажет. Көп жағдайда баланы қоғамдық ортадан оқшауламай, әлеуметтік көмекке жүгінуді қолға алу қажет. Комплексті жұмыс жасау дұрыс деп санаймын.

Білім ордалары да, арнайы мекемелер де, отбасылар да, органдар да бірлесе қызмет атқарулары тиіс. Сонда еңбек өзінің сөзсіз жемісін береді. Кешенді профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілген де ғана нәтижелі өзгерістер орын алары сөзсіз. Яғни бір жақты негізде қарап отырудың ешқандай пайдасы жоқ.

Сондықтан отбасы, білім беру орындары, мемлекеттік органдар әмбебаптық негізде бір-бірлерімен тығыз қарым-қатынаста интеграцияны құра отырып, жұмылу арқылы қызмет етуі қажет.

Қазіргі таңдағы жас жеткіншектердің мінездері мен сенімдеріне, өмірге деген көзқарастарына, араласқан орталарына, олардың өзіндік ойлау жүйелеріне жіті бақылау қажет. Әке мен ананың ажырасуы, ата мен әженің шектен тыс ықпалы сынды факторларды жою керек. Бала отбасында және әке мен ананың тәрбиесінде ғана болуы тиіс. Бір жүйеленген тәрбиені тал бесіктен алса, ата мен әже шектен тыс өбектемесе, бұл да баланың дұрыс өсуіне, жетілуіне ықпал етеді. Әке мен ана да өздерінің істеріне, жүрістеріне аса мән берулері қажет. Өйткені жас жеткіншек алдындағы ересекке қарап жетіледі. [16]

Өз жұмысымды қорытындылай келе, мынадай тұжырымға келдім: кәмелетке жасына толмағандардың қылмыс жасауына апаратын факторлар қатарына отбасындағы тәрбиенің бұрыстығы, ата-аналардың жат және бейәдеп дәстүрлері, ішімдікке салынулары мен ерегесулері жатады; кәмелеттік жасқа толмағандар көбіне мүліктік негіздегі құқықтарды бұзады, өйткені оларда материалдық құндылық жеткіліксіздеу, қаражаттың болмауы; жасы кәмелетке толмағандар көбі білім ордаларының білім алушылары, сол себепті полиция органдары мен білім орындары бірлесіп, ынтымақтастықта әрекеттерді атқаруы

тиіс, мысалы қонақ дәрістер өткізу, алдын алу бойынша семинар мен лекция сабақтарына қатысу, заң нормаларына талдау жасау сияқты тәжірибелік жұмыстар жүргізу; және де әдістемелік әзірленімдерді бірлесе дайындауды қолға алу қажет деп санаймын.

Осы орайда мектептерде өткізілетін құқық негіздері пәнінен мамандығы мен біліктілігі заңгерлікке сәйкес келетін оқытушыларының беруін басты назарға алу қажет. Өйткені сағат сандарының өте аз болуына, оның үстіне көпшілік мектептерде сыныптардың аз тобына байланысты, мардымсыз сағат үшін заңгер мамандарды алуды жөн санамай, тек тарих пәні оқытушыларына қосымша сағат іспеттес қосылып отыр. Сонымен қатар кейбір мектептерде оныншы сыныпқа келген уақытта таңдау пәні ретінде қарастырып, оқу бағдарламасынан алып та тастаған. Сонда Үкімет бекіткен бағдарламаға сәйкес, сірә, оқушылар құқықтық білімдерін арттыру тиіс іспеттес, ал төменгі топтардағы басшылықтар өз таңдауларына салып отыр деген сөз. Сондықтан да айтарым, үнемі әр процестің артында нақты назарға алатындай бақылау қызметі жүзеге асырылуы тиіс.

Әр білім ордаларында үнемі құқықтық тәрбиенің айқын көрінісі ретінде қонақ дәрістер, шаралар, акциялар, бағдарламалар өткізілуі тиіс. Және мұндай дүниелерді тек бір сарынды оқуға бағыттамау қажет. Тікелей тәжірибені мысалға алып, нақты тұстарды жете меңгерте алу керек. Әр істің нәтижелі көрінісіне үңілсек, тек әр адам өзінің адал тұрғыда жұмыс істеуіне көңіл аударуы тиіс.

Сөз соңын педагогтың берген анықтамасымен аяқтауды құп көріп отырмын, баланы тәрбиелеу ол өмірдегі құндылық, олар біздің болашағымыз, олар азамат болып өсулері тиіс. Тәрбие тал бесіктен екен деп, бірыңғай ана мен әкенің жауапкершіліктеріне ысырып тастау да дұрыс емес. Тек тәрбие ошағына айналған жанұяда жайлы жағдай болса болғаны. Жайлы жағдай тудырудың тағы да бір негізі ол сол отбасындағы тәрбиенің бірізділігінің болуы. Яғни ата мен әже өз орындарын біліп, ана мен әкенің беріп жатқан тәрбиелеріне барынша араласпау. Өйткені қос тәрбиенің кесапаты жақсылыққа апармасы анық көрініс.

Диссертациялық жұмысымның теориялық маңыздылығы мен тәжірибелік басымдылығы өте жоғары. Бұл диссертациялық жұмысымда қарастырылған мәліметтер оқу мен тәрбие процестерінде, білім беру ұйымдарында (мектеп, колледж) құқықтық білімдерін жетілдіру мен құқықтық тәрбие беруде қолдануға болады.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

3 Құлжақаева Р. Б. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы және оның алдын алу: оқу құралы / ҚР ПМ Б. Бейсенов атын. Қарағанды акад., 2014. – 86 б.

4 Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

5 Антонян Ю.М. Типология преступников и определение их классификационных признаков //Криминологическая классификация преступлений и преступников // Сб. статей. – М., 2016.–207с.

6 Алауханов Е.О. Криминологические проблемы предупреждения корыстно- насильственных преступлений/Ассоц. юрид. центр; М-во образования и науки РК - Санкт- Петербург: Юридический центр Пресс, 2015 - 280 с.

7 Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400>

8 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы// «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591>

9 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

10 «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11-сәуірдегі №6 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000006S>

11 Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер («Пекин ережелері») БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсан айында қабылданған. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O8500000002>

12 Орсаяева Р.А. Кәмелетке толмағандардың құқыққа қайшы әрекеттері жайында // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2016 жыл, 90 б.

13 Қонақбаева Г. Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі/Заң - 2017. - № 12. - 14-19 б

14 Молдамұратова А.Ы. Кәмелетке толмағандар арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары// Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. 2016 жыл, 14 б.

15 Федеральный закон «Об основах профилактики безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних» принят Государственной Думой 21 мая 1999 года. [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_23509/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_23509/)

16 «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271\\_/z100271\\_.htm](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271_/z100271_.htm)

17 Кашкина Е.В. Актуальные вопросы профилактики правонарушений, совершаемых несовершеннолетними // Административное и муниципальное право. 2008. № 4. С. 68-70.

18 Реан А.А. Асоциальное поведение несовершеннолетних как проблема психологии образования // Российский психологический журнал. 2005. № 3. С. 68-77.

19 Орсаяева Р.А. Кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алуда отбасының алатын орны/Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы - №2 (38) 2015ж. – 69 б.

20 Добрынина О. А. Ювенальная юстиция в Швейцария // Жас ғалым. – 2012. – №4. – С. 278-281.

21 Жапония Ұлттық полиция агенттігі сайтының деректері <https://www.npa.go.jp/>

22 Старков О. В. Криминология. Теориясы мен практикасы. 2-ші басылым. – М.: "Юрайт" баспасы, 2016, Б. 116.

23 Германия тәжірибесі. <http://www.saveafamily.eu/taxonomy/term/6/law>

24 Федеральный закон от 23 июня 2016 г. N 182-ФЗ "Об основах системы профилактики правонарушений в Российской Федерации. <https://rg.ru/documents/2016/06/28/profilaktika-dok.html>

25 Алауханов Е.О. Криминология: Оқулық - Алматы: Қазығұрт, 2006-164 б.

26 Предупреждение правонарушений несовершеннолетних/Колл. авт.– Алматы: Дайк-Пресс. 2007 - 476с

27 Сартаев С.А. Қазіргі даму үдерісіндегі кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктері: теориялық оқу құралы: монография. Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 168 бет

28 Каиржанов Е. Криминология. Общая часть: учебник/ Е. Каиржанов; Академия М-ва внутренних дел РК– 2-е изд. - Алматы: Өркениет, 2015. - 287с.

29 Каиржанов Е.И. Профилактика преступлений несовершеннолетних органами внутренних дел: Учебное пособие. – Караганда, 2016. –140 с.

30 А.Е. Копылова. Кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен панасыздық, құқық бұзушылық мәселелері бойынша әдістемелік құрал / Балалардың құқықтарын қорғау Комитеті; - Астана: Тау-Самал, 2016.- 328 бет

31 Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы / Әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті.- 2 бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 224 бет.

32 Чокморова А.С. Вовлечение несовершеннолетних в преступную деятельность (уголовно-правовые и криминологические аспекты): авто реф. дисс., канд.юрид.наук: 12.00.08.– Алматы, 2013. –24 с.

33 Морозов Н. А. Қазіргі Жапониядағы қылмыстылық және онымен күрес: Дис. заң ғыл.канд. – Владивосток, 2000.

34 Медеубек З.Т. Кәмелетке толмағандардың эмансипациясы түсінігі, оның құқықтық табиғаты мен материалдық-құқытық шарттары//Қазақстанның ғылыми әлемі. 2016 жыл, 398 б.

35 Ескендиров А.А. Проблемы исполнения уголовных наказаний в отношении несовершеннолетних осужденных: Дисс. канд. юрид. наук: 12.00.08. - Астана, 2012. – 130 с.

36 Алибеков С.Т. Абдрахманов Е.Н. Бегалиев К.А. Бегалиев А.А. Ескендиров; Предупреждение правонарушений несовершеннолетних/ - Алматы: Дайк -Пресс, 2016 - 472 с.

37 Алауханов Е.О. Профилактика преступлений: учеб. /Алматы: Заң әдебиеті, 2008 год, 374 с.

38 А.В.Наумов Цель профилактики преступлений несовершеннолетних // Государство и право - 2014. - № 2. - 21-24 б.

39 Сатыбалды Л. Формы вовлечения несовершеннолетних в преступную деятельность // Вестник Каз НУ им. Аль-Фараби – 2013 - №1 - 65- 69 б.

40 Садықова Ж.Б. Кәмелеттік жасқа толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы: Әлеуметтік педагогика / Садықова, Ж. Б. // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. 2013 жыл, 16 б.

41 Молдамұратова А.Ы. Кәмелетке толмағандар арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары: Әлеуметтік педагогика/2016 жыл, 14 б.

42 Қонақбаева Г. Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі. / Қонақбаева, Г. // Заң. - 2017. - № 12. - 14-19 б.

43 Орсаева Р.А. Кәмелетке толмағандардың құқыққа қайшы әрекеттері жайында / Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2016 жыл, 90 б.

44 Ағабекова Н.Ш. Кәмелетке толмағандардың қылмысқа баруының себептері және оған әсер ететін факторлар / Қазақстанның ғылыми әлемі. 2013 жыл, 265 б.

45 Жетписбаев Б.А. Генезис правонарушений несовершеннолетних и меры борьбы с ними. - Алматы, 2015. - 74 с

46 Серикбаева, Б. А. Кәмелетке толмағандардың қылмыстарын алдын- алу шаралары / Қазақстанның ғылыми әлемі. 2017 жыл, 317 б.

47 Садуақасова Қ.А. Кәмелетке толмағандардың психикалық жағдайы мен жас ерекшеліктеріне байланысты оларға тағайындалатын жаза түрлері /Қазақстанның ғылыми әлемі. 2015 жыл, 320 б.

48 Болатұлы Ф. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықпен күрес кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықты алдын алу негізі. Заңгер. 2016 жыл, 48 б.

49 Антонян Ю.М. Самовичев Е.Г. Неблагоприятные условия формирования личности в детстве. – М., 1993. С 27-28.

50 Акимжанов Т.К. Педагогические аспекты профилактики правонарушений среди несовершеннолетних // Правовая реформа в Казахстане, 2018 год. 51 стр.

51 Каиржанова Е.И. Криминология. Оқу құралы. Алматы, 2008 -194б.

52 Миндагулов А.Х. Профилактика преступлений: Учебник. – Алматы: NAS.2005

53 Шаяхметова Ж.Б. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы және оның алдын алу шаралары: монография/-Алматы: Қазақ университеті, 2017. -150 б.

54 Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Профилактика преступлений. Учебник. – Алматы, 2008.

55 Орсаяева Р.А. Кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алуда отбасының алатын орны (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттама) / Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. 2015 жыл, 73 б.

56 Жадыбаев С.Х. Правопорядок и поведение несовершеннолетних. Алма-ата. 1987. – с. 18

57 Нухов С. М. О некоторых особенностях профилактики преступлений среди несовершеннолетних / Правовая реформа в Казахстане, 2015 г, 104 стр.

58 Бабаев М.М. О комплексном подходе к предупреждению преступности /Криминология и уголовная политика: сб. ст./ Акад.наук СССР, Ин-т. Государства и права. М. – 1985.- с. 140

59 Наумов А.В. Қылмыстық құқық. – Астана, 2001. – 664 б.

60 Аванесов Г.А. Криминология и социальная профилактика. – М.,1980. – 526 б

61 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім). –Алматы: Жеті Жарғы. 2010 жыл, 87 б.

62 Абдиров Н.М. Бороться – значит предупреждать //Предупреждение преступности, 2000. №1 с. 26